Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және баға нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 402 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 маусымда № 17074 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 177 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 14.04.2026 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 64-бабының 19) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт нормалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған баға нормалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін .

2. "Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және мониторинг саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және бағалау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 124 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6990 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 10 тамызда № 358-359 (26753) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жарияланууға жатады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы *Р. Скляр*

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақтан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
_____ М. Әбілқасымова
2018 жылғы 30 мамыр
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақтан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
_____ Б. Атамқұлов
2018 жылғы 30 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2018 жылғы 29 мамырдағы
№ 402 бұйрығына
1-қосымша

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт нормалары 1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы дала жұмыстарына, жобалауға, дала жұмыстары алдындағы дайындық және пайдалы қазбаларды іздестірумен геологиялық түсіру жұмыстарына дайындық кезеңі жұмыстарын жүргізуге арналған уақыт нормалары (бұдан әрі – уақыт нормалары) Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу саласында геологиялық зерттеулерді орындайтын атқарушылардың еңбек шығындарынан және уақыт нормаларынан тұрады. Осы уақыт нормалары және еңбек шығындары республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын 1:200000 және 1:50000 масштабтарындағы геологиялық түсіру жұмыстары кешенінің объектілеріндегі жұмыстардың сметалық құнын айқындау үшін пайдаланылатын жеке дара және кешенді бағалауды айқындауға арналған.

2. Нормативтік көрсеткіштерді әзірлеу кезінде мынадай деректер мен материалдар пайдаланылған:

геологиялық мазмұндағы түсірілім жүргізу кезінде жеке операцияларды орындаудағы уақыт межелеудің деректері;

ұйымдастырушылық және технологиялық байланыстары ескеріле отырып, өңірлік геологиялық зерттеулер, геологиялық түсіру жұмыстарын сондай-ақ жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу жөніндегі тиісті нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқаулар;

сала ұйымдарындағы статистикалық зерттеулер және нақты деректер.

1-бөлім. Дала жұмыстарына, жобалауға, дала жұмыстары алдындағы дайындық және пайдалы қазбаларды іздестірумен геологиялық түсіру жұмыстарына дайындық кезеңі жұмыстарын жүргізуге арналған уақыт нормалары

1-тарау. Дайындық кезеңі және жобалау, дала жұмыстары алдындағы дайындық. Дала жұмыстары (аэровизуалды, жер үсті геологиялық, іздестіру-түсіру және іздестіру бағыттары)

1-параграф. Дайындық жұмыстарына арналған еңбек шығындары және уақыт нормалары

3. Осы параграфта дайындық жұмыстарына бірыңғай сметалық бағаларды есептеу үшін нормативті материалдар келтірілген:

1) зерттеу аумағы (объектісі) бойынша және аралас аумақтар бойынша қор, мұрағат және жарияланған материалдарды жинау;

2) ақпарат (қор, мұрағаттың және жарияланған материалдардан) дерек көздерінен алынған мәліметтерді жүйеге келтіру;

3) зерттеу аумағы (объектісі) және аралас аумақтар бойынша топтамалармен танысу;

4) аэросуреттерді (АС) және космосуреттерді (КС) алдын ала кешенді дешифрлау;

2-параграф. Зерттеу аумақтары (объектілері) және іргелес аумақтар бойынша қор, мұрағаттағы және жарияланған материалдарды жинау

4. Материалдар (ақпарат) қорлардан және мұрағат қойма кітапханалардан, аумақтық деректер базасынан немесе Интернеттің ашық материалдардан жиналадыы.

5. Жұмыс мазмұны. Дайындау – қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Тиісті құжаттарды қолдану үшін оларды алуға архив материалдарын ие ұйыммен келісім жүргізу. Картотекамен танысу. Бастапқы мәтіндік сипаттамалар, кестелер, графиктер, фото бейнелер, картографиялық материалдар (сұлбалық карталар, карталар, сұлбалар, тіліктер) түрінде ұсынылған қажетті ақпарат көздерінің тізімін құрастыру. Таңдап алынған ақпарат көздерін алуға тапсырыс рәсімдеу және оларды алу. Қажетті деректерді (немесе дискетте таңдап алынған файлдар көшірмесін жасау) жазып алу мақсатында ақпарат көздерін қарап шығу (алдын ала зерттеу); мәтінді, кестелерді , сызбаларды ксерокөшірмеге (фотосуретке түсіруге) тапсырыс ресімдеу немесе сызбаларды таңдау үшін көшірме жасау. Мәтін мен кестелерден (немесе дискетте таңдап алынған файлдарды сақтау) үзінділер жазып алу, сызбаларды таңдау немесе мәтіндерді, кестелерді және сызбаларды (картографиялық материалдарды) ксерокөшірмеден өткізу үшін тапсырыстарды ресімдеу. Қоймаға (кітапханаға) ақпарат көздерін тапсыру.

6. Еңбектің түпкілікті нәтижесі негізінде мәтінді және кестені жазбаша тасығыштардан жазып алу немесе жиналған ақпаратты электронды тасығыштарда сақтау арқылы ақпарат жинау, сызбаларды (картографиялық материалдарды) таңдау, мәтінді, кестелерді, сызбалардың ксерокөшірмесін жасау немесе фотосуретке түсіру тапсырмаларын ресімдеу нормалары белгіленген.

7. Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының үлестік қатысуымен ақпарат жинауды бір геолог (гидрогеологпен және т.б.) жүргізеді, ол тиісті дайындық – қорытынды операцияларға және жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты және материалдарды пайдалану үшін тиісті құжаттарды алу үшін мұрағат материалдарын ие ұйымдардың келісімі бойынша операцияларға енгізілген.

8. Нормаларға белгіленген өлшеуіштермен келесіде қабылданған:

мәтінді жазып алу арқылы ақпарат жинау кезінде – орташа 15 бет үзіндісі бар мәтіннің машинкда жазу беттерінің (парақ көлемі 297х210 мм) 100 қалыпты толтырылған мөлшері;

сол сияқты, кестелер – орташа 10 бет үзіндісі бар әр кестеде 20 маңызды жолы бар және 10 толтырылған бағандары бар орташа сан мөлшерінде 100 бет;

мәтінді, кестелерді, сызбаларды ксерокөшіру (суретке түсіру) тапсырмаларын ресімдеу жолымен ақпаратты жинағанда – белгіленген нысан бланкісінде 100 тапсырма;

электронды түрде мәтіндік немесе кестелік ақпаратты жинағанда – Times New Roman қаріпімен 100 қалыпты толтырылған мәтін парақтары, өлшемі 14 электронды тасығышта орташа 15 бет сақтаумен;

суреттерді, сызбаларды, фото суреттерді А4 форматындағы ауыстырмалы электронды тасымалдағышқа сканерлеу үшін таңдағанда – 100 қаралған графикалық бейнелер;

Интернет желісінен материлдар таңдағанда – 100 қаралған беттер, электронды тасымалдағышқа орташа 10 бетті сақтаумен.

9. Барлық амалдармен ақпаратты жинаудың уақыт мөлшерлері жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және баға нормаларының (бұдан әрі – уақыт және баға нормалары) 2 қосымшасына сәйкес 16 кестеде көрсетілген.

10. Негізгі жұмыс орындаушысы геологтың (гидрогеологтың және т.б.) еңбек шығындары (адам - ауысымда) – сан жағынан ақпаратты жинау уақытының мөлшерлемелеріне тең уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 16 кестеде. Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының еңбек шығындары - қабылданған өлшеуішке 0,04 адам – ауысым құрайды.

11. Қабылданған өлшеуіш мәндерінен ауытқыған жағдайда уақыт мөлшерлері (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 16 кесте) және негізгі орындаушының еңбек шығындары (К) коэффициенттерімен түзетіледі. Жазып алынатын беттердің сан мөлшері мәтін мен кесте қабылданған өлшеуіштен 100 бетке көп болған жағдайларда мөлшерлеменің әр 20 пайызына К=1,15 көбейтіледі, жазып алынатын өлшеуіште қабылданған сан мөлшерден аз болған жағдайда төмендетілген коэффициент К=0,85 қолданылады. Отряд басшысының еңбек шығындарын есептегенде коэффициент қолданылмайды.

3-параграф. Ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді жүйеге келтіру

12. Мәліметтерді жүйеге келтіру электронды картотекаларда жүргізіледі, олар картотеканы құрастыру негізіне салынған бір белгі бойынша объект ақпараттарын сақтауға, келістіруге, топтастыруға, сұрыптауға (іздеуге) және беруге жағдай жасайды. Электронды картотекадағы әр жазба тек бір ақпарат объектісіне (далалық, зертхана құжаттамасы, сызбалар және т.с.с.) сәйкес келеді. Электронды картотекаға ақпарат енгізу компьютерге алдын – ала дайындалған тіркелетін құжаттарын, олардың ксеро – немесе фото көшірмелерін енгізу

жолымен жүзеге асырылады. Деректердің максимал толықтығымен ерекшеленетін тірек сипаттамалар ғана көшіріледі.

13. Жұмыс құрамы. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Әр ақпарат объектісі үшін жеке көрсеткіштердің міндетті минимумын іріктеу. Электронды картотекада ақпаратты орналастыру тәртібін жасап шығару. Электронды картотекаға ақпарат енгізу. Егер ол қажет болса қолданыстағы ақпаратты ықшамдау. Электронды картотеканы сұрыптау. Мұрағаттық файлды ауыспалы электронды тасымалдауышқа жазу.

14. Мәліметтерді жүйеге келтіру геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының үлестік қатысуымен бір техник – геологпен (техник – гидрогеологпен және т.б.) орыналады, ол сәйкес дайындау – қорытынды опреацияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

15. Мөлшерлемелер мөлшерлеу объектісінен (мәтіндік сипаттамалар, кестелер, сызбалар) тәуелді орнатылған. Осының салдарынан мөлшерлемелер орнатылған өлшеуішпен өлшемі 207*147 мм 100 карточка қабылданған.

16. Негізгі жұмыс орындаушысы - техник - геологтың (техник - гидрогеологтың және т.б.) еңбек шығындары (адам - кезеңде) – сан жағынан мәліметтерді жүйеге келтірудің уақыт мөлшерлеріне тең (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 17 кестеде). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының еңбек шығындары - қабылданған өлшеуішке 0,05 адам –ауысым құрайды.

4-параграф. Зерттеу аумақтары (объектілері) және іргелес аумақтар бойынша топтамалармен танысу

17. Бөлімшеде орындаушылардың петрографиялық және минералогиялық топтамалармен, органикалық қалдықтар қазбаларының топтамаларымен және пайдалы қазбалар үлгілерімен, гербаримен танысуға мөлшерлемелер келтірілген.

18. Топтамалармен танысу мұражайларда немесе осы материалдар сәйкес түрде жүйеге келтірілген өзге қоймаларда өндіріледі.

19. Жұмыс құрамы. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Әкімшіліктен топтамалармен танысуға рұқсат алу. Топтамаларды орналастыру (сақтау) және іздеу жүйесімен танысу. Қажетті топтамаларды іздеу. Сөре ұяшықтарынан қажетті үлгілері бар жәшіктерді шығарып алу. Үлгілермен жеке танысу, соның ішінде үлгілердің атауларын және оларды жинау мекен – жайларын жазып алуды қоса. Үлгілері бар жәшіктерді сөре (шкаф) ұяшықтарына орнату.

20. Уақыт мөлшері бір орындаушыға (партия басшысы, отряд басшысы, геолог, гидрогеолог және т.б.) орнатылған және 18 кестеде (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес) көрсетілген.

21. Бір жұмыс орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысымда) – сан жағынан топтамамен танысудың уақыт мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес, 18 кесте).

5-параграф. АС және КС алдын – ала кешенді дешифрлау

22. Кешенді дешифрлау деп АС және КС құрамын геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, инженерлі-геологиялық, геоэкологиялық мағынасын ашу болып түсіндіріледі. Алдын – ала дешифрлаудың барлық материалдары бір түрлі аудандық геологиялық – құрылымдық объектілердің, жарылу аймағы, метасоматоз аумақтарының, желілік пайда болулар, геофизикалық, геохимиялық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық, геоэкологиялық өзгерістердің болжамды дала белгілеу участкелерін таңдау, сонымен бірге тау – кен қазбаларының, бөлшекті зерттеу участкелерінің орналасу нүктелерін таңдау, жердегі және әуедесантты бағдарларды нақтылау үшін көмекші негіз болып табылады.

23. Бөлімшеде аэро таспаға түсіру суреттерінің, аэрофотосұлбалардың және космостық таспаға түсіру материалдарының байланыс іздерін алдын – ала кешенді дешифрлауға мөлшерлемелер берілген, олардың нәтижелері басты түрде ГБЖ жобалау процесінде пайдаланылады. Дала және АКТМ қорытынды дешифрирлауы дала зерттеу жұмыстарын жүргізгенде және материалдарды камералды өңдегенде Жұмыс құрамына кіргізілген, және сондықтан жеке дара мөлшерленбейді.

24. Мөлшерлер келесі шартпен орындалғанда орнатылады; байланыс іздері ақ – қара нұсқада жартылай жылтыр фотоқағазда орындалған, жеткілікті рееңді, бойында техникалық ақаулықтар жоқ; АКТМ жүйеге келтірілген.

25. Жұмыс құрамы (айналы – линзалы стереоскопты пайдаланумен). Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Топографиялық картаға суреттерді жалғау. Суреттерге (қалыпқа салу) қажетті бұрын өткізілген зерттеулердің бастапқы жердегі нақты материалын жалғау. Суреттердің контурлы және құрылымды дешифрирлануы. Фотобейненің бөлініп көрсетілген суреттерін зерттеу. Дешифрлаудың барлық мүмкін болатын объектілерін белгілеумен суреттерді егжей – тегжей дешифрирлау. Дешифрлауға келмейтін контурларды (объектілерді) айқындау. Жеке дара суреттер мен стереосуретөлшеуіш құралдар бойынша өлшеуіш дешифрирлау. Аңызы бар аэросуреттер мен космосуреттердің алдын – ала кешенді дешифрлауының картасын құрастыру. Әр түрлі қашықтық суреттерінің

және әр түрлі уақытта жасалған суреттердің дешифрлау деректерін, сонымен қатар бұрын жасалған геологиялық таспаға түсіру жұмыстарының нақты геологиялық материалдарымен салыстыру. Жүргізілетін жұмыстар масштабында аэросуреттердің дешифрлау деректерінің геологиялық түрлендіру, алдын – ала дайындалған картасын құрастыру.

26. Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының үлестік қатысуымен суреттерді алдын – ала дешифрлау бір геологпен (гидрогеологпен және т.б.) жүргізіледі, ол сәйкес дайындау – қорытынды опреацияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

27. Мөлшерлеме материалдары уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 19 және 19 – 1 кестелерде ұсынылған.

28. Суреттердің бойлық және көлденең жабылуларын ескере отырып, дешифрлауға жататын аудан суреттердің қосынды ауданының 50 пайыздық өлшемінде қабылданады.

29. Сол АС және КС қосымша алдын – ала дешифрлағанда, олар түрі түсті спектроаумақтық, көпаумақтық немесе синтезделген нұсқаларда орындалған, уақыт мөлшерлемелері (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 19 кестеде) 15 % ұлғаяды.

30. Аэробиіктіктік және космостық суреттерді (жергілікті жерде жоғары рұқсат етілгендікке ие болатын) дешифрлауды орындаған жағдайларда және уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 19 кестеде көрсетілген көп есе үлкейтетін құралдарды пайдаланғанда мөлшерлемелерге келесі түзету коэффициенттер қолданылады: 1:100 000-1:200 000 масштабтағы суреттер үшін К=1,5; 1:1000 000 масштабтағы суреттер үшін К=2,0.

31. АС және КС алдын – ала кешенді дешифрлау бойынша негізгі жұмыс орындаушысы – I дәрежелі геологтың (гидрогеологтың және т.б.) еңбек шығындары (адам - кезеңде) – сан жағынан осы жұмысты орындаудың уақыт мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 19 және 19,1 кестелерде). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд басшысының еңбек шығындары - 0,01 адам –ауысым құрайды.

6-параграф. Жұмыстарды жобалауға уақыт мөлшері және еңбек шығындары

32. Жобалау – ғылыми - өндірістік жұмыс, оның нәтижесі жоба және смета болып табылады, оны құрастыру құны сметалық – қаржылық есептермен (СҚЕ) анықталады.

33. Жоба – құжат, ол нақты жұмыстар қойылымын, олардың тізімін және көлемін, әдістемесін (технологиясын) және өткізудің техникалық шарттарын

дәлелдейді. Ол алынған нәтижелерге тәуелді нақтылануы (толықтырылуы) және өзгертілуі мүмкін. Алайда жобаны құрастыру негізі алдын – ала дайындау жұмыстарының материалдары болып табылады.

Жобаны әзірлеу келесілерден тұрады:

жобаның графикалық бөлігін құрастыру;

жобаның мәтіндік бөлігін құрастыру;

жобаны мекеменің (кәсіпорынның) ғылыми – техникалық немесе ғылыми кеңесі мәжілісінде қарастырғанда және сараптамадан кейін қабылданған ұсыныстары бойынша түзетулер мен өзгертулер енгізу.

34. Бөлімшеде жобаның тек графикалық және мәтіндік бөліктерін құрастыруға ғана нормативті материалдар келтіріледі. Жобаға түзетулер мен өзгертулер енгізу бойынша жұмыстың сметалық құны СҚЕ анықталады.

7-параграф. Жобаның графикалық бөлігін құрастыру

35. Нормативті материалдармен геологиялық құрамы бар таспаға түсірулерге және пайдалы қазбаларды іздеулерге жобаның графикалық бөлігін құрастыу қамтылған.

36. Жобаланатын жұмыстардың алуан түрлілігіне тәуелді жобалардың графикалық бөлігі белгілі сызбалар топтамасымен ұсынылады, олардың тізімі және орындаушылары уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 20 кестеде көрсетілген.

37. Уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 20 кестеде атап көрсетілген сызбаларды құрастыру геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия басшысының үлестік қатысуымен орындалады, ол сәйкес дайындау – қорытынды опреацияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

38. Уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 20 кестедегі № 1-4, 20 сызбалары дайын бланкті негізде; № 5-10, 12-16, 19 – жұмыс масштабында дайын топографиялық негізде; № 11 – 1:50 000 масштабтағы бір топографиялық парақ шеңберінде жұмыстар масштабында дайын топографиялық негізде; № 17, 18, 21, 22 – миллиметр өлшеуіште құрастырылады.

39. Жұмыс құрамы (сызба түрлеріне тәуелсіз). Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Жинақталған және жүйеге келтірілген ақпарат көздерін зерттеу және талдау, соның ішінде қажетті ақпаратты таңдап алған және жалпылама қажеттілігімен зерттеу аумақтары (объектілері) және бөлек аумақтар бойынша дешифрланған аэро, космо суреттер (АКТМ) материалдарын қоса. Шартты белгілеулерді жобалау (оған АКТМ алдын – ала кешенді дешифрлау сұлбаларын құрастыру жатпайды). Құрастырылып жатқан сызбаға қарындашпен сәйкес жүктемеде,

шартты белгілермен бейнеленетін әрі қарай оны тушпен жұмыс сызуына бекітумен белгілер салу. Негізгі белгілерді қоса тушьпен жұмыс сызуымен жақтаулар және жақтаудан тыс рәсімдеуді салу. Түрлі – түсті қарындаштармен сызбаны бояу (қажет болған жағдайда).

40. Алдын – ала дайындалған карталарды (геологиялық, гидрогеологиялық, инженерлі – геологиялық) құрастырғанда жұмыс құрамына қосымша келесілер қосылады: жұмыстар масштабына келтірілген бұрын орындалған түсірілімдердің карталарын монтаждау; АКТМ дешифрлау нәтижелерін және геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) деректерді ескере отырып геофизикалық материалдарды қайта түрлендіру; алдыңғы геохимиялық жұмыстар материалдарын қайта түрлендіру; бір геологиялық (гидрогеологиялық, инженерлі – геологиялық) тілікті құрастыру және жұмыс сызуымен, тушьпен сызу.

41. АКТМ алдын – ала дайындалған кешенді дешифрлау сұлбасын құрастырғанда 60 т. көрсетілгендерге қосымша келесілер енгізіледі: шартты белгілердің жүйесін нақтылау және толықтыру, жеке дара суреттердің алдын – ала дешифрлау нәтижелерін жалпылау, соның ішінде дешифрлау нәтижелерінің байланыстарын қоса.

42. Мөлшерлемелермен жобаланатын жұмыстардың алуан түрлілігі міндетті алдын – ала болатын зерттеулер материалдарымен қамтамасыз етілген және қолданыстағы әдістемелік нормативті құжаттармен ретке келтірілген геофизикалық және геохимиялық жұмыстармен еріп жүргізіледі.

43. Мөлшерлер орнатылған өлшеуіштермен келесілер қабылданған:

№, № 1-4, 20, 21 (уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес, 20 кесте, 1 бөлік) сызбаларын құрастырғанда – 15*20 см (3,0 дм2) өлшеміндегі 1 сызба;

№, № 5-7, 9-16, 19 сызбаларын құрастырғанда – карта (сұлба) құрастырылатын топографиялық негіздің 1 тізімдеме парағына сәйкес келетін аудан бойынша 1 сызба;

№ 8 сызбасын құрастырғанда – зерттеу аумағының 10 км2 жұмыстар масштабында 1 сызба;

№ 17, 18 сызбаларын құрастырғанда – 15*30 см (4,5 дм2) өлшеміндегі 1 сызба ;

№ 22 сызбасын құрастырған – 10*15 см (1,5 дм2) өлшеміндегі 1 сызба;

44. Жобалардың графикалық бөліктерін құрасыруға мөлшерлемелер уақыт және баға нормаларының 2 қосымшасына сәйкес 21-45 кестелерде ұсынылған және тек бір жоба бойынша орындалатын жобаланатын жұмыстардың әр біреуі үшін алуан түрлілігімен қол жетімді.

45. Шолу картасын құрастыруға уақыт мөлшерлемесі (3,0 дм2 өлшеміндегі № 1 бір сызба) 0,81 ауысымға тең.

46. 1:1 000 000 масштабында зерттеліп жатқан пайдалы қазбаның (кендік пішіннің) тікелей белгілерін тіркеу картасын құрастыруға уақыт мөлшерлері - № 11 бір сызбаның (1 номенклатуралық парағы) – пайдалы қазбалардың тіркеу картасын құрастыруға кететін уақыт мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 29 кесте).

47. Топонегіздің бір тізімдеме парағында АГӘҚЗ немесе АГГӘҚЗ жобалауда №19 сызбаны құрастыру үшін 0,92 АГӘҚЗ және 0,86 АГГӘҚЗ коэффциенттерімен уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 38 - 40 кестелерінде көрсетілген уақыт мөлшерлемелері пайдаланылады. Геологиялық немесе гидрогеологиялық партия басшысының еңбек шығындары өзгермейді.

48. Топонегіздің бірнеше тізімдеме парағында ГТ,ГГТ, АГӘҚЗ, ТГГТ немесе АГГӘҚЗ жобалау жағдайында №№ 6, 7, 10, 12-16, 19 сызбаларды құрастыру үшін 68 т. баяндалғандарды ескере отырып 24-27, 30, 31, 33-35,

38-40 кестелерінен уақыт мөлшерлемелері алынады, олар түзету коэффициенттеріне көбейтіледі (уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 42 кесте). Геологиялық немесе гидрогеологиялық партия басшысының еңбек шығындарын есептегенде уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 42 кестеде көрсетілген коэффициенттер қолданылмайды.

49. Нақты сызбаны құрастыру бойынша (уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 20 кестені қараңыз) негізгі жұмыс орындаушысының еңбек шығындары (адам - ауысымда) – сан жағынан осы сызбаны құрастыруға уақыт мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 3 қосымшасына сәйкес 21 – 45 кестелер, 65, 66 т.). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия басшысының еңбек шығындары 0,04 адам -ауысымды құрайды.

Параграф 8. Жобаның мәтіндік бөлігін құрастыру

50. Бөлімшеге геологиялық құрамы бар тісірілімдерді және пайдалы қазбаларды іздеуді жүргізуге жобалардың мәтіндік бөлігін құрастыруға нормативті материалдар кіргізілген.

51. ГБЖ кез келген түрін жүргізуге жобалардың мәтіндік бөлігі келесі бөлімдерден тұрады: зерттеу аумағының (объектісінің) геологиялық – экономикалық сипаттамасы; бұрын өткізілген зерттеу жұмыстарын шолу, талдау және бағалау; геологиялық, зерттеу аумағының (объектісінің) гидрогеологиялық, геохимиялық және геофизикалық сипаттамасы; жобаланатын жұмыстардың әдістемесі; жер қойнауын және қоршаған табиғат ортасын қорғау; жобаланатын жұмыстарды өткізу тізімі, көлемі және шарттары.

52. Жұмыс құрамы. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Жобаның графикалық бөлігін

құрастыру алдындағы ақпарат көздерін қарап шығу және жалпылау. Жобаланатын жұмыстардың әдістемесін таңдау және дәлелдеу және олардың көлемдерін анықтау. Жоба бөлімдерін жазу, соның ішінде сметалық құнды орнату үшін деректері бар кестелерді құрастыруды қоса (жұмыс көлемі, орындаушылардың құрамы және еңбек шығындары, сатып алынатын және жасап шығарылатын материалдардың атауы және сан мөлшері).

53. Жұмыс геологиялық (гидрогеологиялық) партия басшысының үлестік қатысуымен бір геологпен (гидрогеологпен) орындалады, ол сәйкес дайындау – қорытынды операцияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады

54. Мөлшерлермен келесілер нақтыланған; жобаланатын жұмыстардың түрлері міндетті алдын – ала зерттеулер материалдарымен қамтамасыз етілген және қолданыстағы әдістемелік нормативті құжаттармен реттеліп отыратын геофизикалық және геохимиялық жұмыстармен еріп жүреді.

55. Уақыт мөлшерлері орнатылған өлшеуіштермен келесілер қабылданған:

геологиялық құрамды таспаға түсіруде жобалардың мәтіндік бөлігін құрастырғанда, геологиялық – минерагендік картаға түсіруді (ГМКТ) қоспағанда – жұмыс масштабында топографиялық негіздің 1 тізімдеме парағы;

ГМКТ геологиялық құрамды таспаға түсіруде жобалардың мәтіндік бөлігін құрастырғанда – 1:50 000 масштабында топографиялық негіздің 1 тізімдеме парағы;

іздеу жұмыстарына геологиялық құрамды таспаға түсіруде жобалардың мәтіндік бөлігін құрастырғанда – осы зерттеулер жобаланатын аумақтың 10 км2.

56. Уақыт және баға нормаларының 4 қосымшасына сәйкес 46-51 кестелерінде ГТ, АГӘҚЗ, ТГКТ, ГМКТ, Г, И, сонымен бірге іздеу жұмыстарына геологиялық құрамды таспаға түсіруге жобалардың мәтіндік бөлігін құрастыруға уақыт мөлшерлері келтірілген. Біріккен таспаға түсірулерде жобалардың мәтіндік бөлігін құрастыруға уақыт мөлшерлері келесі кешенге жататын таспаға түсіру кезінде осы жұмысты орындауға уақыт мөлшерлемелерінің сомасына өтеу коэффициенттерін пайдалану жолымен анықталады: ГТ, ГГЗ, ТСГЗ, ТСГ, ГИ біріккен түсірілімдері үшін өтеу коэффициенті – 0,70; ГТ+ТГКТ түріндегі біріккен түсірілімдері үшін - 0,85; АГӘҚЗ+Г немесе АГӘҚЗ+И түріндегі біріккен түсірілімдері үшін – 0,75.

57. Бірнеше номенклатуралық парақтарында (соның ішінде топтық түсірілімдер) кез келген түсірілімдерді жобалаған жағдайда таспаға түсірудің алуан түрлеріне сәйкес келетін жобалардың мәтіндік бөлімін құрастырудың уақыт мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттері қолданылады (уақыт және баға нормаларының 4 қосымшасына сәйкес 52 кесте).

58. Жобалардың мәтіндік бөлігін құрастыру бойынша негізгі жұмыс орындаушысының еңбек шығындары (адам - ауысымда) – сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақытының мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 4 қосымшасына сәйкес 46-51 кестелер). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) отряд басшысының еңбек шығындары - 0,15 адам – ауысым.

59. Жұмыс құнын анықтауды жеңілдету үшін, соның ішінде екі кезеңде жұмыстарды жобалағанда дайындау жұмыстарына және жобалауға шығындар жобалық – сметалық құжаттама құрастыру бойынша жоғарыда атап өтілген барлық жұмыс кешеніне (осыған топтамалармен танысу және алдын - ала кешенді дешифрлау кірмейді) адам – айларда ірілендірілген мөлшерлемелер бойынша анықталуы мүмкін. Уақыт мөлшерлемелері және отряд құрамы геологиялық құрамы бар таспаға түсірулерді өткізу бойынша жұмыстарға жобалық – сметалық құжаттамаларды талдау негізінде анықталған. Шығындар жұмыстардың барлық кешеніне орнатылады, соның ішінде қор және басып шығарылған әдебиетті және картографиялық материалды жинау және зерттеу, орындалған жұмыстарды талдау, жобаның мәтіндік және графикалық бөліктерін құрастыру, есептік бөлікті және сметаны құрастыру, машинамен басу және сызба – рәсімдеу жұмыстар және ҒТК жобаны қарағанда және сараптама жүргізгеннен кейін қабылданған ұсыныстар бойынша өзгертулер мен түзетулер енгізу.

Дайындық аралығы мен жобалау аралығының уақыт шығындары және отряд құрамы жұмыс сипатына және жағдайлар күрделілігінің тәуелді жобамен дәлелденеді, бірақ олар 3 отряд – айдан аспау керек (18 адам – ай).

Дайындық аралығы және жобалауға отряд құрамы және еңбек шығындары 1 айға келесіні құрайды:

Отряд басшысы – 0,5 адам - ай; I дәрежелі маман (геолог, гидрогеолог, геофизик, экономист) – 3,0 адам – ай; II дәрежелі маман (геолог, гидрогеолог, геофизик) – 1,5 адам – ай; II дәрежелі техник (геолог, гидрогеолог, геофизик) – 1,0 адам – ай. Барлығы – 6,0 адам - ай.

9-параграф. Дала жұмыстарының алдындағы жұмыстарға уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары

60. Осы бөлімде "Жобалау" бөлімімен қамтылмаған, бірақ дала жұмыстарын сапалы орындау үшін қажетті болып табылатын карталарды (сұлбаларды) және өзге материалдарды құрастыруға нормативті материалдар келтірілген.

61. Дайындау жұмыстарына сонымен бірге рекогносцирлеу жердегі бағдарлар және жұмыстың тірек аңызын құрастыру жұмыстары жатады, олардың сметалық құны СҚЕ анықталады.

62. Жобаланатын жұмыстардың алуан түрлеріне тәуелді дала жұмыстары алдындағы аралықта белгілі карталар (сұлбалар) жиыны құрастырылады, олардың тізілімі, масштабы және орындаушылары уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 53 кестеде ұсынылған (5 қосымша).

63. Алдындағы дала жұмыстарына басқа материалдарға келесілер жатады: бұрғылау ұңғымаларының, құдықтардың, шурфтардың, бұлақтардың, ГАЭ көріністерінің жинақ каталогтары; жерасты суларының, сулы көкжиектердің (кешендердің) сулылығының минералдылығының және химиялық құрамының жинақтау кестелері; тау жыныстарының литологиялық (петрографиялық) түрлерінің физико – механикалық қасиеттерінің жинақтау кестелері. Жұмыс техник – геологпен (техник – гидрогеологпен) орындалады.

64. Сызбаларды (уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 53 кесте) және өзге материалдарды құрастыру геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия басшысының үлестік қатысуымен орындалады, ол сәйкес дайындау – қорытынды операцияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады .

65. Сызбалар (уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 53 кесте) дайын топографиялық негізде, өзге материалдар – дайын кесте немесе каталогтар бланктарында құрастырылады.

66. Жұмыс құрамы (графикалық немесе кестелік материалдардың түріне тәуелсіз). Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Зерттеу аумағы (объектісі) және іргелес аумақтар бойынша жинақталған және жүйеге келтірілген қордың, мұрағаттың және басылып шыққан материалдарды зерттеу және талдау, мұнда ақпарат қажетті таңдаудан өтеді және қажетті ақпарат жалпыланады.

67. Сызбаларды құрастырғанда жұмыс құрамына қосымша өзге келесілер енгізіледі: шартты белгілерді жобалау; шартты белгілермен бейнеленетін құрастырылып жатқан сызбаға қарындашпен сәйкес жүктемелер салу, оны әрі қарай жұмыс сызбасымен тушьпен бекіту; АКТМ алдын – ала дешифрлау нәтижелерін тасымалдау; тушьпен жұмыс сызбасымен рәсімдеудің жақтауларын және жақтаулар сыртын салу, соның ішіне шартты белгілерді және тіліктерді қоса, сызбаны түрлі – түсті қарындаштармен бояу (қажет болған жағдайда).

68. Уақыт мөлшерлері орнатылған өлшеуіштермен келесілер қабылданған:

сызбаларды құрастырғанда - карта (сұлба) қалатын топографиялық негіздің 1 номенклатуралық парағына сәйкес келетін аудан бойынша сызба;

жинақтау каталогтарын құрастыруда – әр бетке 15 тең ақпарат объектілерін енгізу сан мөлшерлемесінде 10 бет;

жинақтау кестелерін құрастырғанда – әр бетте жол саны 20 тең 10 бет.

69 Карталарды (сұлбаларды) және далаға шығу алдындағы аралықта өзге материалдарды құрастыруға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 54-64 кестелерде көрсетілген.

70. Сызбаларды құрастыру бойынша негізгі жұмысты орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысымда) (уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 53 кестені қараңыз) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең (уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 54-64 кестелер). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия басшысының еңбек шығындары – 0,04 адам – ауысым.

71. Жинақтау каталогтарын және жинақтау кестелерін құрастыру бойынша негізгі жұмысты орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысымда) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең (уақыт және баға нормаларының 5 қосымшасына сәйкес 63, 64 кестелер). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия басшысының еңбек шығындары – 0,04 адам – ауысым.

10-параграф. Дала жұмыстарына уақыт мөлшері және еңбек шығындары

72. Нормативті материалдар келесі дала жұмыстарының түрлеріне ұсынылған :

аэровизуалды бағдарлар;

геологиялық құрам және іздеу жұмыстарында тісірілімдер кезінде жердегі бағдарлар;

іздеу жұмыстары кезінде 1: 5000 масштабында геологиялық картаға түсіру;

жердегі іздеу бағдарлары;

далада материалдарды камералды өңдеу.

73. Мөлшерлемелер далалық аралықта тізбектеліп аталған жұмыстарды орындауға есептелген, олар жердегі бағдарларды жүргізу процесінде орындаушылардың жаяу қозғалысында сәйкес климаттық шарттармен реттеледі, мұнда бағдар басына және оны орындап болғаннан кейін, сонымен бірге базалар және кіші базалар құрылғыларымен байланысты "бос жүрістер" есепке алынбайды.

74. Мөлшерлер көрсетілген дала жұмыстары жергілікті жердің абсолют биіктігі 1500 м дейін, жұмыс орнында ауа температурасы +5 - тен +30^{o} С – ге дейін, беткейлік беттердің тіктілігі 350 дейін, жел жылдамдығы 14 м/с дейін, 20 кг дейінгі жүкпен құрғақ топырақ бойынша жаяу қозғалуды көздейді.

75. Абсолют биіктігі 1500 м асатын жергілікті жерде жұмыстарды орындағанда уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 65 кестеде көрсетілген коэффициенттермен түзетіледі.

11-параграф. Аэровизуалды бағдарлар

76. Аэровизуалды бағдарлардың сан мөлшері, созылмалығы (км – мен) және бағыттары жұмыс жобасымен, олардың мақсатты тағайындалуынан, жан – жақты зерттелуінен және бұрын өткізілген зерттеу жұмыстарының материалдарын талдаудан дәлелденеді.

77. Аэровизуалды бағдарлар 4 орындаушысы бар сан мөлшердегі өндірістік (ұшқыш) топпен орындалады, топ келесілерден тұрады: геологиялық партия немесе отряд басшысы, ол штурманның міндеттемелерін біріктіреді, екі маман (геологтар), бір техник (геолог), таспаға түсірушінің жұмысын біріктіреді.

78. Аэровизуалды бағдарлар шолу (рекогносцирлі) және картаға түсіру болып екіге бөлінеді. Оларды өткізу процесі екі ұйымдастырушылық ерекше және технологиялық маңызды бөліктерден тұрады; аэровизуалды бағдарлардың өзі (бақылау) және аэровизуалды бағдарлар нәтижелерін өңдеу.

79. Шолу аэровизуалды бағдарлардың өзі ұшу жылдамдығы 120-150 (орташа 135 км/сағ) болғанда 300- 400 м биіктікте өткізіледі, картаға түсіру бағдарлары ұшу жылдамдығы 80-100 (орташа 90 км/сағ) болғанда 100- 250 м биіктікте өткізіледі. Бір ұшудың оңтайлы ұзақтылығы 4 сағат.

80. Аэровизуалды бағдарлардың өзі қолданыстағы аэровизуалды жұмыстар үшін әуе кемелерін пайдалану ережелеріне сәйкес жалға алынған ұшақтарда және тік ұшақтарда орындалады.

81. Аэровизуалды бағдарлардағы жұмыс құрамы. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Шартты белгілерді, кодтарды және белгілерді жобалау. АТ стереоскоп астында қарау. Топонегізге (фотосұлбаға) бағдар сызықтарын, бағдар бойынша тірек бағыттарды, сонымен бірге дайындық және дала жұмыстары алдындағы аралықта алынған жұмысқа қажетті деректерді салу. Тікелей аэровизуалды бақылаулар, олар бағдар картасына (аэрофотосұлбаларға) шартты белгілерді салумен, күнделікке (дала журналына) немесе магнитофон таспасына жазба жазумен, болашағы бар жерлерді және маңызды объектілерді фото суретке түсірумен белгіленеді.

82. Аэровизуалды бағдарлар нәтижелерін өңдеуде жұмыс мағынасы. Бақылау элементтерін бағдар картасында (аэрофотосұлбада) тушьпен бекіту, күнделікте және бағдар картасында (аэрофотосұлбада) қысқартуларды және шартты белгілерді ашып жазу, магнитофон таспасынан жазбаларды күнделікке аудару (осы құрылғыны пайдаланған жағдайда), аэровизуалды бақылау журналын толтыру.

83. Жоғарыда аталғандардың барлығын есепке ала отырып нормативті материалдар аэровизуалды бағдарларды жүргізу процесінің әр бөлігі үшін ұсынылған.

84. Аэровизуалды бағдарлардың өзіне жұмыстардың сметалық құнын есептегенде әуе кемесін жалға алу және пайдаланумен байланысты шығындар, сонымен қатар осы жұмысты орындайтын өндірістік (ұшқыш) топ құрамына қосымша құн төлеулер ескеріледі.

85. Әуе кемесін аэродромнан жұмыс орнына шоғырландыру және кері қайтаруға шығындар жүктерді тасымалдауға жоба жұмыстарымен дәлелденеді.

86. Нормативті материалдар уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 66-68 кестелерінде көрсетілген.

87. Аэровизуалды бағдардың (бақылаудың) өзіндік 100 км орындаудың уақыт мөлшері 0,185 ауысымға (шолу бағдары) және 0,278 ауысымға (картаға түсіру бағдары) тең, соның ішінде ұшу уақыты сәйкесінше 0,11 ауысым және 0,16 ауысым.

88. Аэровизуалды бағдарларды өткізетін өндірістік (ұшқыш) топта әр орындаушының еңбек шығындары сан жағынан осы жұмысты орындаудың уақыт мөлшеріне тең (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 66-68 кестелер).

12-параграф. Геологиялық құрам және іздеу жұмыстарында таспаға түсіруде жердегі бағдарлар

89. Бөлімде жердегі геологиялық бағдарларды өткізуге нормативті материалдар келтіріледі, олардың сан мөлшері, ұзақтылығы (км) және бағыттары АКТМ дешифрлау мен бұрын өткізілген жұмыстардың материалдарын мұқият зерттеу мен талдау негізінде жұмыс жобасымен анықталады.

90. Нормативті материалдар өндірістік (бағдарлы) топтардың түрлі құрамдарына орнатылған (уақыт және баға нормаларының 4 қосымшасына сәйкес 69-71 кестелер), олар белгілі зерттеу көлемін және онымен байланысты жұмыстарды (бақылау объектілерін зерттеу және сипаттау, үлгілер мен сынамаларды алу, жердегі жұмыстар, бұрғы – геолог түріндегі қолдық жинақпен ұңғымаларды бұрғылау) орындауды қамтамасыз етеді.

91. Геологпен басқарылатын өндірістік топ өткізетін жердегі бағдарлар, геологиялық партиясы басшысының немесе іздеу партиясы басшысының үлестік қатысуымен орындалады, ол сәйкес дайындау – қорытынды операцияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

12-параграф. Жердегі геологиялық бағдарлар

92. Бөлімше 1:1 000 000 – 1:25 000 масштабтарын таспаға түсіру жұмыстарында жердегі геологиялық (іздеу – түсіру) бағдарларына, 1:10 000 масштабында белгілі құрамдағы (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 69-71 кестелер) өндірістік топтармен орындалатын тірек стратиграфиялық (литологиялық) тіліктерді құрастыру бойынша жердегі геологиялық бағдарларға және "ашық" аумақтарға) іздеу жұмыстарында жердегі геологиялық іздеу – таспаға түсіру бағдарларына нормативті материалдармен ұсынылған.

93. Барлық жердегі геологиялық бағдарлар үшін жұмыс құрамы жалпы болады. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Стереоскоп астында аэрофотосуреттерді қарау. Жергілікті жерге бағдарлау. Тау жыныстарының табиғи жалаңаштануларын тазарту. Географикалық, геоморфологиялық және бағдардың бастапқы бекеті мен бағдар бойынша бақылау объектілерінің биіктікті байланысы. Радиометриялық зерттеулер (өткізген жағдайда). Үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту. Дала кітапшасында (күнделігінде) жазбаларды түзету. Бағдар бойынша қорытындылар жазу. Сәйкес журналдарда үлгілер мен сынамаларды тіркеу.

94. Жердегі геологиялық бағдардың алуан түрлілігіне тәуелді жұмыс құрамына қосымша келесілер қосылады:

Таспаға түсіру және іздеу жұмыстары процесінде геологиялық бағдарларды өткізгенде: бақылау объектісін жалпы қарап шығу (тау жыныстарының табиғи жалағаштануын, экзогенді геологиялық процестерді (ЭГП) және т.б.); үңгімені өту (қажет болған жағдайда); бақылау объектілерін зерттеу және сипаттау (соның ішінде бояуды және суретке түсіруді, тау жыныстары үлгілерін және сынамаларын алуды, үлгілер мен сынамаларды этикеткалауды және қораптауды, пайдалы қазбалар көріністерін іздеп бағалауды, зерттеумен байланысты бақылау объектісі шеңберінде орындаушылардың орнын ауыстыруды қоса); үңгімелердің геологиялық құжаттамасы; бақылау объектілерінің арасында бағдар бойынша жергілікті жерді үзіліссіз геологиялық және геоморфологиялық зерттеу және сипаттау және АКТМ дешифрлау нәтижелерін тексерумен, геофизикалық деректерді түрлендірумен, тау жыныстарының және құрылымдық элементтерінің фотобейнелерінің ерекшеліктерін белгілей отырып; су алқаптары мен арналары (жылғалар) бойынша тауып алынған кендер мен тау жыныстарының бөлшектерін үздіксіз бақылау, оларда кенге жақын өзгерістер іздері бар, жылалы аллювиде тау жыныстарын зерттеумен және сипаттаумен; кандар мен шурфтар жатыстарының орнын көрсету; бағдар картасында (аэрофотосуретте) бақылау нүктелерін, орнатылған шектерді, жатыс элементтерін, геологиялық белгілерді,

қазбалы органикалық қалдықтардың табылған орындарын көрсету және тушьпен бекіту, контурларды түрлі – түсті қарындаштармен бояу және бағдар картасына литология белгілерін тушьпен салу;

тірек стратиграфиялық (литологиялық) тіліктерді құрастыру бойынша бағдарларды өткізуде: бағдар бойынша тау жыныстарының табиғи жалаңаштануын жалпы қарап шығу; тау жыныстарының табиғи жалаңаштануларын үзіліссіз зерттеу және сипаттау (соның ішінде жүріс азимутын және еңіс бұрышын табуды, бояу және фото суретке түсіруді, үдгілер мен сынамаларды алуды, олардың этикеткалануы мен қорапталуын, АКТМ дешифрлау нәтижелерін тексеруді, тау жыныстарының және құрылымдық элементтердің алуан түрлілігінің фото бейнесі ерекшеліктерін белгілеуді қоса); бағдар картасында (аэрофотосуретте) тау жыныстары тіліктерінің орналасуын тушьпен бекіту; көрінетін қабаттар (пласттар) қалыңдықтарын қайта есептеу; барлық қажетті деректерді шығарумен абриса мен бағандарды жұмыс сызуының тушымен сызып шығу;

Шымтезек, сазды және құмды тау жыныстарының кең тараған аумақтарында дымқыл төртінші сатылы түзілулерге таспаға түсіру жұмстарын жүргізгенде копуш өтулерінің орнына бағдарда бұрғы – геолог түріндегі жинақпен ұңғымаларды қолмен бұрғылау және олардың геологиялық құжаттамасы алдын – ала көзделген.

95. Нормативті материалдармен келесі тау жыныстарының үлгілері мен сынамалары ескерілген:

Төртінші сатылыққа дейін және төртінші сатылы түзілулер процесінде және іздеу жұмыстарында таспаға түсіру процесінде геологиялық бағдарларды жүргізгенде: геологиялық үлгілер; шлифтарды (аншлифтарды) дайындау үшін тау жыныстарының бөлшектері; тау кесектерінің үлгілері және таудың жолсерік – жыныстар бөлшектері; микрофлора және микрофаунаға тау жыныстарының үлгілері; абсолют жас мөлшерін, химиялық және минералогиялық құрамын анықтау үшін тау жыныстарының үлгілері, шурфтар;

тірек стратиграфиялық (литологиялық) тіліктерді құрастыру бойынша геологиялық бағдарларды жүргізгенде: бұрын аталып өткен тау жыныстарының үлгілері және сынамалары, сонымен қатар палеонтологиялық және палеоботаникалық үлгілері және палеомагнитті талдау үлгілері;

дымқыл төртінші сатылы түзілулердің таспаға түсіру процесінде геологиялық бағдарларды жүргізгенде: палинологиялық, гранулометриялық және минералогиялық талдауларға сынамалар; тау кесектерінің және арналы аллювиальды түзілулерден тау жынысты – жолсеріктер кесектерінің үлгілері.

96. Жердегі геологиялық бағдарлар келесі шарттарда орындалады:

бақылау объектілерін "жалғау" – визуалды;

копуштардың өтуі, табиғи жалаңаштануларды тазалау – дымқыл мұз қатпаған тау жыныстары бойынша;

копуштардың аудан қимасы – 0,16 м2, тереңдік – 0,5 м;

ұңғымалар бұрғылауының диаметрі – 30 мм, орташа тереңдік – 3,0 м, бұрғылау кешенінің салмағы – 15 кг, мұз қатпаған топырақтар;

тау жыныстарының үлгілерін және сынамаларын алу – балға мен найза көмегімен қолмен алу;

үлгілер мен сынамаларды белгілеу, оларды орнатылған үлгідегі дайын бланкты жапсырмаларға тіркеу.

97. Нормативті материалдар уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 72-74 кестелерде көрсетілген.

98. Жердегі геологиялық бағдарларды өткізетін өндірістік топта (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 69-71 кестелерді қараңыз) әр орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысымда) сан жағынан осы жұмысты орындаудың уақыт мөлшерлеріне тең. Геологиялық партия басшысының еңбек шығындары – 0,1 адам – ауысым.

13-параграф. Іздеу жұмыстарында 1:5 000 масштабында геологиялық картаға түсіру

99. "Ашық" (жалаңаш) аумақтарда геологиялық картаға түсіру жүргізіледі, онда тамырлы тау жыныстары барлық жерлердің беткейлерінде шығады, ал жер бедерінде төмендеулер, егер олар қалыңдығы бірнеше метр дымқыл төртінші сатылы түзілулермен толтырылған болса, өлшемдері бойынша үлкен емес және олардың бар болуы аумақтың геологиялық құрылымын анықтауға кедергі келтірмейді.

100. Жұмыстар іздеу партиясынмен өндірістік (таспаға түсіру) тобымен (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 75 кесте) орындалады, олардың басшысы сәйкес дайындау – қорытынды операцияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

101. Уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 75 кестеде келтірілген орындаушылар құрамы үлгілер мен сынамалардың белгілі сан мөлшерін алумен бірге барлық жердегі визуалды зерттеулер кешенін орындауды қамтамасыз етеді.

102. Жұмыс құрамы. Дайындау - қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Жобалау жұмыстарының және дала жұмыстарына дайындалу нәтижелерінде алынған және алдын – ала дайындалған геологиялық картада көрсетілген жергілікті жерде деректерді тексерумен аумақтың жалпы көрінісі. Визуалды геологиялық бақылаулар, олар қажетті геоморфологиялық және гидрогеологиялық зерттеулермен және аэрофотоматериалдарды дешифрлаумен үйлесімді: бағдардың бастапқы жоғарғы

бекеті және бағдар бойынша бақылау объектілерінің географиялық, геоморфологиялық және биіктікті жалғауы; тау жыныстарының табиғи жалаңаштануларын тазалау (қажет болған жағдайда); олардың үздіксіз зерттелуі және сурет салмен және фото суретке түсірулерімен, үлгілерін алумен, тау жыныстары сынамаларын және су сынамаларын алып сипаттау, соның ішінде су және ауа температурасын өлшеумен, жапсырма жабыстыру және қораптау; стратиграфиялық, литологиялық, интрузивті байланыстарды, тектоника, сығылмалар мен тастамырлар, аумақтар мен тау жыныстары элементтерін, жылжымалы құрылыстардың, жер бедерінің элементтерін картаға түсіру (бақылау және картада көрсету); геофизикалық және геохимиялық деректерді түрлендіру; тау жыныстары мен құрылымдық элементтердің түр өзгерістерінің фото бейнелерінің ерекшеліктерін белгілеу; бұлақтардан су шығындарын өлшеу; жер бетіне табиғи шығулары бойынша жинақталған деректер бойынша жерасты суларының жалпы таралу сипаттамаларын алу. Радиометриялық зерттеулер (оларды жүргізген жағдайда. Бағдар картасында бақылау нүктелерін, шөгінділер элементтерін, орнатылған шекараларды (байланыстарды), геологиялық белгілерді, табылған органикалық қалдықтарды және т.б. тушьпен бекіту. Бағдар картасында литология белгілерін тушьпен салу және шекараларды түрлі – түсті қарындаштармен бояу. Үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту. Дала кітапшасында (күнделігінде) жазбаларды түзету. Қорытындыларды жазу. Сәйкес журналдарда үлгілер мен сынамаларды тіркеу.

103. Нормативті материалдармен келесі тау жыныстарының үлгілері мен сынамалары ескерілген: тау жыныстарының геологиялық үлгілері, шлифтарды (аншлифтарды) дайындау үшін олардың кесектері; микрофауна және микрофлораға тау жыныстарының үлгілері; палеонтологиялық және палеоботаникалық үлгілер; абсолют жас мөлшерін, химиялық минералогиялық құрамын анықтау үшін тау жыныстарының сынамалары; штуфтар.

104. Келесі шарттарды геологиялық картаға түсірулер жүргізіледі: бақылау объектілерін "жалғау" – визуалды; тау жыныстарының үлгілерін және сынамаларын алу – балға мен найза көмегімен қолмен алу; үлгілер мен сынамаларды белгілеу, оларды орнатылған үлгідегі дайын бланкты жапсырмаларға тіркеу.

105. Нормативті материалдар уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 76 кестеде көрсетілген.

106. Геологиялық картаға түсіруді өткізетін өндірістік топта (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 75-кестені қараңыз) әр орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысымда) сан жағынан осы жұмысты орындаудың

уақыт мөлшерлемелеріне тең (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 76-кесте). Іздеу партиясы басшысының еңбек шығындары – 0,10 адам – ауысым.

14-параграф. Түпшаймалық әдісімен іздеудегі бағдарлар

107. Түршаймалықты алу көзі қазіргі кездегі өзенмен (бұлақпен) шайылатын арналы аллювий, дымқыл төртінші сатылы түзілулер, сабақтас жайылмалар, жайылмалар үстіндегі террасалар, жаңа немесе жаңартылған гидрожелі шарттарында шығыңқы конустары болып табылады.

108. Нормативті материалдар өндірістік (бағдарлы) топтың түрлі құрамына ыңғайластырып жобаланған, топ екі орындаушыдан тұрады: геолог және геологиялық таспаға түсіру және іздеу жұмыстарында жұмысшы. Бағдарлар геологиялық партия басшысының немесе іздеу отрядының басшысының үлестік қатысуымен орындалады, ол сәйкес дайындау – қорытынды опреацияларға және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларды атқарады.

109. Өндірістік топтың құрамы белгілі сынамалардың (уақыт және баға нормаларының 6 қосымшасына сәйкес 77-кесте) сан мөлшерін алу мен жууды қамтамасыз етеді.

ұңғымаларда жару жұмыстарын өндіру;

суда бұрғылау жұмыстары құрастырылатын негіздер мен платформалар бастамасынан бұрғылау;

жоғары іргетастарда мұнаралар құрылысы, сұйық, газ тәрізді және өзге пайдалы қазбаларға ұңғымаларды бұрғылағанда шығарындыларға қарсы аппаратураларды орнату және солармен қатар жүретін барлық ілеспе жұмыстар;

сұйық, газ тәрізді пайдалы қазбаларға барлау жасағанда, сонымен қатар инженерлі – геологиялық зерттеу жұмыстары үшін шаюсыз ұңғымаларды өткен кезде ұңғымаларға әр түрлі сынақтар мен зерттеулер (гидрогеологиялық, геофизикалық және т.б.) жүргізу;

пайдалануға немесе тұрақты бақылауларды жүргізу үшін берілетін гидрогеологиялық барлау және іздеу ұңғымаларын жабдықтау (ұңғымаларды кеңейту, сүзгіштерді орнату, су көтергіш құрылғыларын орнату және т.б.);

қолданыстағы тау қазбалары аймақтарында бұрғылағанда және өзге қажетті жағдайларда ұңғымаларды тарату тығындау;

батпақталған жерлерде, күрт қиылысқан жер бедерлерінде, таулы жерлерде жұмыс участкесіне дейін партия, экспедиция шоғырланған жерге жүктерді жеткізу;

бұрғылау өздігінен бригадасыз жүретін бұрғылау қондырғыларын өз жүрісімен бір участкеден екінші участкеге айдау, бұрғылау қондырғысы құрастырылған, автокөліктің мәшине – ауысым құнынан және айдауға уақыт шығындары алынады;

кенет бөлшектелген таулы жер бедерлері бар жағдайларда толық бөлшектеумен және тасымалдаумен бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу.

233. Мөлшерлер анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және еңбекті ұйымдастыруды пайдалануды негіз етіп жобаланған және бұрғылау жұмыстарын жүргізгенде қажетті өндірістік процесстер кешенін ескереді.

Жұмыс құрамы уақыт мөлшерлері (жасап өтулер) кестелерінің алдында келтірілген.

234. Мөлшерлермен арнайы киімдердің, арнайы аяқ – киімдердің және сақтандыру амалдарының тозуы бойынша шығындары ескерілмеген, олар

қызметкерлерге қолданыстағы ережелерге сәйкес беріледі. Олар сметалық – қаржылық есептен жеткізуші бағасы бойынша құннан (көліктік – дайындау шығындарды қосумен) кәсіпорында қолданыстағы тегін арнайы киім, арнайы аяқ – киім және қорғаныс амалдарын беру мөлшерлемелерінен алынады және "Тозу" бабы бойынша негізгі шығындарға қосылады.

5-тарау. Айналмалы механикалық бұрғылау

235. Осы бөлімде жер бетінен бағаналы және жынысөзексіз амалмен тұрақты, жылжымалы және өздігінен жүретін айналмасы бар шпиндельді немесе роторлы түрдегі бұрғылау қондырғыларымен айналмалы механикалық әдіспен ұңғымаларды бұрғылауға мөлшерлер келтірілген, онда ССК және КССК түрлеріндегі алынып – салынбалы жынысөзек қабылдаулары бар снарядтар қабылданады, алмазды, қатты құймалы бағаналар және әр түрлі түр өлшемдегі қашаулар пайдаланылады.

236. Уақыт мөлшерлері жыныс бұзғыш құралдың диаметрі бойынша дифференциалданған: бағаналар бұрғылауында 59 – дан 151 мм – ге дейін; жынысөзексіз бұрғылауда – 59 – дан 346 мм – ге дейін және бұрғылау қондырғысының санаттары бойынша.

Еңбек шығындарының, көліктің, материалдық шығындардың жеке түрлерінің мөлшерлері жыныс бұзғыш құралдың диаметрі бойынша орташа етіп алынған және бұрғылаудың келесі градация диаметрлері үшін берілген: айналмалы бағаналар үшін – 132 мм – ге дейін; жынысөзексіз үшін – 132 мм – ге дейін; 144 – тен 250 мм – ге дейін; 251 – ден 350 мм – ге дейін.

237. Бұрғылау қондырғының санатына қатысты номиналды тереңдік бойынша ұңғымалар тобы анықталған. Топтар бойынша ұңғымаларды үлестіру 1 -кестеде (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) келтірілген.

238. 1-кесте (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) көрсеткіштеріне сәйкес ұңғымалардың әр тобы бойынша олардың орташа тереңдігі анықталады. Орташа тереңдікке уақыт мөлшерлемесі 0 - 25 аралығына 37,5 м дейінгі тереңдігі бар ұңғымалар жатады, 0-100 дейінгі аралыққа – 37,6 – дан 149 м дейінгі тереңдіктегі ұңғымалар жатады; 0 – 200 аралыққа тереңдігі 150 – ден 249 м дейінгі ұңғымалар жатады және тағы басқалар.

239. Бұрғылау бойынша жұмыстар кешеніне кірмеген жұмыстарға (тірек құбырларымен бекіту, ұңғымаларды тығындау және ұңғымаларда арнайы зерттеу жұмыстары) уақыт шығындары "Ұңғымаларды бұрғылаумен іргелес жүретін көмекші жұмыстар" мөлшерлер бойынша анықталады.

240. Жасанды бағытталған және көп оқпанды ұңғымаларды бұрғылағанда айналмалы механикалық бұрғылаудың уақыт мөлшерлеріне 2-кестедегі (уақыт

және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) "е", "ж" тт. түзету коэффициенттері қолданылады.

241. Көп оқпанды ұңғымаларды бұрғылаудың сметалық құны, соның ішінде бұрғылаумен іргелес жүретін көмекші жұмыстарды қоса, олар негізгі оқпанда жүргізіледі, анағұрлым терең ұңғыманың оқпаны үшін орнатылған мөлшерлер бойынша анықталады.

242. Айналмалы механикалық бұрғылауға уақыт мөлшерлерімен ескерілген бұрғылаудың ұйымдастырушылық – техникалық және технологиялық шарттары:

ұңғыманың орташа диаметрі 132 мм дейін болғанда ұңғыманың көкжиекке еңіс бұрышы 80-90^{o}, 132 мм жоғары - 90^{o} құрайды;

бұрғылау қатпаған жыныстарды өндіріледі;

тұрақты және жылжымалы бұрғылау қондырғыларымен бұрғылағанда жұмыс уақытының жылдық қоры 1224 білдек – ауысымда қабылданған; жер бетінен өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен бұрғылағанда 915 және 610 білдек – ауысым және жерасты тау қазбаларынан бұрғылағанда 1071 білдек – ауысым жыныстар дәрежесі 17-кесте, уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес келтірілген бұрғылау бойынша тау жыныстарының топтастырылуларына сәйкес қабылданған.

243. Ұңғымалар бұрғылауларының қабылданған техникалық және ұйымдастырушылық шарттарынан жобада дәлелденген ауытқулар болғанда уақыт мөлшерлеріне 2-кестеде (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

244. Тұрақты және жылжымалы бұрғылау қондырғыларымен, соның ішінде жер бетінен өздігінен жүретін айналмалы шпинделі бар бұрғылау қондырғыларын қоса ұңғымаларды бағаналы бұрғылауға уақыт мөлшерлері (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 3-кесте).

Жұмыс құрамы: жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар – снарядты түсіру алдындағы дайындық жұмыстар (ұңғыма аузына бағаналы жинағының орнын ауыстыру, бағаналы жинағының құбырына элеваторды кигізу, ұңғымаға бағаналы жинағын түсіру, төсеніш ашаға бағаналы жинағын орналастыру, шырақ элеваторды кигізу, шырақ бойынша элеваторды көтеру, шырақтарды бұраумен элеваторды құлыпқа орнықтыру және шырақ ұзындығына снарядты түсіру, әр шырақпен қажетті тереңдікке дейін операцияларды қайталау) , тапсырылған тереңдікке бұрғылау снарядын түсіру, түсіргеннен кейін қорытынды жұмыстар, бұрғылау снарядын ұңғымана тығындап орнату (жетекші бұрғылау құбырын бұрғылау құбырларының қатарларымен жалғастыру, бұрғылау сорғышын іске қосу, төсеніш ашаны шешу, шпиндельдің сәйкес айналу жылдамдығын қосу, тығындауға сәйкес қысымды орнату тығындауға дейін

айналумен бұрғылау снарядын түсіру), ұңғыманы тереңдету, жыныс өзек алу, снарядты көтеру алдында дайындық жұмыстары (айналу және берілісті тоқтату, шаю сұйықтығының сан мөлшерін ұлғайту, шламнан ұңғыманы жуып - шаю), бұрғылау снарядын көтеру (жуу сорғышын іске қосу, төсеніш ашасына бұрғылау снарядын орнату, жетекші құбырды бұрау, элеватор кигізу, штанга ұзындығына бұрғылау снарядын көтеру, штанганы бұрау, настилге штанганы жіберу, элеваторды жіберу, бұрғылау снаряды толық көтерілгенше операцияларды қайталау), снарядты көтергеннен кейін қорытынды жұмыстар, жынысөзек жәшіктеріне жынысөзекті алу және салу; бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; бұрғылау бағанасын ауыстыру, ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реганттермен, жынысөзек жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыздандыру; шаю сұйықтығын дайындау, ауыстыру және бақылау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

245. ССК және КССК түріндегі алынып – салынбалы жынысыөзек қабылдағыштарымен бұрғылау үшін техникалық амалдар кешенімен ұңғымаларды бағанасын бұрғылау. Уақыт мөлшерлері алынып – салынбалы жынысөзек қабылдағыштарының техникалық деректерін, технологиялық және ұйымдастыру шарттарын ескерумен жобаланған, олар уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 5-кестесінде келтірілген.

246. Жарықтылық дәрежелері бойынша тау жыныстарының топтастырылуы уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 5-кестесінде келтірілген.

247. VI-XI дәрежелі жыныстарда бұрғылау арнайы алмаз бағаналармен жүзеге асырылады:

ССК59 үшін: К-01, К-01-2, К-02, К-08;

ССК-76 үшін: КАСК-4с, КАСК-К, КАСК-3, К-110-1,2;

кеңейткіш РСА-I, РАСК;

КССК-76 үшін: К-16, К-18, К-31, К-41, 17-А4 және кеңейткіш – РЦК;

бұрғылау мұз қатпаған топырақтарда өндіріледі;

шаю сумен жүзеге асырылады, аз сазды қоспалармен құрамында эмульсиялық қосындылары бар;

бұрғылау снарядының максимал айналу жиілігі, айн./мин:

ССК 59, 76 үшін - 1500;

КССК-76 үшін - 1000;

бұрғытәжға шекті осьтік жүктеме, даН;

ССК-59, 76 үшін - 1700; 1800;

КССК-76 үшін - 2000;

шаю сұйықтығының шығыны, л/мин:

ССК-59, 76 үшін - 15-30, 25-70;

КССК-76 үшін - 30-100;

уақыт мөлшерлемелерін есептеу кезінде негіз ретінде қабылданған дәрежелер бойынша тау жыныстарын топтастыру уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 17-кестеде келтірілген;

уақыт мөлшерлері жыныстардың жарықтылық дәрежелері бойынша дифференциялданған: монолитті және әлсіз жарықталғандар;

жарықталғандар;

қатты жарықталғандар және қирағандар.

248. Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау, жынысөзекті жәшіктерден алу және салу; бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; бұрғылау бағанасын ауыстыру, ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реагенттармен, керн жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыздандыру; шаю сұйықтығын дайындау, ауыстыру және бақылау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

249. Ротор түріндегі айналмасы бар (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 8-кесте) өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен жер бетінен ұңғымаларды бағаналы бұрғылауға уақыт мөлшерлері.

Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау; кернді алып шығару және орналастыру; техникалық қызмет көрсету, бұрғылау және көмекші қондырғыны және құралды жөндеу және тазарту; ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реагенттермен, керн жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыздандыру; шаю сұйықтығын дайындау және ауыстыру.

250. Жер бетінен тұрақты, жылжымалы және өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 9-кесте) ұңғымаларды кернсіз бұрғылауға уақыт мөлшерлемелері.

Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау; бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; бұрғылау бұрғытәжін ауыстыру, ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реганттармен, керн жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыздандыру; шаю сұйықтығын дайындау, ауыстыру және бақылау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

251. Жерасты тау қазбаларынан (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 10-кесте) ұңғымаларды бағаналы бұрғылауға уақыт мөлшерлері.

Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау, жынысөзекті жәшіктерден алу және салу, бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; бұрғылау бұрғытәжін ауыстыру, ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реагенттермен, жынысөзек жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыздандыру; шаю сұйықтығын дайындау, ауыстыру және бақылау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

252. Жерасты тау қазбаларынан ұңғымаларды жынысөзексіз бұрғылауға уақыт мөлшерлері (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 11-кесте)

Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау, бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және № 1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; бұрғылау бағанасын ауыстыру, ұңғымаларды сумен, материалдармен және шаю сұйықтығын дайындау үшін реагенттермен, жынысөзек жәшіктерімен және өзге материалдармен қамтамасыз ету; шаю сұйықтығын дайындау, ауыстыру және бақылау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

6-тарау. Ұңғымалар бұрғылауымен іргелес жүретін көмекші жұмыстар

253. Осы бөлімде ұңғыманы тереңдетумен байланысты жұмыстарды орындауға уақыт мөлшерлері келтірілген, бірақ олар ұңғымаларды бұрғылаудың техникалық кешеніне кірмеген: ұңғыманы шаю; ұңғыма аузын өңдеу; ұңғымаға тығын орнату; бекіту құбырлары бағандарын цементтеу; цементтік көпірді қою; сазбен ұңғыманы тығындау; ұңғыманы сазды немесе цементті қоспамен тығындау; тез байланысатын қоспалармен ұңғыманы тығындау; цементті көпір қайта бұрғылау; ұңғыманы бекіту құбырларымен бекіту және айналмалы бұрғылауда оларды алып шығу; ұңғымаларды кеңейту; бекіту құбырлар бағандарын нығыздау; ұңғымаларды жасанды майыстыру; кернометрияны; көмір қатынан газды – кернді сынамаларды алу; сулы, сумен қаныққан көмір қаттарын және жыныстарын зерттеу; дефектоскопия; ұңғымаларда сүзгіштерді орнату және оларды алып шығару.

254. Атап өтілген көмекші жұмыстарды орындауға уақыт мөлшерлері осы бөлімнің кестелері бойынша (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) бұрғылауға қосымша уақыт шығындары ретінде анықталады.

255. Жер бетінен және жерасты тау қазбаларынан бұрғылау шарттары үшін уақыт мөлшерлері бөлек келтірілген.

256. Көмекші жұмыстар бұрғылау бригадасы күшімен, бұрғылау үшін пайдаланылатын техникалық амалдарды пайдаланумен орындалуы мүмкін, сонымен қатар қосымша жұмысшылар мен материалдық амалдарды

жұмылдырумен (ұңғымаларды жасанды майыстыру, кернометрия, көмір қаттарынан газды – кернді сынамаларды алу, сулы, сумен қаныққан көмір қаттарын және жыныстарын зерттеу, дефектоскопия).

257. Қосымша материалдар (цемент, бекіту құбырлары және тағы сол сияқты) шығынын, арнайы құралдар мен бұйымдардың (керноскоптар, ауытқығыштар, газдыкернтоптамалары және тағы сол сияқты) тозуын, арнайы қондырғылар қызметтерін (цементтейтін агрегат, дефектоскопиялық бекет және тағы сол сияқты) анықтау, сонымен қатар оларды жеткізу үшін көлік шығындары нақты геологиялық – техникалық шарттарда жұмыстарды өткізуді ескеріп жобада өндіріледі.

258. Ұңғымаларды шаю (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 18-кесте).

Жұмыс құрамы: бағаналы топтамасын және бұрғылау құбырларының бағандарын шаюдың шеткі тереңдігіне дейін түсіру, бұрғылау сорғышының көмегімен ұңғыманы шаю; бағаналы топтамасын және бұрғылау құбырлары бағандарын көтеру.

259. Ұңғыма аузын өңдеу (калибрлеу) (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 19-кесте).

Жұмыс құрамы: қашаумен немесе қалың қабырғалы арнайы бағаналыдан бұрын бұрғыланған ұңғыма аузының жеке участкелерін кезектеп кеңейту немесе қайта кернсіз бұрғылау, ол қатты бағаналы снарядына (ұзындығы 6 м кем болмайтын) құрастырылған, снарядтың қалыпты диаметрімен және көтерілу троекториясымен ұңғыма аузының бұзылмаған участкелерінде бұрғылау құбырларының бағанында снарядты еркін түсірумен.

260. Ұңғымада тығын орнату (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 20-кесте).

Жұмыс құрамы: тығынды дайындау (құрастыру) және оны бұрғылау құбырларының бағанымен жалғау; тапсырылған аралыққа бұрғылау құбырларының бағанында тығынды түсіру; тығынды ұңғыма аузында бекіту; тығынды ажырату; бұрғылау құбырлары бағандарын көтеру.

261. Бекіту құбырлары бағандарын цементтеу (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 21-кесте).

Жұмыс құрамы: ұңғыманы жуып - шаю (18 кесте бойынша мөлшерленеді), цемент қоспасын дайындау; ұңғыма оқпанын құйма бастиекпен жабдықтау; бұрғылау сорғышының немесе цементтейтін агрегаттың қысу желісімен оны жалғастыру; ұңғымаға цемент қоспасын кашайттау, бөлгіш тығынды босату; тығын үстінен шаю сұйықтығын айдаумен қуыс кеңістікті цемент қоспасымен қысу; бөлшектеу және құю бастиегін және айдау желісін жуып – шаю.

262. Цемент көпірін қою (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 22-кесте).

Жұмыс құрамы:

цемент қоспасын дайындау, оқпанды құйма бастиегімен жабдықтау; ұңғымаға цемент қоспасын айдау, бөлгіш тығынды босату; қысым астында шаю сұйықтығын айдау; құю бастиегін шешу; цемент қоспасынан айдау жүйесін шаю.

263. Сазбен ұңғымаларды тығындау (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 23-кесте). Жұмыс құрамы: тығындау материалын дайындау ; оны екі жүріспен ұңғыма забойына жеткізу; бұрғылау құбырлар бағанында тығындау снарядын екі рет түсіру; сазды екі қабатты тығындау оның әр қабатының ақырғы қалыңдығы 1,0 м және құбырлар бағанында шаю снарядын екі рет көтеру.

264. Сазды немесе цементті қоспамен құймамен ұңғыманы тығындау (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 24-кесте).

Жұмыс құрамы:

қоспаны дайындау; тапсырылған тереңдікке бұрғылау құбырлар бағанын түсіру; қоспаны ұңғыманың сағасынан төгілгеніне дейін айдау, бұрғылау құбырлар бағанын көтеру, қоспа қалдықтарынан жүйені жуып – шаю. Тереңдігі 300 м асатын құбырды толтыру қоспа үлестерімен төменнен жоғарыға қарай өндіріледі, сонымен бірге 300 м аспайтын оқпан толтырылып, әрі қарай осы аралықтағы биіктікке құбырлар көтеріледі.

265. Ұңғымаларды тез жабысатын қоспалармен (ТЖҚ) тығындау (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 25-кесте).

Жұмыс құрамы: ТЖҚ контейнерге жүктеу; бұрғылау құбырлар бағанында контейнерді түсіру; тығыздау аралығында ТЖҚ түсіру (қысу); контейнерді көтеру; иірмені тегістеу тығыздау құрылғысын бұрғылау құбырлар бағанымен түсіру; саға участкесін тығыздау (ұңғыма қабырғаларына қоспаны жағып тегістеу); тығыздаушы құрылғыны көтеру.

266. Цемент көпірді қайта бұрғылау.

Жұмыс құрамы: осы жұмыс түрі сәйкес тереңдік аралықтарында бұрғылау бойынша IV дәрежедегі жыныстарды кернсіз бұрғылау процесімен толығымен ұқсас. Осыған байланысты цемент көпірін қайта бұрғылауға мөлшерлер жоғарыда көрсетілген жағдайларда кернді алмай ұңғымаларды бұрғылау мөлшерлеріне тең деп қабылданады.

267. Бекіту құбырларымен ұңғымаларды бекіту және оларды айналма бұрғылауда көтеріп алып шығу (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 26-кесте).

Жұмыс құрамы:

1) құбырларды түсіргенде:

ұңғыма сағасын өңдеу (операция көлемі жобамен дәлелденеді, уақыт шығындары 18 кесте мөлшерлері бойынша анықталады);

құбырларды іріктеу, өлшеу, резьбалық байланыстарды калибрлеу, ұңғымаға құбырларды жақындату;

такелажды және тіреуіш бұйымдармен (әмбебап бастиек, сыналар және т.с.) ұңғыма сағасын және шығыр арқанын жабдықтау;

құбыр бағандарын бұрап босату және түсіру, забойға баған табанын басу;

бұйымдарды бөлшектеу;

2) құбырларды көтеріп алып шыққанда:

гидравликалық домкратты орнату;

такелажды және тіреуіш бұйымдармен (әмбебап бастиек, сыналар және т.с.) ұңғыма сағасын және шығыр арқанын жабдықтау;

домкратпен және шығырмен құбырларды алып шығу (жүрумен);

бағандарды бұрандамалардан босату және құбырларды жинау;

домкрат және өзге бұйымдарды бөлшектеу.

Ұңғымаларды кеңейту: ұңғыманың жобалық диаметріне қол жеткізгенше ұңғыманың бастапқы диаметрінің сақиналы кенжарды бір ретті немесе көп ретті қайта бұрғылау (19 кесте мөлшерлемелері бойынша бөлек мөлшерленеді, уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына).

Ұңғымаларды кеңейтуге уақыт мөлшерлемелері кеңейтудегі түзету коэффициенттерін есепке алып жобалық диаметрді қашаумен кернсіз бұрғылауға мөлшерлемелер бойынша анықталады: а) келесі диаметрге - 0,50; б) бір диаметрден кейін - 0,60; в) екі диаметрден кейін және одан аса - 1,00.

268. Бекіту құбырларының бағандарын қысу.

Жұмыс құрамы: бекіту құбырлар бағанында құйма бастиегін орнату; оны бұрғылау сорғышының айдау желісіне жалғастыру; ұстаммен бағанды қысу; қондырғыларды бөлшектеу.

Бекіту құбырларын 1 қысуға уақыт мөлшерлері - 0,22 білдек – ауысым.

269. Ұңғымаларды жасанды майыстыру (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 27-кесте).

Жұмыс құрамы:

1) қайта шығарылмайтын (тұрақты) сыналарды пайдаланғанда:

жер бетінде дайындау жұмыстары (ұңғымаға түсіруге снарядты дайындау);

бұрғылау құбырлары бағанында ұңғымаға сынаны түсіру және босаған бағанды көтеріп шығару;

ұңғымада сынаны бағдарлау;

сынаны үлестіру;

сына қимасы бойынша жаңа оқпанды бұрғылау;

Түзетудің барлық аралығында жаңа оқпанның қисықтығы және тұрақтылығы жинағымен бірнеше рейстармен қисықтан төмен бұрғылау. Көп оқпанды ұңғымаларда жаға оқпанды негізгі забойдан жоғары бұрғылағанда жасанды кенжар тығын қондырғысы бойынша операциялар қосылады (20 кесте бойынша мөлшерленеді, уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес – ұңғымада тығын орнату);

2) бір ретті және үзіліссіз әсер ететін ауытқитын снарядтарды пайдаланғанда:

беткейдегі ауытқығышты түсіруге және бағыттауға дайындау;

бұрғылау құбырлары бағанымен ауытқығышты түсіру;

ұңғымада ауытқығышты бағдарлау және босату;

кіші диаметрдегі алғашқы – ұңғыманы бұрғылау;

қисықтық жинағымен жаңа бағытта қалыпты диаметрдегі ұңғыма оқпанын қайта бұрғылау (кеңейту);

толық диаметрлі кернді алғанға дейін қисаюдың барлық аралығында бірнеше рейстармен оны тұрақтандырып жаңа оқпанды бұрғылау.

270. Кернометрия (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 28 -кесте).

Жұмыс құрамы: Керноскопты бөлшектеу және тазалау; бұрғылаушы снарядты құрастыру; бағдарлауышты дайындау және құрастыру; керноскопты жинау; бұрғылау құбырлар бағанымен ұңғымаға керноскопты түсіру; кенжарға қою және кенжарды түзету; бағдарлаушы белгіні салу; ұңғыма кенжарында бағдарлауышты ұстап тұру; керноскопты көтеріп шығару; арнайы бағанасы және бағдарлаушы өзекті алып шығу; бағдарлаушы өзекті кептіру және оны контейнерге орналастыру; құжаттамаларды рәсімдеу. Қайта бұрғылау, үзу, бағдарлаған белгісі бар кернді көтеру және көтеріп шығару ұңғыманы әрі қарай бұрғылау процессінде өндіріледі.

271. Көмір қаттарынан газды кернді сынамаларды алу (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 29-кесте).

Жұмыс құрамы: жұмысқа газкернжинақтағышты (ГКЖ) дайындау; бұрғылау құбырлар бағанымен ГКЖ түсіру; рейсіне 0,5 м дейін өтуді шектеумен бұрыш бойынша бұрғылау; бұрғылау құбырларының бағанында ГКЖ көтеру; ГНЖ қабылдағыш таспаны шығарып алу.

272. Газдысумен қаныққан жыныстарды, газбен қаныққан көмір қаттарды және жыныстарды зерттеу (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 30-кесте).

Жұмыс құрамы: жұмысқа сынаушы және өлшеуіш құралды дайындау; сальник – вертлюгаға газ есептегішін жалғау, айналма – шығаруға қарсы бастиекті орнату; ұңғыманы жуып – шаю (18 кесте бойынша бөлек мөлшерленеді); бұрғылау құбырлау бағанымен сынаушы құралды түсіру; жыныстарды және

қаттарды сынақтан өткізу; олардың газ параметрлерін өлшеу; су және газ сынамаларын алу; бұрғылау құбырлар бағанында сынаушы құралды көтеріп шығару.

273. Ұңғымаларды бұрғылау процесінде бұрғылау құбырларының және көтеру құралының дефектоскопиясы.

Жұмыс құрамы: жабдықтарды дайындау және ретке келтіру, құбырлар мен жабдықтардың беткейлерін дайындау, өлшеу жұмыстарын жүргізу, нәтижелерді жазып алу, жабдықтарды бөлшектеу.

Бұрғылау процессінде бұрғылау құбырлары дефектоскопиясына мөлшерлер - 1 жабдық – ауысым ұңғымаларды бұрғылауға 100 білдек – ауысымда.

274. Ұңғымаларға сүзгіштер орнату және оларды алып шығару (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес 31-кесте).

Жұмыс құрамы: жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты дайындау – қорытынды операциялар; тұндырғыштың төменгі бөлігіне ағаш тығынды нығыздау және оны алып шығару; сүзгішті орталықтандыру және оларды шешу үшін бағыттаушы шырақтарды бекіту; тапсырылған тереңдікке сүзгішті түсіру және оны көтеру; бұрғылау ұңғымасының сағасы үстінде беріктеу құбырларын бекіту және босату (бекіту құбырлары бағанында орнатылатын сүзгіштер); бұрғылау қондырғысына техникалық қызмет көрсету, құжаттама.

Қосымша жұмыс құрамына келесілер қосылады:

1) “впотай” сүзгіштерін орнатқанда – сүзгіш үстіндегі құбырда сальникті орнату және бұрғылау құбырларын көтеріп шығару;

2) гравийлі сеппесі бар сүзгіштерді орнатқанда – гравий себілетін құбырларды түсіру және көтеріп шығару, гравий сан мөлшерінің қажеттілігін есептеу, гравиді көму;

3) беріктендірілмеген бекіту құбырларымен ұңғымаға сүзгіштерді орнатқанда – ұңғыма оқпанын өңдеу;

4) бекіту құбырларымен беріктендірілген ұңғымаға сүзгіштер орнатқанда – сүзгіштің жұмыс бөлігін жалаңаштау мақсатында бекіту құбырларын көтеру және оларды ұңғыма сағасы үстінде бекіту (бекіту құбырларын көтеріп шығару гидравликалық домкрат және бұрғылау қондырғысының шығыры көмегімен өндіріледі);

5) “впотай” орнатылған сүзгіштерді көтеріп шығарғанда – бұрғылау құбырларын түсіру және олардың сүзгіш құлыпымен жалғастыру.

Сүзгіштерді орнатуға және көтеріп шығарып алуға уақыт мөлшерлері 31, 32, 33 кестелерде келтірілген, көмекші жұмыстарды орындауға мамандардың және жұмысшыларды еңбек шығындарының мөлшерлері – 34 кестеде (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) келтірілген.

7-тарау. Бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және оларды бұрғылаудың жаңа нүктесіне орнын ауыстыру

275. Осы бөлімде бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және оларды бұрғылаудың жаңа нүктесіне орнын ауыстыруға сметалық мөлшерлер келтірілген.

276. Сметалық мөлшерлер физикалық өлшеуішке есептелген – 1 құрастыру, бөлшектеу және 1 км дейін бұрғылау қондырғысының орын ауыстырылуы. Мөлшерлерде алдын – ала ескерілген қашықтықта тасымалдағанда – 1 км тасымалдау, бұрғылау ғимараттарын құрастырғанда, бөлшектегенде – 1 бұрғылау ғимаратына тең. Мөлшерлермен келесі шарттар алдын – ала ескерілген :

Бұрғылау қондырғысының түрі (жылжымалы, өздігінен жүретін);

Бұрғылау ғимаратының түрі – білеу тәрізділер;

Бұрғылау мұнарасының түрі – мателдық мұнара түріндегі, мачта.

277. Құрастыру, бөлшектеу мөлшерлемелерінде бұрғылау қондырғысын, ғимаратты және әр түрлі жүктерді 1 км дейінгі қашықтыққа тасымалдау үшін трактор көлігі ескерілген.

278. 1 км асатын қашықтыққа бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстырғанда (құрастыру, бөлшектеу мөлшерлемелерімен ескерілген) мөлшерлерде ескерілгендерден асатын қашықтыққа көлік және еңбек шығындары кестелерінде келтірілген мөлшерлер бойынша тасымалдаудың әр километріне шығындар есептеледі.

279. Мөлшерлерде ескерілген қашықтықтан жоғары қашықтыққа бұрғылау қондырғыларын тасымалдауға мөлшерлермен тасымалданатын жүктерге жолсерік болу, қосымша шешулер, қыстырулар ескерілген.

280. Бұрғылау қондырғысын тасымалдаудан басқа мөлшерлерде саз араластырғыш, сұйықтықтарға арналған ыдыстарды, бұрғылау құралын және өзге көмекші жүктерді тасымалдау ескерілген.

281. Бұрғылау қондырғыларының бұрғылау ұңғымаларының тереңдіктеріне сәйкестігі 35 кестеде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) келтірілген сұлба бойынша бұрғылау диаметрін ескерумен орнатылады.

282. Мөлшерлер келесі құрастыру – бөлшектеу және жаңа нүктеге бұрғылау қондырғыларын орын ауыстыруға келтірілген:

1) Құрастыру, бөлшектеу және мачталары бар бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстыру, олар ғимаратпен бірге табандарда құрастырылған. Тасымалдау бөлшектеусіз бір блокпен жүзеге асырылады.

Мөлшерлер 25 м- ден 800 м – ге дейінгі тереңдіктері келтіріледі.

Тереңдігі 800 м дейінгі ұңғымалар үшін бұрғылау қондырғысы бөлшектеп тасымалданатын жағдайларда тасымалдау шарттары жобада дәлелденеді, шығындар сметалық – қаржылық есеппен анықталады.

2) Мұнаралы мұнарасы бар бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және орын ауыстыру.

Мөлшерлер келесі нұсқалар үшін келтірілген:

а) бұрғылау ғимаратын бөлшектеусіз;

бұрғылау мұнарасын бөлшектеумен;

бұрғылау мұнарасын бөлшектемей (екі блоктармен);

б) ғимаратты бөлшектеумен;

бұрғылау мұнарасы секциялар бойынша бөлшектенеді, бұрғылау агрегаты – блоктармен бөлшектенеді;

бұрғылау мұнарасы тетік бөлшектер бойынша бөлшектенеді, агрегат – блоктармен бөлшектенеді.

Мөлшерлер 500 – ден 2000 м дейінгі тереңдіктер үшін келтірілген.

Саз араластырғышты, бұрғылау құралын және өзге көмекші жүктерді тасымалдау қосымша блоктарды тасымалдау ретінде бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу мөлшерлерімен ескерілген.

3) Өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және тасымалдау.

Мөлшерлер 25 – тен 1000 м дейінгі тереңдіктер үшін бұрғылау қондырғысының түріне және оның көліктік базасына тәуелді өндіріледі.

4) Жерасты тау қазбаларында агрегаттарды құрастыру, бөлшектеу.

5) Бұрғылау ғимараттарын тасымалдау. Мөлшерлер бұрғылау ғимаратын бөлшектеумен және бөлшектеусіз тасымалдау шарттары үшін берілген.

283. Ғимаратпен бірге құрастырылған (бір блок) мачталармен жылжымалы бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және орын ауыстыру.

Жұмыстарды жүргізу шарттары:

Бұрғылау ғимаратымен бір негізде өзінің көлік басазында құрастырылған мачталары бар жылжымалы бұрғылау қондырғылары бөлшектелмей бір блокпен тартумен өндіріледі. Саз араластырғыштар, ыдыстар, бұрғылау құралы және өзге көмекші жүктер мөлшерлерде қосымша жеке блоктарды тасымалдау ретінде ескерілген.

Жұмыс құрамы: бұрғылау қондырғысының, тазалау жүйесінің және мұнара құрылыстарын орналасу орындарын бөлу; топырақтарды лақтырумен және түзу емес жерлерді кесумен алаң беткейлерін түзету; айналым жүйесін орналастыру және бөлшектеу; металдан жасалған ыдыстарды қондыру және жылжыту; бутобетонды іргетестар құрылғысы; бұрғылау бағанын бөлшектеу; бағыттаушы құбырды орнату және көтеріп алып шығу; дайындау алаңында жылжымалы

бұрғылау қондырғысын орналастыру; мачтаны көтеру, оны ортаға орналастыру, бекіту, қондырғы және электр жабдығының жерлендіру құрылғысы, талды жүйені жұмыс күйіне тексеру және келтіру; еденді төсеу; саз араластырғышты орнату; шаю сұйықтықтарымен немесе техникалық сумен тұндырғыштарды толтыру; бұрғылау агрегатын жүктеу; бұрғылау қондырғысын бөлшектегеннен кейін ыдыстарды, саз араластырғыштарды және өзге жабдықтарды тасымалдауға дайындау; блоктарды жалғау, ажырату; 1 км қашықтыққа дейін бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстыру; көлік амалдарына жинаумен бұрғылау құралдарын және өзге жүктерді тиеу және түсіру; тасымалданатын жабдықтары және құралдары бар бұрғылау қондырғысына жолсерік болып отыру; жолда қажетті жұмыстарды орындау; бұрғылау аяқталғаннан кейін үңгірлерді және траншеяларды көму; реперді орнату; тасымалдағаннан кейін топырақты тегістеу.

Бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға еңбек, уақыт шығындарының мөлшерлемелері 36, 37, 38 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес) келтірілген.

284. Бұрғылау ғимаратын бөлшектемей мұнаралы мұнарасы бар жылжымалы бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және тасымалдау

Жұмыстарды өткізу шарттары:

Бұрғылау ғимаратын бөлшектемей бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстырғанда мөлшерлер төмендегі жұмыстар өндірісінің шарттарына келтірілген:

1) бұрғылаудың жаңа нүктесіне орнын ауыстырғанда мұнара секциялар бойынша бөлшектенеді, бұрғылау агрегат жеке блоктармен бөлшектенеді, бұрғылау ғимараты бөлшектелмей тасымалданады; тасымалдау амалы бұрғылау мұнарасын және агрегатын бөлшектеумен кестелерінде таңбаланған;

2) жаңа нүктеге тасымалдаған кезде бұрғылау мұнарасы бөлшектелмей тасымалданады (бұрғылау агрегаты бұрғылау ғимаратымен бірге тасымалданады – бір блок), тасымалдану амалы екі блоктары бар кестелерде шартты белгіленген.

Саз араластырғышты, ыдыстарды, бұрғылау құралын және өзге көмекші жүктерді тасымалдау қосымша блоктарды тасымалдау ретінде бұрғылау қондырғыларын тасымалдау мөлшерлерімен ескерілген.

Жұмыс құрамы: бұрғылау қондырғысының, тазалау жүйесінің және мұнара құрылыстарын орналасу орындарын бөлу; топырақтарды лақтырумен және түзеу емес жерлерді кесумен алаң беткейлерін түзету; айналым жүйесін орналастыру және бөлшектеу; металдан жасалған ыдыстарды қондыру және жылжыту; бутобетонды іргетестар құрылғысы; бұрғылау бағанын бөлшектеу; бағыттаушы құбырды орнату және көтеріп алып шығу; "а)" нұсқасы үшін – бұрғылау мұнарасы секциялар бойынша бөлшектенеді; "б)" нұсқасы үшін – бөлшектелмей көлденең күйде тасымалданады; бұрғылау агрегатын құрастыру, бөлшектеу,

бұрғылау ғимаратын бөлшектемей тасымалдау; қондырғы және электр жабдығының жерлендіру құрылғысы, дайындалған шаю сұйықтығымен тұндырғыштарды толтыру; бұрғылау қондырғысын бөлшектегеннен кейін жабдықтарды тасымалдауға дайындау: км қашықтыққа дейін бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстыру; жолда трактордыжалғау,

талды жүйені жұмыс күйіне тексеру және келтіру; еденді төсеу; саз араластырғышты орнату; шаю сұйықтықтарымен немесе техникалық сумен тұндырғыштарды толтыру; бұрғылау агрегатын жүктеу; бұрғылау қондырғысын бөлшектегеннен кейін ыдыстарды, саз араластырғыштарды және өзге жабдықтарды тасымалдауға дайындау; блоктарды жалғау, ажырату; 1 км қашықтыққа дейін бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстыру; көлік амалдарына жинаумен бұрғылау құралдарын және өзге жүктерді тиеу және түсіру; жолда трактордықосу, ажырату, жолсерік болып отыру; бұрғылау аяқталғаннан кейін үңгірлерді және траншеяларды көму; реперді орнату; тасымалдағаннан кейін топырақты тегістеу.

Бұрғылау ғимаратын бөлшектемей мұнаралы мұнарасы бар жылжымалы бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлері, еңбек шығындарының мөлшерлері 39 – 44 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) келтірілген.

285. Бұрғылау ғимаратын бөлшектеумен және құрастырумен мұнаралы мұнарасы бар бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және тасымалдау.

Жұмыстарды өткізу шарттары:

Мөлшерлер келесі шарттар үшін келтірілген: бұрғылау мұнарасы тетік бөлшектер бойынша, секциялар бойынша бөлшектенеді, бұрғылау агрегаты – жеке блоктарға бөлшектенеді, бұрғылау ғимараты толық бөлшектеумен тасымалданады.

Жұмыс құрамы: бұрғылау қондырғысының, тазалау жүйесінің және мұнара құрылыстарын орналасу орындарын бөлу; топырақтарды лақтырумен және түзеу емес жерлерді кесумен алаң беткейлерін түзету; айналым жүйесін орналастыру және бөлшектеу; металдан жасалған ыдыстарды қондыру және жылжыту; бутобетонды іргетестар құрылғысы; бұрғылау бағанын бөлшектеу; бағыттаушы құбырды орнату және көтеріп алып шығу; тетік бөлшектер бойынша металдан жасалған мұнараны құрастыру, бөлшектеу; жеке блоктармен - бұрғылау агрегатын құрастыру, бөлшектеу; трактордыжабдықтау, дайындалған іргетастар мен негіздерге агрегаттың жеке блоктарын және бөлшектерін алып келу; сорғыштарды орау. Бұрғылау ғимаратын толық құрастыру және бөлшектеу; қондырғы және электр жабдығының жерлендіру құрылғысы; саз айналдырғышты орнату; шаю сұйықтықтарымен немесе техникалық сумен тұндырғыштарды толтыру; бұрғылау агрегатын ретке келтіру; бұрғылау қондырғысын

бөлшектегеннен кейін ыдыстарды, саз араластырғыштарды және өзге жабдықтарды тасымалдауға дайындау; көлік амалдарына бұрғылау құралын, бөлшектелген бұрғылау ғимаратын және бұрғылау агрегатының жеке блоктарын, бұрғылау мұнараларының тетік бөлшектерін жинаумен тиеу, түсіру; 1 км қашықтыққа дейін орнын ауыстыру; жолда трактордың қосу, ажырату, жолсерік болып отыру; бұрғылау аяқталғаннан кейін үңгірлерді және траншеяларды көму; реперді орнату; тасымалдағаннан кейін топырақты тегістеу.

Бұрғылау ғимаратын бөлшектеумен және құрастырумен мұнаралы мұнарасы бар бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлері, еңбек шығындарының мөлшерлері 45 – 50 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) келтірілген.

286. Айналмалы ротор түріндегі өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және тасымалдау.

Жұмыс құрамы. бұрғылау қондырғысының, тазалау жүйесінің және мұнара құрылыстарын орналасу орындарын бөлу; алаңды түзету; айналым жүйесін орналастыру және бөлшектеу; шаю сұйықтықтарымен тұндырғыштарды толтыру ; бағыттаушы құбырды орнату және көтеріп алып шығу; бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу; металдан жасалған ыдыстарды орнату және сүйрету; тасымалдау үшін бұрғылау бағанын бөлшектеу; жинақтаумен көлік амалына жабдықтарды және құралдарды тиеу және түсіру; тасымалдауды өндіруге жағдай жасайтын күйге өздігінен жүретін бұрғылау қондырғысын келтіру; өздігінен жүретін бұрғылау қондырғысының орнын ауыстыру және 1 км дейінгі қашықтыққа жүктерге жолда жолсерік болу; бұрғылау аяқталғаннан кейін үңгірлерді және тарншеяларды көму; реперді орнату; тасымалдағаннан кейін топырақты тегістеу.

Айналмалы ротор түріндегі өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлері, еңбек шығындарының мөлшерлері 51 – 55 (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) кестелерде келтірілген.

287. Жерасты тау қазбаларында бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу.

Жұмыс құрамы: бұрғылау агрегатын және жабдықтарын құрастыру және бөлшектеу; бұрғылау жабдығын және құралын тиеу және түсіру; бағыттарды орнату; төсеніште төсеп салу; айналым жүйесін орналастыру және бөлшектеу; репперді орнату.

Жерасты тау қазбаларында бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге уақыт мөлшерлері, еңбек шығындарының мөлшерлері 56 – 58 (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) кестелерде келтірілген.

288. Жаңа нүктеге бұрғылау ғимараттарының орнын ауыстыру.

Жұмыстарды өткізу шарттары. Бұрғылау ғимараттары тәулік бойы тұрақты және жылжымалы бұрғылау қондырғыларымен бұрғылағанда және қыс мезгілінде өздігінен жүретін бұрғылау қрндырғыларымен бұрғылағанда пайдаланылады. Бұрғылау ғимараттарын құрастыру дайын элементтерден өндіріледі.

Уақыт мөлшерлері келесі жұмыс өндірістерінің шарттары үшін келтірілген:

1) бөлшектеумен және құрастырумен бұрғылау ғимараттарын тасымалдау,

2) бөлшектеусіз бұрғылау ғимараттарын тасымалдау.

1). Бөлшектеумен және құрастырумен бұрғылау ғимараттарын тасымалдау.

Жұмыс құрамы: материалдар мен бұйымдарды жақындату, негіздерді орнату; ғимарат кесінділерін құрастыру, мүк немесе паклдер паздарын төсеу; едендер мен төбені төсеу, төбелерді бекіту; терезе және есік жақтауларын орнату; бұрғылау ғимаратын бөлшектеу үшін бұйымдарды дайындау және жабдықтау; бұрғылау ғимаратын бөлшектеу; жарамсыз элементтерді ауыстыру үшін қосымша сабақтарды дайындап шығару; ғимарат үшін матреиалдарды тиеу және түсіру; 1 км материалдарды тасымалдау, жолда жолсерік болып жүру.

Бөлшектеумен және құрастырумен бұрғылау ғимараттарын тасымалдауға уақыт мөлшерлері, еңбек және көлік шығындарының мөлшерлері 59-61 (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) кестелерде келтірілген.

2). Бөлшектеусіз бұрғылау ғимараттарын тасымалдау (бір блок).

Жұмыс құрамы: трактoрға блокты (ғимаратты) тіркеу және ажырату, 1 км дейінгі қашықтыққа блоктың орнын ауыстыру, жолда жолсерік болып жүру.

Бөлшектеусіз бұрғылау ғимараттарын тасымалдауға уақыт мөлшерлері, еңбек және көлік шығындарының мөлшерлері 62-64 (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасы) кестелерде келтірілген.

8-тарау. Керн гидрокөлігімен техникалық амалдар кешендерімен геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылау

289. Осы бөлімде болат және тез тұтанатын бұрғылау құбырларымен, қозғалмалы айналмасы бар өздігінен жүретін және жылжымалы бұрғылау қондырғыларымен керн гидрокөлігімен (КГК) бұрғылау үшін техникалық амалдар кешенімен геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылауға, жаңа нүктеге бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға сметалық мөлшерлер келтірілген.

290. Осы бөлімде алдын – ала ескерілмеген жалпы ережелерді 1 бөлім бойынша қабылдаған жөн.

291. Бұрғылаумен қатар жүретін көмекші жұмыстарға шығындарды анықтағанда мөлшерлер пайдаланылады.

292. Бұрғылау кезінде материалдық – техникалық жабдықтау үшін автокөлік, жаңа нүктеге бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға – автокөлік және тарктор көлігі алдын – ала көзделген.

293. Өндірістік көлік шығындарының мөлшерлерінде ұңғымаға суды алып келу ескерілген (1 мәшине – ауысым 1 білдек - ауысым).

294. Осы мөлшерлерде ескерілмеген және ұңғыманы тарату тығындауына, ұңғымадан кернді алып шығуға және бағандарды (вагон – үйшіктер) тасымалдауға қосымша шығындар есептеледі.

295. Ұйымдастырушылық техникалық және технологиялық шарттар:

жұмыс уақытының жылдық қоры келесі деп қабылданған: 1224, 915, 610 жылжымалы бұрғылау қондырғылары үшін білдек – ауысымда және өздігінен жүретін бұрғылау қондырғылары үшін 915, 610 және 305 білдек - ауысым;

жұмыс уақытының нақты жылдық қоры өндіріс шарттары, жұмыстың ұйымдастырылу және көлемі негізінде жобамен дәлелденеді;

бұрғылауға уақыт мөлшерлері ұңғыманың 100 м білдек – ауысымда келтірілген. Мөлшерлер жер бетінен қозғалмалы айналмасы бар жылжымалы және өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен тік ұңғымалар үшін анықталған;

бұрғылау диаметрі 92 мм дейін;

жыныстар дәрежесі - I-IV. Одан асатын дәрежелерге ие болатын жыныстарда бұрғылау жұмыстарын жүргізгенде бұрғылауға сметалық құн уақытша жобалық – сметалық мөлшерлерді құрастыру жолымен анықталады.

Дәрежелер бойынша тау жыныстарының топтастырулары 17 кестеде (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасы) келтірілген.

296. Уақыт шығындарын есептеу үшін ұңғымалар келесі аралықтар бойынша топтастырылады: 0-50, 0-100, 0-300. Сонымен бірге мұнда 0-50 аралығына 75 м дейінгі тереңдіктегі ұңғымалар, 0-100 аралығына – тереңдігі 75 – тен 149 м-ге дейінгі ұңғымалар, 0-200 аралығына – 150 – ден 249 м- ге дейінгі ұңғымалар жатады.

297. Қабылданған ұйымдастырушылық – техникалық және геологиялық шарттардан ауытқыған жағдайда уақыт мөлшерлеріне түзету коэффициенттері қолданылады, олар уақыт және баға нормаларының 4-қосымшасына сәйкес 65-кестеде алдын – ала көзделген.

298. Керн гидрокөлігімен айналмалы механикалық бұрғылауда жұмыс құрамы: бұрғылауға дайындау; ұңғыманың тереңдетілуі; бұрғылау бағанын өсіру ; керн материалы мен шламның толық шығарылғанына дейін шаю жүйесін айдау; бұрғылау құбырлар бағанын көтеру және түсіру; бұрғылау бұрғытәжін ауыстыру ; бұрғылау және көмекші қондырғының және құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі;

шламнан керн қабылдаушы қондырғыны тазарту; кернді керн жәшіктеріне салу; геологиялық және техникалық құжаттаманы жүргізу; кернді зерттеу және ұңғыма бойынша геологиялық тілікті құрастыру.

Керн гидрокөлігімен ұңғымаларды бұрғытәж бұрғылауға уақыт мөлшерлемелері, еңбек және көлек шығындарының мөлшерлері 66 – 68 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 4-қосымшасы) келтірілген.

299. Керн гидрокөлігімен бұрғылағанда жаңа нүктеге бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға мөлшерлер өздігінен жүретін және жылжымалы бұрғылау қондырғылары үшін келтірілген.

300. Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау нүктесінде алаңды дайындау, ыдыс автосүйретпесін орнату, сүйретпені жалғау, нүктеде бұрғылау қондырғысын жайғастыру, жұмысқа басқару пультін дайындау, мастаны көтеру және бекіту, гидравликалық домкратты орнату, шаю жүйісін құрастыру, бұрғылау құбырлар сүресін жүктемелеу, белгілегіштерді ажырату, домкраттарды бөлшектеу, айналма жүйесін ажырату, мачтаны түсіру және бекіту, құбыр және сүрені жүктеу, бұрғылау қондырғысынан ыдыс – сүйретпесін ажырату, бұрғылау қондырғысын көшуге дайындау және 1 км бұрғылау қондырғысының орнын ауыстыру.

301. Мөлшерлерде есептегеннен жоғары қашықтыққа бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстырғанда жұмыс құрамы: жолда жолсерік болып жүру, ажыратулар, тасымалданатын блоктарды жалғау.

302. Керн гидрокөлігімен бұрғылағанда жаңа нүктеге бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлері , ИТҚ, жұмысшылардың және көліктің еңбек шығындары уақыт және баға нормаларының 4-қосымшасына сәйкес 69 – 73-кестелерде келтірілген.

9-тарау. Иірмені пайдаланумен бұрғылау

303. Осы бөлімде сынамаларды және үлгілерді міндетті алуда иірмені пайдаланып ұңғымаларды бұрғылауға мөлшерлер келтірілген.

304. Сынамалар алмай, иірмені пайдаланумен бұрғылағанда "Сейсмобарлау жұмыстары үшін кернсіз ұңғымаларды бұрғылау" бөлімінде келтірілген уақыт мөлшерлерін пайдаланған жөн.

305. Ұңғымаларды беріктеу құбырларымен бекіту қажеттілігі туындаған жағдайда уақыт шығындары "Ұңғымаларды бұрғылаумен бірге жүретін іргелес жұмыстар" бөлімі бойынша келтірілген мөлшерлер бойынша анықталады. Беріктеу құбырларының құны жеке есептеулермен анықталады.

Бұрғылау тереңдігі 50 м дейін.

Иірме диаметрі 175 мм дейін.

Тау жыныстарының топтастырулары 78 кестеде (уақыт және баға нормаларының 5-қосымшасына сәйкес) келтірілген.

Жұмыс уақытының жылдық қоры 610 білдек – ауысым деп қабылданған.

Көлік – жеңіл мәшине.

306. Ұңғымаларды бұрғылауға қабылданған техникалық және ұйымдастырушылық шарттардан ауытқығанда уақыт мөлшерлеріне

уақыт және баға нормаларының 5-қосымшасына сәйкес 74-кестеде келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

307. Иірмені пайдаланумен ұңғымаларды бұрғылауға уақыт мөлшерлері, еңбек және көлік мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 5-қосымшасына сәйкес 75-77-кестелерде келтірілген.

Жұмыс құрамы: ұңғымаларды бұрғылау; жобамен алдын – ала көзделген аралықтарда сынамалар мен үлгілерді алу; ұңғымаларды қажетті материалдармен және құралдармен жабдықтау; бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі. Техникалық құжаттамаларды жүргізу.

10-тарау. Сейсмикалық барлау ұңғымаларын бұрғылау

308. Осы бөлімде айналмалы ротор түріндегі өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен сейсмобарлау ұңғымаларын кернсіз бұрғылауға нақты түрде сметалық мөлшерлер келтірілген: УРБ-2А-2, УРБ-2,5А, УГБ-1ВС, УШ-2Т, УШ-2ТВ.

Уақыт мөлшерлері келесі шарттарды ескереді:

Қашауларды пайдаланумен бұрғылау тереңдігі - 100 м дейін; иірменікі- 50 м дейін;

Бұрғылау диаметрі 112- 175 мм;

Сумен, сазды қоспамен және қысылған ауамен ұңғыма кенжарын тазарту;

Бұрғылау құбырларының диаметрі – сәйкес бұрғылау қондырғысы үшін шырақтың (иірменің) шекті мүмкін болатын 60,3 с ұзындығымен.

309. Уақыт мөлшерлері келесі түрде жұмыстарды жүргізудің технологиясы және ұйымдастырылуы (мезгілдігі) бойынша дифференциялданған:

қыс мезгілінде жұмыс жасағанда;

барлық мезгілдер аралығында, қысқы мезгілді ғана қоспағанда, жұмыс жасағанда.

Тау жыныстарының топтастырылуы 17 кестеге (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) сәйкес қабылданған. Әр жеке жұмыстар аудандары бойынша жыныстардың топтарын нақтылау үшін өзінің жеке эталондық топтамасы құрастырылады, онда бұрғылау бойынша жыныстар дәрежесі сәйкес актімен расталып отырылу керек.

310. Қабылданған шарттардан ауытқыған кезде уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасына сәйкес 79-кестемен алдын – ала көзделген жағдайларда түзету коэффициенттерімен түзетіледі, ал иірлікті пайдаланумен сесмобарлау ұңғымаларын бұрғылағанда (уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасы 82-кесте) уақыт мөлшерлеріне 74-кестенің (уақыт және баға нормаларының 5-қосымшасы), "Иірмені бұрғылау" бөлімі түзету коэффициенттері қолданылады.

311. Қабырғалардың құлауымен байланысты қайта бұрғылау жағдайларында сейсмобарлау ұңғымаларын қайта пайдаланғанда келесі уақыт мөлшерлері қолданылады (уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасына сәйкес 80-кесте);

I-III дәрежелі жыныстар үшін – I дәрежеге арналған мөлшерлер;

IV-V үшін – II дәрежеге арналған мөлшерлер;

VI-VIII үшін – IV дәрежелерге арналған мөлшерлер.

312. Жұмыс уақытының жылдық қоры 915, 610 және 457 білдек – ауысымдар деп қабылданған.

313. Беріктеу құбырларымен ұңғымаларды бекіту қажеттілігі жағдайында уақыт шығындары "Ұңғымаларды бұрғылаумен іргелес жүретін көмекші жұмыстар" бөлімінде келтірілген уақыт мөлшерлері бойынша анықталады. Беріктеу құбырларымен ұңғымаларды бекіту шығындары сметалық – қаржылық есептермен анықталады.

314. Қиын өтетін аумақтарда жүргізілетін бұрғылау жұмыстарының материалдық – техникалық жабдықтауы үшін тракторлы көлік алдын – ала көзделген, ал қалған аумақтар үшін – автокөлік көзделген. Көлік шығындарының мөлшерлері участке өлшеміне тәуелсіз, участке ішіндегі бұрғылау жұмыстарына қызмет көрсетулерін ескереді.

315. Қашауларды пайдаланумен сейсмобарлау жұмыстары үшін ұңғымаларды кернсіз бұрғылау.

316. Жұмыс құрамы: бұрғылау; снарядты түсіру және көтеру; бұрғылау снарядын түсірумен және көтерумен байланысты дайындау – қорытынды жұмыстар; шаю сұйықтығымен (қысылған ауамен) ұңғыма кенжарын тазарту; шламдарды алу, тығындарды алып тастау; бұрғылау қашауын ауыстыру; бұрғылау құбырларын өсіру, ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және № 1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; шаю сұйықтығын дайындау үшін сумен, материалдармен және өзге де қажетті материалдармен және құралдармен жабдықтау; геологиялық-техникалық құжаттаманы жүргізу.

317. Сейсмобарлау жұмыстары үшін кернсіз ұңғымаларды бұрғылауға уақыт нормалары қашауды қолданумен уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасына сәйкес 80, 81-кестелерде келтірілген.

318. Иірмені қолданумен сейсмобарлау жұмыстары үшін ұңғымаларды бұрғылау.

319. Жұмыс құрамы: бұрғылау; иірменің бағаналарын күшейту; ұңғымаларды тазалау; бағаналық иірмені көтеруге байланысты дайындық-қорытынды жұмыстар; бұрғылау және көмекші құралдың ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі; геологиялық және техникалық құжаттаманы жүргізу.

320. Иірмені пайдаланумен сейсмобарлау жұмыстары үшін кернсіз ұңғымаларды бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасына сәйкес 82-кестеде келтірілген.

321. Еңбек және көлік шығындарының мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 6-қосымшасына сәйкес 83-85-кестелерге келтірілген.

11-тарау. Ұңғымаларды соққылы – арқанды бұрғылау

322. Осы бөлімде электр қозғалтқыштарымен және іштен жану қозғалтқыштарымен соққылы – арқанды білтектерімен ұңғымаларды бұрғылауға сметалық мөлшерлер келтірілген. Сметалық мөлшерлер екі жағдайлар үшін жобаланған:

1) бос кен орындарды қоспағанда барлық кен орындарын барлағанда;

2) бос кен орындарын барлағанда.

Бұрғылау диаметрлері бойынша сметалық мөлшерлер келесі ұңғымалар тобына келтірілген:

Диаметрі 273 мм дейін;

Диаметрі 273 мм және одан аса.

323. Бұрғылаумен қатар жүретін көмекші жұмыстарға шығындар (осы бөлімде алдын – ала көзделген жұмыстарды қоспағанда) мөлшерлер бойынша анықталады.

324. Бұрғылауға өндірістік көлік автокөліктік деп, бұрғылау қондырғыларын құрастырғанда, бөлшектегенде және тасымалдағанда – тракторлы көлік деп қабылданған.

1-параграф. Шашыранды кен орындарды қоспағанда барлық кен орындарын барлағанда соққылы – арқанды бұрғылау

325. Технико-технологиялық және ұйымдастырушылық шарттары:

ұңғыма тереңдігі - 200 м дейін;

беріктеу құбырларының астына бұрғылау диаметрі, мм: 168, 219, 273, 325, 377, 426, 478;

бір рейсте I-IV дәрежелі жыныстар үшін тереңдету – 1 м деп, V-VI дәрежелі жыныстар үшін - 0,5 м деп қабылданған;

жұмыс уақытының жылдық қоры - 915 және 610 білдек - ауысым;

бұрғылауға уақыт мөлшерлері беріктеу құбырларына бекітуді есепке алмай келтірілген;

бекітуге уақыт шығындары уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 96-кестеде келтірілген мөлшерлер бойынша есептеледі;

беріктеу құбырларының шығындары жобада дәлелденеді;

беріктеу құбырларының құны сметалық – қаржылық есептеулер бойынша анықталады;

бұрғылау бойынша тау жыныстарының топтастырылулары уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 103-кестеде келтірілген.

326. Жұмыс құрамы: бұрғылау снарядын құрастыру және дайындау, бұрғылау жұмыстарының өзі, жабдықтың және бұрғылау құралының ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 техникалық қызмет көрсетілуі, ұңғыманы технологиялық материалдармен және сумен жабдықтау, техникалық құжаттаманы жүргізу.

327. Бос кен орындарды қоспағанда, барлық кен орындарын барлау кезінде ұңғымаларды соққылы – арқанды бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 86-кестеде келтірілген.

2-параграф. Шашыранды кен орындарын барлау кезінде соққылы – арқанды бұрғылау

328. Осы түр үшін БУ-20-2УШМ, УГБ-3УК, УГБ-4УК электрқозғалтқыштары және "Амурец-100" іштен жану қозғалтқышы бар білдектермен бұрғылау алдын ала көзделген.

329. Техникалық, технологиялық және бұрғылаудың ұйымдастырушылық шарттары:

бұрғылау I-IV дәрежедегі еріген жыныстарда өндіріледі. Тау жыныстарының топтастырулары уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 104-кестеде келтірілген;

бұрғылау снарядының салмағы жыныс қаттылығы мен бұрғылау білтегінің қуатына сәйкес үйлестіріліп алынады, бұрғылау ұңғымаларды беріктеу құбырларымен бір уақытта бектіу жұмыстарымен қатар жүреді;

барлық алынған материал жуып – шаю қондырғыларына жуып – шаю үшін келіп түседі;

уақыт мөлшерлері тереңдігі 100 м (0-20, 0-40, 0-60, 0-80, 0-100) дейінгі ұңғымалар үшін 20 метрлік аралықтар арқылы келтірілген;

сынап көру аралықтарының талаптарына тәуелді бір рейске тереңдеу 0,20 және 0,50 м деп қабылданған. Бір рейске тереңдеу ұлғайған жағдайда түзету коэффициенттері енгізіледі (уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 88-кесте), олар бір рейсте 0,5 м тереңдеуде уақыт мөлшерлеріне қолданылады;

жұмыс уақытының жылдық қоры: 1224, 915, 610 және 305 білдек - ауысым.

Беріктеу құбырларымен ұңғымаларды бекітумен бұрғылағанда мөлшерлер беріктеу құбырларының диаметрлеріне сәйкес келтірілген. Бекітусіз бұрғылағанда мөлшерлер қашау диаметрі бойынша (қ.) көрсетілген.

330. Еріген тау жыныстарында беріктеу құбырларымен бекітумен БУ-20-2УШ білдегімен бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7 -қосымшасына сәйкес 89-кестеде келтірілген.

331. Еріген тау жыныстарында беріктеу құбырларымен бекітумен "Амурец-100" білдегімен бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 90 кестеде келтірілген.

332. Еріген тау жыныстарында УГБ-ЗУК, УГБ-4УК білдегімен бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 91-кестеде келтірілген.

333. Қабылданған шарттардан ауытқығын жағдайда уақыт мөлшерлеріне түзету коэффициенттері қолданылады, олар уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 87-кестеде келтірілген.

334. Жұмыс құрамы: бұрғылау снарядын құрастыру және дайындау, беріктеу құбырларын бекітумен және сынап көрудің 1 циклына тереңдеумен бұрғылаудың өзі, ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі, ұңғыманы технологиялық материалдармен және сумен жабдықтау, геологиялық және техникалық құжаттаманы жүргізу, материалдарды алдын – ала камералды өңдеу.

3-параграф. Ұңғымаларды бұрғылауда жалғаспалы жүретін көмекші жұмыстар

335. Ұңғымаларды сазбен нығыздау

Жұмыс құрамы: сазды шариктерді дайындау және оларды ұңғыма кенжарына жеткізу; бұрғылау құбырлар бағанында тығындау снарядын түсіру; сазды тығындау; бұрғылау құбырлар бағанынды тығыздау снарядын көтеріп шығару.

336. Ұңғыманы сазбен тығындауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 92-кестеде келтірілген.

337. Ұңғымаларды тығындау (ВМ зарядтарының көмегімен ұңғымаларда бейгабариттерді бөлшектеу)

Жұмыс құрамы: кенжар үстінде беріктеу құбырларын 2- 3 м көтеру (бұрғылау – жару жұмыстарының төлқұжатына сәйкес беріктеу бағанының табанын

сақтандырғышы үшін); жұмысшылардың қауіпсіз жерге дейін кейін шегінуі; зарядты дайындау және ұңғымаға тарпеданы түсіріп жіберу; ағаш тығынды қою; жарғыштың қауіпсіз жерге дейін кейін шегінуі; сымжелілердің жарғыш мәшинеге жалғау, жаруды өндіру; бригаданың жасырынған қауіпсіз жерден шығуы, білдекке жақындауы және жұмысқа дайындығы; жарылғаннан кейін жыныс үйінділерін қайта бұрғылау (III дәрежелі жыныстың 2-3 м); кенжарға дейін беріктеу құбырларымен бекіту (2-3 м).

338. Ұңғымаларды тарпедалауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 93-кестеде келтірілген.

339. Арқаны бар топырақ көтергішпен сынамалар алуға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 94-кестеде келтірілген.

340. Беріктеу құбырларымен ұңғымаларды бекіту және оларды көтеріп алып шығу

Жұмыс құрамы:

1). Муфталық байланыста құбырлармен ұңғымаларды бекіту: құбырларды іріктеу, бұранданы мен калибрін тексеру, құбырларды бұрау, қамыттарды орнату және шешіп алу, бекітілген участкеге бағандарды түсіру, ұңғыманың бекітілмеген бөлігіне бағандарды отырғызу, соққышпен білдекті жабдықтау және онымен жұмыс жасау, соққыш бастиегін орнату және шешіп алу, бағанды түсіру алдында және құбырларды қондырып болғаннан кейін ұңғымаларды тазалау.

2). Пісіріп жалғағанда ұңғымаларды құбырлармен бекіту: құбырларды іріктеу , түйісулерін калибрлеу, қамыттарды орнату және шешіп алу, бекітілген участкеге бағандарды түсіру, ұңғыманың бекітілмеген бөлігіне бағандарды отырғызу, соққышпен білдекті жабдықтау және онымен жұмыс жасау, ұңғыманы тазарту.

3). Білдек шығыры көмегімен құбырларды көтеріп алып шығуда: ұңғымалардын құбырларды көтеріп алып шығу (олардың жүрісімен), қамыттарды дайындау және шешіп алу, құбырларды бұрап алу немесе құбырларды газбен кескенде пісірушіге көмек көрсету; 20 м дейінгі қашықтыққа құбырлардың орнын ауыстыру, штабельге құбырларды жатқызу, негіз блогын құрастыру және бөлшектеу.

4). Домкрат көмегімен құбырларды көтеріп алып шығуда: ұңғыма аузында шпалдарға швеллерлерді бүктеп салу, домкраттарды орнату және оларды сынап көру, қамыттарды орнату және шешіп алу жүріп ұңғымалардан құбырларды көтеріп шығару, құбырларды бұрау және құбырларды бұрап алу немесе құбырларды газбен кескенде пісірушіге көмек көрсету, 20 м дейінгі қашықтыққа құбырлардың орнын ауыстыру, штабельге құбырларды жатқызу, негіз блогын құрастыру және бөлшектеу.

341. Беріктеу құбырларымен ұңғымаларды бекітуге және оларды ұңғымалардан көтеріп алып шығуға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 96-кестеде келтірілген.

342. Соққылы – арқанды білдектермен ұңғымаларды бұрғылауға ИТҚ мен жұмысшылардың еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 97, 98-кестелерде келтірілген.

343. Барлық кен орындарды, шашырандыларды қоспағанда, УГБ-50М және УГБ-1ВС бұрғылау қондырғыларымен 0-50 м тереңдігі бар ұңғымаларды соққылы арқанды бұрғылауға уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 103-кестеде келтірілген.

4-параграф. Соққылы – арқанды бұрғылаудың бұрғылау қондырғыларын құрастыру, бөлшектеу және тасымалдау.

344. Жұмыс құрамы: білтекті орнатар алдында – ауданды тегістеу; бағандардан жақтау салу; жақтауға білтекті орнату және оларды созғыштармен бекіту, бұрғылау аяқталғаннан кейін арқандардан бұрғылау снарядын және құралын ажырату, барабанға арқандарды орау, білтектен электр энергиясын келтіретін сымжеліні жалғау;

1) құрастырғанда, білдек астына жақтау алып келу және төсеу, құрастырушы көпірді орнату, мачтаны көтеру, созғыштармен білтек мачтасын беріктеу; іргетасқа білдекті бекіту; қоршауларды орнату, сынамалық іске қосу;

2) бөлшектегенде, электр желісінен білтекті ажырату, іргетас жақтауынан білтекті шешіп алу, мачтаны түсіру, білтекті, құралды және жабдықтарды тасымалдауға дайындау, реперді орнату, трактормен білтекті жалғау, білтектің орнын ауыстыру (трактормен немесе өз күштерімен), жабдықты және құралды жүктеу, білтекті шешу және жаңа нүктеде орнату, тасымалдау кезінде жүктерге жолсерік болу.

345. Мөлшерлемелерде алдын – ала көзделген қашықтықтан 1 км асатын қашықтыққа соққылы – арқанды бұрғылау қондырғыларын тасымалдағанда жұмыс құрамы: көлік амалдарын қарап – шығу, тексеру; бұрғылау қондырғысына, жабдықтарға және құралға жолсерік болып отыру; жабдықтары бар қондырғыны қалыпты тасымалдануын қамтамасыз ету үшін жолда қажетті жұмыстарды орындап отыру.

346. Барлау желісі бойынша бұрғылау қондырғыларының орнын ауыстыруда жұмыс құрамы; жаңа ұңғыма болатын нүктеге бұрғылау қондырғысын, жабдығын және бұрғылау құралын жылжыту; бұрғылау қондырғысын құрастыру және бұрғылауға дайындау; бұрғылау қондырғысын бөлшектеу және келесі ұңғыма болатын нүктеге тасымалдау; реперді орнату.

346. Соққылы – арқанды бұрғылаудың бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлемелері 99 кестеде келтірілген, барлау желісі бойынша бұрғылау қондырғыларын тасымалдауға еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 100-102-кестелерде келтірілген.

347. Мөлшерлерде жылжымалы электр бекетін, ыдыстарды және бұрғылау құралын тасымалдауға мөлшерлер ескерілген.

348. Қыс мезгілінде құрастыру мен бөлшектеуді өндіргенде уақыт мөлшерлері жұмысшыларды жылытуға қосымша уақыт есебінен ұлғаяды. Қыс мезгіліндегі жұмыс шарттарына түзету коэффициенттері "Қыс мезгілінде жұмыстардың қымбаттауы" бөлімінде келтірілген.

349. УГБ-50М және УГБ-1ВС бұрғылау қондырғыларын құрастыруға, бөлшектеуге уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 7-қосымшасына сәйкес 99-1-кестесінде келтірілген.

12-тарау. Пневмасоққылы мәшинелерді қолданып барлау ұңғымаларын бұрғылау

350. Осы тарау пневмасоққылы мәшинелерді қолданып бағаналы және кернсіз амалмен жер бетінен ұңғымаларды бұрғылауға уақыт мөлшерлері мен нормативтерінен тұрады.

351. Бөлімге СКБ-4, СКБ-5 шпиндель түріндегі, УРБ-2,5А ротор түріндегі және УРБ-2А2 қозғалмалы түрдегі айналмасы бар сериямен шығарылатын өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен ұңғымаларды бұрғылауға уақыт мөлшерлері қосылған.

352. Уақыт мөлшерлері 0-50; 50-100 және 100-150 м бұрғылау аралықтары, 105, 113 және 125 мм бұрғылау диаметрі үшін келтірілген.

353. Бұрғылау бойынша жұмыстар кешеніне кірмеген (беріктеу құбырларымен бекіту, ұңғымаларды тығыздау және ұңғымалардағы арнайы зерттеулер) жұмыстарға уақыт шығындары "Ұңғымаларды бұрғылаумен іргелес жүретін көмекші жұмыстар" бөлімінде келтірілген мөлшерлер бойынша анықталады.

354. Бұрғылаудың ұйымдастырушылық – техникалық, технологиялық шарттары пневмосоққылы бұрғылауға уақыт мөлшерлерімен ескерілген.

көкжиекке ұңғыма еңісінің бұрышы 80-900 құрайды;

бұрғылау қатпаған жыныстарда өндіріледі;

жұмыс уақытының жұмыс қоры өздігінен жүретін бұрғылау қондырғылары үшін жер бетінде 915 және 610 білдек – ауысым деп қабылданған.

355. Жыныстар дәрежесі тау жыныстарының топтастыруларына сәйкес қабылданған, олар уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына 115, 116-кестелерінде келтірілген.

356. Шпиндель түріндегі айналмасы бар жер бетінен өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен ұңғымаларды бұрғытәж бұрғылауға уақыт мөлшерлемелері 107 кестеде, кернсіз бұрғылауға – 108 кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына сәйкес).

357. Жұмыс құрамы: бұрғылау снарядын түсіру, ұңғыманың тереңдеуі, бұрғылау снарядын өсіру, ұңғымадан бұрғылау снарядын көтеру, кернді алып шығу және жыныстарды бұзатын құралды ауыстыру, жәшіктерге керндерді салу, бұрғылау және көмекші құралдарына ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі, ұңғымаларды материалдармен жабдықтау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

358. Ротор түріндегі айналмасы бар жер бетінен өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен ұңғымаларды бағаналы бұрғылауға уақыт мөлшерлері 109 кестеде, кернсіз бұрғылауға – 110 кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына сәйкес).

359. Жұмыс құрамы: бұрғылау снарядын түсіру, ұңғыманың тереңдеуі, бұрғылау снарядын өсіру, ұңғымадан бұрғылау снарядын көтеру, кернді алып шығу және жыныстарды бұзатын құралды ауыстыру, жәшіктерге керндерді салу, бұрғылау және көмекші құралдарына ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі, ұңғымаларды материалдармен жабдықтау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

360. Қозғалмалы айналмасы бар жер бетінен өздігінен жүретін бұрғылау қондырғыларымен ұңғымаларды бағаналы бұрғылауға уақыт мөлшерлері 111 кестеде, кернсіз бұрғылауға – 112 кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына сәйкес).

361. бұрғылау снарядын түсіру, ұңғыманың тереңдеуі, бұрғылау снарядын өсіру, ұңғымадан бұрғылау снарядын көтеру, кернді алып шығу және жыныстарды бұзатын құралды ауыстыру, жәшіктерге керндерді салу, бұрғылау және көмекші құралдарына ай сайынғы техникалық қызмет көрсетулері және №1 (ЗЖКТҚҚ бойынша) техникалық қызмет көрсетілуі, ұңғымаларды материалдармен жабдықтау, техникалық құжаттамаларды жүргізу.

362. Бұрғылау қондырғыларын құрастырғанда – бөлшектегенде және жабдықтағанда жұмыстардың типтік тізімі және оларды орындауға уақыт мөлшерлері келтірілген. Жылжымалы компрессорлық қондырғыларды, пневматикалық желілерді және шлам қарпығыш жүйені құрастырумен және бөлшектеумен байланысты уақыт мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына сәйкес 114-кестеде келтірілген. Бұрғылау бригадасының кезеңдік буынының сандық және біліктілік құрамы уақыт және баға нормаларының 8-қосымшасына сәйкес 113-кестеде келтірілген.

13-тарау. Ұңғымаларды қолмен бұрғылау

363. Ұңғымаларды құбырлармен бекітумен соққылы – айналмалы топтамамен қолмен бұрғылау. Әр түрлі жер қабаттары бар қабаттар шектерін және қалыңдықтарын топырақтардың жер қабаттарын сипаттаумен, сумен қаныққан көкжиектерді және су тіректерінің жатыс тереңдіктерін белгілеумен, су деңгейлерін өлшеумен, ұңғымада су деңгейлерін өлшеумен анықтау. Зертханалық анықтамалар мен талдауларды өндіру үшін топырақ және су сынамаларын алу. Бағандармен бұрғылау ұйғымаларын беріктеу. Дала журналын жүргізу. Бұрғылау бекетінде ағаш өсімдіктерін жинақтау, ауданды жоспарлау. Бөренелі үшаяқты құрылғысын орнату, үшаяқтыны және жабдықты орнату және бөлшектеу (тереңдігі 10 м асатын ұңғымалар үшін).

Жұмыс участкесінде қолмен бұрғылау кешенін тасымалдау, онда тиеу және жүк түсіру жұмыстары өндіріледі. Барлау желісі бойынша бұрғылау топтамасын, үшаяқтыны, топырақ және су сынамаларының орнын ауыстыру. Жұмыстар құрамында 2 және 3 разрядтағы екі жұмысшының отрядымен жүргізіледі, онда отряд басшысының және бұрғылау жұмыстары бойынша инженердің үлестік қатысуы болады.

364. Беріктелген құбырлармен мотобұрғылаушымен ұңғымаларды бұрғылау. Әр түрлі жер қабаттары бар қабаттар шектерін және қалыңдықтарын топырақтардың жер қабаттарын сипаттаумен, сумен қаныққан көкжиектерді және су тіректерінің жатыс тереңдіктерін белгілеумен, су деңгейлерін өлшеумен, ұңғымада су деңгейлерін өлшеумен анықтау

Зертханалық анықтамалар мен талдауларды өндіру үшін топырақ және су сынамаларын алу. Бағандармен бұрғылау ұйғымаларын беріктеу. Дала журналын жүргізу.

Бұрғылау бекетінде ағаш өсімдіктерін жинақтау, ауданды жоспарлау. Қондырғыны құрастыру және бөлшектеу және оған техникалық қызмет көрсету. Жұмыс участкесінде тасымалдау және су және топырақ сынамаларын бұрғылау топтамасының барлау желісі бойынша орын ауыстыру.

365. Уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары 117, 118 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 9-қосымшасына сәйкес) келтірілген. Жұмыстар құрамында 2 және 3 разрядтағы екі жұмысшының отрядымен жүргізіледі, онда отряд басшысының және бұрғылау жұмыстары бойынша инженердің үлестік қатысуы болады.

366. Бұрғылау бойынша тау жыныстарының топтастырулары 119 кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 9-қосымшасына сәйкес).

14-тарау. Қыс мезгілінде жұмыстардың қымбаттауы

367. Осы бөлімде қыс мезгілінде ұңғымаларды бұрғылағанда жұмыстардың қымбаттауына сметалық мөлшерлер келтірілген, олар дайындау, бұрғылау ғимараттарын жылыту үшін отындарды тиеу мен түсіруге, ашық алаңдарда және ұңғымаларды бұрғылау орындарында, төсеніш орындарында және бұрғылау мұнараларының жерасты алаңдарында қар тазалау бойынша жұмыс жасап жүрген бұрғылау бригадаларын жылытуға шығындардан тұрады.

368. Бұрғылау жұмыстарының қысқы қымбаттаулары бойынша шығындар есебі үшін қыс мезгілі аралығында бұрғылауға келетін білдек – ауысым саны анықталады, ол "Температуралық аймақтар бойынша Қазақстан аумағын бөлу" 9 қосымшада көрсетілген жылыту аралығының ұзақтылығы мен бұрғылау жұмыстарын өндірудің күнтізбелік кестесінен алынады.

369. Сонымен бірге білдек – ауысым саны бұрғылауға да және көмекші жұмыстарға да қолданылады, соның ішінде зерттеу жұмыстары, айдаулар және қыс мезгілінде өтетін ұңғымаларды цементтеумен байланысты технологиялық тұрып қалулар. Сметалық мөлшерлер 1 білдек – ауысымға келтірілген.

370. Қыс мезгілінде бұрғылау ғимараттарын және қондырғыларын құрастыруды, бөлшектеуді және тасымалдауды өндіргенде осы жұмыстарды орындауға уақыт мөлшерлері жұмысшыларды жылытуға уақытты есептеу есебінен ұлғаяды.

Қыс мезгілінде бұрғылау қондырғыларын құрастыруға бөлшектеуге және тасымалдауға уақыт мөлшерлері ұлғаюын ескеріп отыратын түзету коэффициенттері 120 кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 10-қосымшасына сәйкес).

371. Температуралық аймақтарға жатқызылмаған жерлерде, сонымен бірге биік таулы аймақтарда, ол жерлерде ауаның теріс температурасы кез келген жыл мезгілінде орын алуы мүмкін, бұрғылау қондырғыларының құрастырылуын, бөлшектенуін және тасымалдануын орындағанда қыс мезгілінде жұмыстарды өндіргенде уақыт шығындарының ұлғаюын ескеріп отыратын түзету коэффициенттері уақыт және баға нормаларының 10-қосымшасына сәйкес 121-кестеде келтірілген.

372. Қыс мезгілінің шарттарында бұрғылау және көмекші жұмыстардың қымбаттауына еңбек және көлік шығындарының мөлшерлері уақыт және баға нормаларының 10-қосымшасына сәйкес 122, 123-кестелерде келтірілген.

373. ҚР аумағын температуралық аймақтарға бөлу уақыт және баға нормаларының 10-қосымшасына сәйкес 124-кестеде келтірілген.

2-бөлім. Геофизикалық жұмыстар

1-тарау. Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер

2-параграф. Жалпы ережелер

375. Сметалық мөлшерлер және нормативтер жинағында құрылымдық – картаға түсіру, гидрогеологиялық ұңғымаларда, көмірге, кенге және өзге де минералды шикізаттың түрлеріне геологиялық таспаға түсіру кезінде бұрғыланатын ұңғымаларда, сонымен қатар ұңғымаларды инклиметрия (ҰГЗ) әдісімен жасайтын арнайы жұмыстарға уақыт мөлшерлері, еңбек шығындарының мөлшерлері келтірілген.

376. Мөлшерлер және нормативтер геологиялық барлау жұмыстарының тәжірибесінде кең өндірістік қолданыс тапқан келесі геофизикалық әдістерге және жұмыс түрлеріне жобаланған:

электрлік әдістер – болжамды кедергінің, табиғи потенциалдардың, сырғымалы байланыстардың, шақырылған потенциалдардың, бүйірлі токты бұрғытәж, микробұрғытәж, табиғи потенциалдар градиенті;

ядролық – геофизикалық әдістер – гамма-бұрғытәж, гамма-гамма-бұрғытәж, тығызды гамма-гамма-бұрғытәж, селективті гамма-гамма бұрғытәж, жылдам және баяу нейтрондарда нейтрон-нейтронды бұрғытәж, рентгенорадиометриялық бұрғытәж, импульсті нейтрон-нейтронды каротаж, спектрометриялық нейтронды гамма-бұрғытәж, спектрометриялық нейтронды белсенді бұрғытәж, спектрометриялық гамма-бұрғытәж, нейтронды гамма-бұрғытәж;

электромагнитті әдістер – магнитті сезімталдық бұрғытәжі, диэлектрикті бұрғытәж, электромагнитті бұрғытәж;

акустикалық бұрғытәж кавернометрия;

инклинометрия;

еңіс өлшеу;

термометрия;

резистивиметрия;

шығын өлшеу;

бүйірден ататын топырақ тасымалдағыш немесе гидравликалық сынама алумен жыныстар үлгілерін алу.

377. Уақыт мөлшерлерінің сандық мәні келесілерді сипаттайтын шарттар үшін орнатылған:

жұмыстарды жөнделген еңбек амалдарымен орындау;

жұмыстарды сан жағынан және біліктілік жағынан жұмыс құрамына сәйкес жабдықталған ұжыммен орындау, қызметкерлер жабдықтар мен мәшинелерге қызмет көрсетеді, еңбек қауіпсіздігі мен қауіпсіздік техника ережелерімен танысқан;

жұмыс түрлері және жағдайлары үшін тиімді еңбек ұйымдастырулары және өндірісі, сонымен қатар технологиясы.

378. Геофизикалық жұмыстарды орындайтын негізгі өндірістік бірлік геофизикалық немесе бұрғытәж партия (отряд) болып табылады.

379. Жұмыстарды өткізуге жауапты тұлға партия басшысы болып табылады, оның басшылығының астында жұмыстардың барлық кешені орындалады (яғни, мөлшерлерде оның үлестік қатысуы ескеріледі): бағдарламаны құрастыру; ұйымдастырушылық – дайындық жұмыстары; дала және онымен қатар жүретін барлық жұмыс түрлері; есеп беруді құрастыру.

Партия басшысының лауазымына анағұрлым білікті геофизик – маман тағайындалады.

Жұмыстарды негізгі орындаушылар геофизиктар, геофизик – техниктер, жүргізушілер болып табылады. Әрі қарай нақты әр жұмыстың түрі бойынша мөлшерлерде орындаушылардың құрамы ұсынылған.

380. Уақыт мөлшерлері анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және еңбекті ұйымдастыруды пайдалану негізінде жобаланған және сәйкес жұмыс түрлерін өткізу үшін қажетті өндірістік процесттер кешенін ескереді. Жұмыстар құрамы уақыт мөлшерлері (жасап шығу) кестелерінің алдында келтірілген.

Мөлшерлерде негізгі жұмыс түріне шығындарынан басқа онымен технологиялық байланысқан жұмыстарға шығындар ескерілген, оларды орындау қолданыстағы ережелерге, әдістемелік нұсқауларға және өзге нормативті актілерге сәйкес міндетті болып табылады.

Әр тарау жұмыс шарттарынан, жұмыс құрамынан тұрады, олардың тарауларында орналастырылған жұмыстардың алуан түрлігіне қатысты мәліметтер, жұмыстың физикалық көрсеткішін (1 м ұңғыма) орындауға уақыт мөлшерлері және жұмыстардың физикалық көрсеткішіне лауазымдар мен мамандықтар бойынша орындаушылардың мөлшерлеме еңбек шығындары көрсетілген.

Геологиялық салада ұйымдастырумен жүрген жұмысшылар мамандықтарының және жетекшілер, мамандар және өзге қызметкерлердің лауазымдарының атаулары, оларға тарифтік разрядтар және дәрежелер жұмыстардың Бірлік тарифті – біліктілік анықтамасымен және қызметкерлер лауазымдарының түрлік біліктілік сипаттамаларына сәйкес орнатылады .

Уақыт мөлшерлері демалыста және жеке қажеттіліктерде уақытты және жұмыс орнына қызмет көрсету бойынша уақыттарды ескеріп жобаланған.

381. Ұңғымаларда геофизикалық зерттеулерді жобалау қолданыстағы ережелерге және өзге нормативті құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 2. Еңбекті ұйымдастыру

382. Осы жинақтың мөлшерлері анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және еңбекті ұйымдастыруды пайдалану негізінде жобаланған және сәйкес жұмыстар түрін өткізу үшін қажетті өндірістік процестер кешенін ескереді.

Уақыт мөлшерлерін анықтағанда келесі ұйымдастырушылық – техникалық жұмыс шарттары ескерілген:

геофизикалық жұмыстар жер бетінен бұрғыланған тік ұңғымаларда жүргізіледі, ол геофизикалық жұмыстарды жүргізу үшін ұңғымаларды дайындауға техникалық шарттарға сәйкес каротаж отряды келу уақытына дайын тұрады;

отряд (партия) жөнделген жабдықтар, аппаратура мен қондырғылар, көлік амалдары, негізгі материалар, қорғаныс амалдары және арнайы киімдер кешенімен қамтылған, сонымен бірге ИТҚ және жұмысшылардың мөлшерлеме сан мөлшерімен қамтамасыз етілген;

геофизикалық зерттеулерге өтініштер біркелкі түседі және отрядтың (партияның) жұмыс уақытының толық жүктелуін қамтамасыз етеді;

1:500 (1:200) масштабындағы жалпы геофизикалық зерттеулермен барлық тереңдікке ұңғымалар қамтылады; забойда және ұңғыманың отырғызылған аралықтарында жоғалтулар болмайды;

аппаратураны эталондау және градуирлеу базада қолданыстағы техникалық ережелерге сәйкес айына бір рет орындалады;

технологиялық үзілістер және тұрып қалулар болмайды;

жұмыстар + 5^{o} С жоғары температураларда өткізіледі.

Жұмыс орындаушыларының еңбек және демалыс тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде реттеледі.

383. Зерттеулер геофизикалық партиямен орындалады, оның құрамында бір немесе бірнеше отряд болады, олар аппаратура, жабдықтар, көлік амалдары және материалдар топтамасымен жабдықталған.

Отряд деп алғашқы өндірістік бөлімше аталады, ол жабдықтар мен аппаратураның бір топтамасының көмегімен жұмыстарды орындау үшін ұйымдастырылған.

384. Жұмыстардың табиғи бірлігі ретінде зерттелетін ұңғыманың бір метрі қабылданған, оларда геофизикалық параметрлердің өлшенуі орындалады, және жүріп өтулер үшін автокөлік жүрісінің километрі алынады.

385. Уақыттың есептік бірліктері үшін отряд – ауысым қабылданған, оның аралығында бір геофизикалық отряд жеті сағаттық жұмыс күніне орнатылған жасап шығу мөлшерін орындайды.

386. Еңісті бұрғылау ұңғымаларында жұмыстарды өткізгенде, сонымен қатар ұйымдастырушылық – техникалық шарттармен қабылданған температуралардан ауа температурасы өзгеше болғанда түзету коэффициенттері қолданылады (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 1-4 кестелер, 4 бөлім, 1 тарау).

8 және 9 тт, бойынша 3 кестенің түзету коэффициенттері (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес, 4 бөлім, 1 тарау) пайдалы қазбалардың барлық түрлеріне таратылады.

Инклинометрияны, термометрияны және РРК орындағанда каротаж отрядының дербес шығуында ұңғыма еңісі үшін (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 1 кесте, 4 бөлім, 1 тарау) уақыт мөлшерлеріне түзету коэффициенттері зерттеудің барлық аралығына қолданылады.

100 м кейін инклинометрия өткізгенде уақыт мөлшерлеріне (уақыт және баға нормаларының 32-қосымшасына сәйкес 13 кесте, 17 топ, 4 бөлім, 1 тарау) 0,5 түзету коэффициенттері қолданылады.

1:200 масштабында ҰГЗ жүргізгенде инклинометрияға уақыт мөлшерлемелерін 13 кесте (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес, 4 бөлім, 1 тарау) бойынша алған жөн.

Дербес шығуда ұңғымаларда ядролық – физикалық зерттеуге уақыт шығындары 13, 14 кестелер бойынша анықталады (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес , 4 бөлім, 1 тарау).

387. Таулы аймақтарда зерттеулерді өндіргенде уақыт мөлшерлеріне келесі түзету коэффициенттері қолданылады: 1501-2000 м абсолют биіктікпен – 1,05; 2001-3000 м – 1,10; 3001-4000 м – 1,25; 4001-4500 м – 1,33; 4500 м жоғары – 1,45.

388. Ұңғымаларда каротаж жұмыстарын орындағанда бұрғытәж отрядына тәуелсіз мөлшерлемелерден жоғары уақыт шығындарын есептеу үшін " мөлшерлеме шарттарынан ауытқу коэффициенті" КН келесі жағдайларда қолданылады:

ұңғымалардың техникалық күйлеріне байланысты зерттеулердің күрделенуі;

ҰГЗ астында ұңғымаларды біркелкі емес ұсынғанда;

Каротаж отрядын тасымалдауды кейінге қалдыру (шиеленісілер, ұңғыма жақындауға қиындатылған жолдар);

каротаж отрядымен ҰГЗ тек бір объектіде орындау және өзге объектілерде пайдалану мүмкінсіздігі;

үш және одан көп параметрлерді бір уақытта тіркеумен БКР-3 аппаратурасымен жұмыс жасау.

КН коэффициенті "а" параметрімен сәйкес бір отряд үшін немесе "А" бірнеше отрядтар үшін анықталады (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес 5 кесте, 4 бөлім, 1 тарау). "а" немесе "А" параметрінің мәні ұңғымаларда

геофизикалық зерттеулер көлеміне мөлшерлеме уақыт шығындарының қатынасы ретінде есептеледі, оның ішіне ұңғыма еңісі, төмен температура және таулы жерлерде жұмыс жасаған үшін түзету коэффициенттері кіреді, және жұмыс уақытының қорына (305 отряд – кезең) күнтізбелік көшулер (жылдық) есептеледі . Бір отряд үшін есептелеген "а" параметрі бір уақытта КН коэффициенті болып табылады.

"А" параметрінің мәні жұмыстар объектілері бойынша мәндердің қосындысы ретінде анықталады.

Мөлшерлеме шарттарынан ауытқу коэффициенттері (КН), сонымен қатар өндірістік жүктеме коэффициенттері (КПЗ) ұңғымаларда геофизикалық зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын экспедициялармен, әр геофизикалық отряд бойынша жұмыс көлемдері мен уақыт шығындары негізінен алдыңғы жылдың барлық геологиялық барлау жұмыстары объектілерінде есептеледі және осы ұйымдастырумен бекітіледі. Жаңадан ұйымдастырылып жатқан отрядтар үшін КН және КПЗ жобалық деректер бойынша есептеледі.

389. Егерде каротажды отряд ұңғымаларға геофизикалық зерттеулерді және басқада геофизикалық жұмыстарды орындайды (ұңғымалы геофизика, магниттібарлау, гравитациялық барлау және т.б.) КН есебі кезінде барлық жұмыс түрлеріне уақыттың нормативті шығынын есепке алу керек.

390. ҰГЗ тәжірибелі - әдістемелік жұмыстарына КН коэффициенті таратылмайды.

391. Екі каротаж қондырғыларын пайдаланған жағдайларда КН есептегенде екі қондырғының да мөлшерлеме уақыт шығындарының қосындылары ескеріледі .

392. ҰГЗ мөлшерлеме уақыт шығындары бойынша алдын – ала жұмыстарға уақыт шығындары КН коэффициентін есепке алмай анықталады.

393. КН $\leq$ 0,7 болғанда алдын – ала жұмысқа уақыт шығындары қосымша көзделмейді.

394. Өндірістік жүктеме коэффициенті КПЗ "а" және "А" параметрлеріне және шығулардың меншікті салмағына сәйкес 5 кесте бойынша анықталады (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес, 4 бөлім, 1 тарау). Шығулардың меншікті салмағы мөлшерлеме шығындарды КН коэффициентісіз объектілерге ұңғымаларды геофизикалық зерттеуге шығулардың мөлшерлеме уақыт шығындарына бөлуден анықталады.

395. Геофизикалық отрядтың сан мөлшері өндірістік жүктеме коэффициентіне КПЗ сәйкес келтірілген (уақыт және баға нормаларының 4-қосымшасына сәйкес 20, 21 кестелер, 4 бөлім, 1 тарау).

396. Шығуларға уақыт шығындары 6 кесте бойынша (уақыт және баға нормаларының 10-қосымшасына сәйкес 4 бөлім, 1 тарау) ұңғымаға дейін

жобамен алдын ала көзделген орташа қашықтықпен, ұңғымаларға шығулардың орташа сан мөлшерімен, көлік түрлері және жолдар топтарына сәйкес анықталады. Егер ұңғымаға дейін орташа қашықтықпен, шығулардың сан мөлшерімен немесе ұңғыманы тасымалдау шарттарымен объектілерге қызмет көрсететін партиялармен жеке топтар түзілетін болса, шығуларға уақыт шығындары әр топ үшін бөлек анықалады және кейін бір – біріне қосылады.

397. Геофизикалық зерттеулерге отряд – кезеңдерде уақыт шығындары жобамен орынталған кешен және 1:500 (1:200) масштабында жалпы зерттеулер көлемі, 1:200, 1:50, 1:20 масштабтарында бөлшектеп зерттеу кешені мен көлемі, алынатын жыныстар үлгілерінің сан мөлшері, ұңғыманың орташа тереңдігі, ұығымалардың еңіске және температураға түзетулерді ескеріп ұңғымалардың орташа сан мөлшері негізінде анықталады.

Зерттеу кешені, ұңғымалардың орташа тереңдігі немесе ұңғыманың шығу сан мөлшері бойынша объектіде жеке топтар құрған жағдайларда уақыт шығындары әр топ үшін жеке анықталады және кейін қосылады.

Ұңғыманың тағайындалуына сәйкес, олардың орташа тереңдіктерімен жобамен бекітілген, ұңғымаға шығудың орташа сан мөлшерімен зерттеулердің негізгі кешенін орындауға уақыт шығындары анықталады.

Зерттеулердің негізгі кешені бойынша уақыт шығындарына қалған, жобамен алдын – ала көзделген жалпы зерттеулер түрін орындауға уақыт қосылады.

Уақыт мөлшерлемелері кестелерінде келтірілген тереңдіктерге сәйкес келмейтін ұңғымалардың орташа тереңдігінде (немесе зерттеу тереңдігінде) кестелерде көрсетілген ең жақын тереңдікке сәйкес келетіндер қолданылады. Тереңдік аралығының ортасымен сәйкес келетін ұңғымалардың орташа тереңдігінде ұңғыманың үлкен тереңдігіне сәйкес келетін уақыт мөлшерлемелері қолданылады.

Негізгі кешенге кірмеген не болмаса оған кіретін, бірақ жобамен алдын – ала көзделмеген жұмыстар (әдістемелер) түріне уақыт шығындары 7, 8 кестелер (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес, 4 бөлім, 1 тарау) және қосымша зерттеулер мөлшерлемелерінің 13, 14 кестелері (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес, 4 бөлім, 1 тарау) бойынша анықталады, сонымен бірге негізгі кешенді орындауға уақыт мөлшерлемелері сәйкесінше ұлғаяды немесе осы шығындар шамасына азаяды.

Егер жалпы немесе бөлшектелген зерттеулердің уақыт мөлшерлемелерінің кестелерінде қандай да болмасын минералдық шикізат түрі бойынша жобаланып жатқан геофизикалық жұмыстар әдісіне мөлшерлемелер болмаса, минералды шикізаттың өзге түрі бойынша ұқсас кестелерді пайдалану керек. Жалпы

зерттеулер үшін уақыт шығындары жобамен алдын – ала көзделген кешенге және бөлшектелген зерттеулер көлеміне қажетті уақыт шығындарымен қосылады
.

Егер шығулардың сан мөлшері мөлшерлемелермен алдын – ала көзделген сан мөлшерлерден асатын болса, уақыт мөлшерлемелерін шығулардың максимал сан мөлшерімен қабылдау керек, осыларға 44 т. алдын – ала көзделген жағдайлар жатпайды.

Орташа тереңдігі бар бір ұңғымада жалпы және бөлшектелген зерттеулерді орындауға қосынды уақыт шығындары жобаланатын ұңғымалардың жалпы санына көбейтіледі немесе осы топтағы ұңғымалар санына көбейтіледі, сонымен қатар орындалатын жұмыстар кешеніне тәуелді эталондауға және алдын – алуға түзету коэффициентіне көбейтіледі: КС, ПС, ГК, ГГК-П, кавернометрия әдістері үшін – 1,085, сол сияқты және ядролық – физикалық әдістер үшін – 1,134, бір әдісті орындағанда – 1,04.

Бөлшектеудің қосынды аралығы деп бұрғытәж отрядының бір шығысына зерттелетін бөлшектеудің барлық аралықтарының қосындысы деп түсіндіріледі. Бөлшектеу зерттеулерінің қосынды аралығына келтірілген уақыт мөлшерлемелері бөлшектеу аралықтарының сан мөлшерлеріне тәуелсіз болады.

398. Уақыт шығындарының қосындысы (отряд – кезеңде) ұңғымаларда жалпы және бөлшектеу зерттеулерін орындауға уақыт шығындарына, сонымен бірге шығуларға уақыт шығындары - КН қалыпты шарттардан ауытқуға жобамен алдын – ала көзделген қосынды түзету коэффициентіне бөлу ретінде анықталады
.

399. 1:500 және 1:200 масштабтарының жеке шығуларында зерттеулерді бір әдіспен зерттегенде және негізгі кешенді орындауға уақыт мөлшерлемелеріне келесі жұмыс түрлеріне уақыт шығындары қосылған:

Партия (ортяд) базасында дайындық – қорытынды жұмыстар: тапсырма алу және қажетті техникалық құжаттарды рәсімдеу, ұңғымаға шығу үшін бұрғытәж бекетін дайындау, оларды АЖБ толтыру, жабдықтарды, аппаратураны және аппаратуралық цехтан алғанда сымжеліні тексеру, рабиобелсенді көздерді, ату жұмыстары үшін арнайы материалдарды алу және оларды зерттеу жұмыстарын орындап болғаннан кейін қайта тапсыру, соңғы емес жабдықталған топырақ тасымалдағыштарды және арнайы қоймалардан перфораторларды алу, тасымалдау амалына қолмен тиеу, түсіру және аппаратураны және жабдықты қайта тапсыру, бұрғытәж қисықтарының (қоршамай) алдын – ала өңделуінің аяқталуы;

ұңғымада дайындау – қорытынды жұмыстары:

бұрғытәж бекетін орнату; қолмен аппаратураны және жабдықтарды тиеу және түсіру, ұңғыма сағасында блок – балансты орнату, алғашқы жалғаумен

сұлбаны құрастыру және бөлшектеу және соңғында жүкті және ұңғыма жабдығын ажырату; статикалық деңгей тереңдігін анықтаумен жуып – шаб сұйықтығын айдау амалдарын құрастыру және бөлшектеу, жұмыс соңғында үзілуге және тесілуге сымжеліні тексеру, бірінші белгі құнын анықтау, ұңғыма сағасында ұңғыма жабдығын орнату және оны жұмыстар аяқталғаннан кейін сағадан көтеру; ұңғыма аппаратурасын және жабдықтарын жуып – шаю, тазалау; бұрғытәж қисықтарын айқындау, тексеру, алдын – ала рәсімдеу және қажетті құжаттамаларды құрастыру; беткейлі резситивиметрмен жуып – шаю сұйықтықтарының меншікті кедергісін өлшеу; гироскопиялық инклинометрді ретке келтіру, гироскопты іске қосу, бақылау үшін инклинометрді оқпанға орын ауыстыру және оны оқпанда орнату; ату жұмыстарында: қауіпті аймақты белгілеу, оны шартты таңбалау және т.с.с.;

ұңғымада сымжеліні белгілеу және өлшеу;

ұңғыма жабдықтарын жалғау – ұңғыма сағасынан жабдықты шығару, сымжеліні ажырату, сымжеліні және жабдықтарды ағып кетуге тексеру, жаңа жабдықты жалғау бірінші белгі құнын анықтау, радиобелсенді сәулелену көзін қосу және алып шығу, ұңғыма сағасында жабдықты орнату;

өлшеусіз бұрғытәж сымжелісін түсіру және көтеру;

ҰГЗ негізгі кешенімен анықталатын параметрлерді өлшеу немесе қолданылатын әдіспен зерттеулер, соның ішінде орнатылған жабудың техникалық ережелерін, бақылау өлшеулерін, ұңғымада ұңғыма аппаратаурасын калибрлеуді (эталондауды) қоса;

болжамды кедергіні бір сондпен өлшеу (БК).

өздігінен поляризациялану потенциалын пайдалану жағдайында оның тіркелуі БК зондымен өлшеумен бір уақытта орындалады;

жыныстардың шашыранды гамма – сәулеленуін өлшеу (ГГК-П) жыныстардың (БК) табиғи радиобелсенділігін іркеумен бірге орындалады;

негізгі кешенмен анықталатын өзге параметрлерді өлшеу;

пайдалы қазбаларды ашқан ұңғыманың аяқталған бұрғылауы бойынша материалдарды жедел талдау.

400. Жалпы зерттеулердің қосымша әдістерін орындауға уақыт мөлшерлемелері (1:500, 1:200 масштабының) келесі уақыт шығындарынан тұрады:

ұңғыма жабдығын қайта жалғау, өлшеусіз сымжеліні түсіру және көтеру;

сәйкес параметрді өлшеу, соның ішінде орнатылған жабудың техникалық ережелерін, бақылау өлшеулерін, ұңғымада ұңғыма аппаратаурасын калибрлеуді (эталондауды) қоса.

401. Бүйір ататын топырақ тасымалдағышпен жыныстар үлгілерін алуға уақыт мөлшерлемелері келесілерді орнатады: бүйір ататын топырақ

тасымалдағыштарды зарядтауды, қорғаныс құбырына бүйір топырақ тасымалдағышты орнатуды, оны пирооқтықтармен жабдықтау, сымжеліні және жабдықты ток жоқтығына тексеру, 50 м тереңдікке түсіру және шынжырдың бүтіндігін тексеру, ату тереңдігіне орнату, ток бұрғытәж қисығын 1:50 масштабында ату аралығында тіркеу (немесе өзге параметрді), бір уақытта ататын камераларға тәуелсіз бір атуды (іске қосылуды) өндіру, бүйірлерден жыныстар сынамаларын алу және оларды тиісті жерлерге орнату.

402. НИУС-І аппаратурасымен индукциялық еңіс өлшеу әдісімен геофизикалық зерттеудің уақыт мөлшерлемелеріне каверногрaмманы міндетті жазуға уақыт кіреді.

ПГ-10 гидравликалық сынама алулармен жыныстар үлгілерін алуға уақыт мөлшерлемелері жыныстардың 100 үлгісін алуға есептелген, оның ішінде БТК әдісімен көмір қатына жалғауға уақыт мөлшерлемелері есепке алынған.

Бөлшекті зерттеулерді орындауға уақыт мөлшерлемелеріне әр аралықта тіркеу тәрібімен және бөлшектеу аралығын таңдауға, бөлшектеудің төменгі аралығының төменгі шегіне дейін жабдықты түсіруге, сымжелінің жақын белгісіне жалғаумен бөлшектеудің төменгі аралығында өлшеуге, бөлшектеудің екінші аралығына дейін өлшеусіз көтеруге, бөлшектеудің екінші аралығында өлшеуге және т.б., бөлшектеудің соңғы аралығынан ұңғыма сағасына дейін өлшеусіз жабдықты көтеруге уақыт шығындары қосылған; жалпы масштабта зерттегенде пайдаланылмайтын әдістерді қолданғанда ұңғыма жабдықтарын қайта қосу.

403. Арнайы гидрогеологиялық зерттеулердің уақыт мөлшерлемесі келесілерден тұрады:

базада, ұңғымада дайындау – қорытынды операциялар;

динамикалық деңгейді қалпына келтіру, тұрақтандыру, өлшеу (ұңғыманың дебитометриясы кезінде); сорғышты (компрессорды) іске қосу, айдауды өндіру (жүктеуді), айдау дебитін анықтау, сұйықтықтың динамикалық деңгейін өлшеу;

жуып – шаю сұйықтығын тұздау (ұңғыманың резистивиметриясы үшін): қажетті тұздың мөлшерін есептеу, тұз салғышқа оны төгу, әрі қарай оны резистивиметрге жалғау және оны соңында одан ажырату; зерттеу аралығында жуып – шаю сұйықтығы бағанының біркелкі тұзданuы; тұздану қисық біркелкілігін өлшеу; жуып – шаю сұйықтығының тұзсызданuын (тұздылануын) күту;

алынған каротаж материалын жедел талдау.

404. Уақыт мөлшерлемелері келесілерге орташа алынған: геофизикалық зерттеулерге – ұңғыма тілігі аралығында жазу жылдамдығы бойынша, түсіріп –

тиеу операцияларына – ұңғыманың диаметрі бойынша; барлық орташа мәндер тек арнайы белгіленген ұңғымалар үшін орындалған; бақылаулардың соңғы пайызы қоланыстағы әдістемелік нұсауларға сәйкес орнатылған.

405. Нақтылау аралықтары ұңғыма тілігі бойынша бірқалыпты бөлінген: бөлшектеу қабылданған бұрғылаудың аралығына (орташа әр 250 м сайын, судағы ұңғымаларда әр 500 м сайын) сәйкес орындалады; қатты пайдалы қазбалардың қимасын нақтылау аралығы бірлігінің орташа шамасы 8 м.

406. Бір түсіру немесе көтеруде бірнеше геофизикалық параметрлерді бір уақытта тіркеген кезде, бірыңғай іріленген уақыт мөлшерлемесі қолданылады, ол анағұрлым еңбек сыйымдылығы көп параметрді тіркеу уақыты шығындарына сәйкес келеді.

407. Каротажды отрядтың (партияның) ИТҚ жұмыс құрамына ҰГЗ материалдарын өңдегенде, келесілер кіреді: ҰГЗ қисықтарын алдын ала дайындау, жалғау, көшіру және құрастыру, каротаж бойынша геологиялық бағанды құрастыру; сандық анықтауларсыз ұңғымалар тілігінде өнімді көкжиектерді сапалық бөліп көрсету; көшірмелер түсірумен геология – геофизикалық тіліктің жинағын құрастыру және т.б.

408. Барлау аяқталған участкелер бойынша қор есептемесі бар геологиялық есепке каротаж жұмыстары бойынша бөлімді құрастыра отырып, ҰГЗ материалдарын жалпылама өңдеу уақыт мөлшерлемесі ескерілмеген. Осы жұмыстарға уақыт шығындары геологиялық барлау жұмыстарына жобалар мен сметалар құрастыру бойынша негізгі ережелерге сәйкес анықталады.

Сандық анықтамаға шығындар, сонымен қатар каротаж материалдары бойынша көмір шахталарының өрістері мен тіліктеріндегі әлсіз амплитудалы тектоникалық бұзушылықтарды анықтау камералды жұмыстарға белгіленген мөлшерлемелерден асыра, жеке сметалық – қаржылық есептememен қарастырылады.

3. Құрылымдық – карталық бұрғылау ұңғымаларында және гидрогеологиялық ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер

409. 7, 8 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) құрылымдық – карталық және гидрогеологиялық ұңғымалардағы 1:500 (1:200) масштабта жалпы геофизикалық зерттеулерге уақыт мөлшерлемелері көрсетілген
.

Уақыт мөлшерлемелері әр түрлі тереңдіктегі ұңғымаларды зерттеуге отряд – кезеңдер бойынша, негізгі кешеннен бөлек және ұңғымаға шығу реті әр түрлі болғанда, әрбір қосымша әдіс пен жұмыс түріне бөлек беріледі.

410. Отряд – ауысымдарда 1000 м ұңғыманы ұңғыма қозуының әр түрлі амалдарында (дебитометрия, (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына

сәйкес) және тіркелетін қисығының (резистивиметрия) санына тәуелді (10 кесте, уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) болғанда, дебитометрия және резистивиметрия әдістерімен арнайы гидрогеологиялық жұмыстар жүргізуге уақыт мөлшерлемелері берілген.

411. Гидрогеологиялық ұңғымаларда (11 кесте, уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) 1:200 масштабты бөлшектеп зерттеуге уақыт мөлшерлемесі, әр ұңғымадағы нақтылап зерттеудің түрлі қосынды аралығында және әр зерттеудің түрі мен әдісіне бөлек, бөлшектеу аралығының әр түрлі орташа тереңдігі жағдайында 1000 м ұңғыманы бөлшектеуге есептелген.

412. Жұмыс өндірісінің құрамы, мазмұны және шарттары "Жалпы ережелерде " келтірілген.

413. Тарифтік – біліктілік және орындаушылардың лауазымды топтары бойынша еңбек шығындарының мөлшерлемелері КПЗ өндіргіштік жүктеме коэффициентіне сәйкес, 20 және 21 кестелерде (у уақыт және баға нормаларының 4-қосымшасына сәйкес) берілген.

414. Негізгі жабдық және аппаратура – техникалық құралдар тізімі 12 - кестеде (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес) ұсынылған.

4. Көмір, кен және минералды шикізаттың өзге түрлерін ұңғымаларда геофизикалық зерттеулер

415. 13, 14, 15 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес) көмір, кен және минералды шикізаттың өзге түрлері бұрғыланатын ұңғымаларда 1:500 (1:200) масштабты жалпы геофизикалық зерттеулерге уақыт мөлшерлемелері келтірілген.

Уақыт мөлшерлемелері әр түрлі тереңдіктегі отряд – кезеңдер бойынша, негізгі кешеннен.

Отряд – ауысымдардағы уақыт мөлшерлемесі әр түрлі тереңдіктегі 1000 м ұңғыманы зерттеуге бөлек және ұңғымаға шығу реті әр түрлі болғанда, әрбір қосымша әдіс пен жұмыс түріне бөлек қарастырылған.

416. Отряд – ауысымдарда 1:50 және 1:20 масштабтарды бөлшектеп зерттеуге уақыт мөлшерлемесі әр ұңғымадағы нақтылап зерттеудің түрлі қосынды аралығында және әр зерттеудің түрі мен әдісіне бөлек (16, 17 кестелер, уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес), бөлшектеу аралығының әр түрлі орташа тереңдігі жағдайында 1000 м ұңғыманы бөлшектеуге есептелген.

Бүйірлі ататын топырақ тасығыштар және ҚҚ – 10 көмегімен жыныс үлгілерін алу мөлшерлемесі 100 жыныс үлгісіне беріледі.

417. Жұмыс өндірісінің құрамы, мазмұны және шарттары "Жалпы ережелерде " келтірілген.

418. Ұйымдастырушылық – техникалық шарттарда келтірілгендерден, 13 кестедегі уақыт мөлшерлемесіінен өзгеше (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес, 4 бөлімге сәйкес), аралықты икемді бұрғылау ұңғымаларында инклинометриялық жұмыстарды жүргізу жағдайларында, тиісті тереңдіктегі ұңғымаға каротаж отрядының әрбір шығуына 1,05 коэффициенті қолданылады.

419. Тарифтік – біліктілік және орындаушылардың лауазымды топтары бойынша еңбек шығындарының мөлшерлемелері КПЗ өндіргіштік жүктеме коэффициентіне сәйкес, 20 және 21 кестелерде (уақыт және баға нормаларының 4 -қосымшасына сәйкес) берілген.

420. Негізгі жабдық және аппаратура – техникалық құралдар тізімі 18-19 - кестелерде (уақыт және баға нормаларының 3-қосымшасына сәйкес), қара металдар, түсті металдар, радиобелсенді элементтер, сирек және шашыранды элементтер, химиялық шикізат және құрылыс материалдары, көмір, каротаж қондырғыларының түрлері мен пайдаланылатын кешендері бойынша дифференциалданған геологиялық таспаға түсіру ұңғымалары бөлек келтірілген.

2-тарау. Электр барлау

1. Жалпы ережелер

421. Уақыт мөлшерлемесі (жасап өтулер) және еңбек шығындары келесі электр барлау жұмыстарының әдістеріне және түрлеріне келтірілген:

табиғи электрлік өрістің (ЕП);

зарядтың (МЗ);

электрпрофилдеу (ЭП);

тік электрлік зондау (ТЭЗ);

шақыртылған полярлау (ШП);

магнитотеллургиялық зондау (МТЗ, КМТЗ, ГМТЗ);

электр магнит өрісінің қалыптасуымен зондтау (ЗС, ЗС-ЗИ, ЗС-МП);

жиіліктік электрмагнитті зондтау (ЧЗ-ВП);

жерге қосылмаған ілмешектің (НП) төмен жиілікті индуктивті әдісі, фазалық – жиілікті сипаттамаларды өлшеумен;

өтпелі процестер (МПП);

камералды жұмыстар

422. Электр барлау жұмыстарын орындау үшін, бір немесе бірнеше отрядтары бар электр барлау партиялары ұйымдастырылады, олар аппаратура, жабдықтар топтамасымен, көлік амалдарымен және материалдармен қамтылған, ұйымдастырушылық жағынан дербес өндірістік бірлік болып табылады немесе кешенді экспедиция және партия құрамына кіреді.

Электр барлау отряды деп алғашқы өндірістік бөлімшелер аталады, олар бір электр барлау әдісімен, бір электр барлау жабдығы, бекет, зертхана немесе аппаратура топтамасы көмегімен жұмыстарды орындау үшін ұйымдастырылады.

423. Орындалған жұмыстың табиғи бірлік өлшемі ретінде таспаға түсірудің 1 ш2 немесе профильдің 1 ш қабылданады, оларда осы мөлшерлемелермен алдын – ала көзделген мөлшерінде, жұмыс өндірісінің (зерттеліп жатқан параметрлерді өлшеу, электродтарды жерлендіру, қоректендіру қондырғысының құрылғысы, бақылау желілері, қиындық дәрежесі, қондырғы өлшемдері және т.б.) белгілі бір ұйымдастырушылық – техникалық жағдайларында нақты бақылаулар орындалған.

ЕП, МЗ, ТЭЗ, ВП, НП, МПП әдістерінде нақты бақылау деп (нақты нүктелер) координатты бақылау бекеттерінде аяқталған өлшеу кешендері аталады.

Қалған әдістер үшін (МТЗ, КМТЗ, ЗС, ЭС, ЗС-ЗИ, ЗС-МП, ЧЗ-ВП) нақты бақылау ұғымына түсінік тиісті тарауларда беріледі.

Барлық қондырғының орнын ауыстырмай (қайта тарқату), координатты бекетте орындалған қайта бақылау, нақты бақылаулар есебіне кіргізілмейді.

424. Уақыттың есептік бірлігіне отряд – ауысым алынған, оның аралығында бір электр барлау отряды 40 сағаттық алты күндік жұмыс аптасындағы (далалық жағдайларда) 7 сағаттық жұмыс күніне белгіленген нақты бақылаулар мөлшерлемесін орындайды. Материалдарды камералды өңдеу бес күндік 40 – сағаттық жұмыс аптасында жүргізіледі.

425. Электр барлау жұмыстарын орындауға уақыт мөлшерлемелері келесі қалыптасқан технологиялық және ұйымдастырушылық – техникалық шарттарда есептелген:

электр барлау отрядын жөнделген аппаратура және жабдықтар кешенімен, қажетті жабдықтармен, бұйымдармен және көлік амалдарымен , негізгі материалдармен, сонымен қатар тапсырылған жұмысқа қажетті құжаттамамен қамтамасыз ету;

сериямен шығарылатын электр барлау жабдықтарды, аппаратура және өндірісте игерілген және енгізілген өзге аппаратура мен жабдықтар түрінің тиісті кешені бар бекеттерді пайдалану;

отрядтың жұмысшылармен және инженерлік техникалық қызметкерлермен толықтығы;

қолданыстағы нұсқаулар талаптарына жауап беретін сапалы далалық материалдарды алу;

жұмыстарды өткізу уақыты – жаз кезеңі, ауаның күндізгі орташа температурасы +30оС дейін.

426. Қалыпсыз жағдайларда электр барлау жұмыстарын жүргізгенде, уақыт мөлшерлемесіне 1- кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) түзету коэффициенттер қолданылады.

427. Бірнеше түзету коэффициенттерді бір уақытта пайдалану қажеттілігі кезінде соңғылары көбейтіледі және алынған еселік тиісті уақыт мөлшерлемесіне пайдаланылады.

2. Жұмыстарды ұйымдастыру

428. Мөлшерлемелермен күрделіліктің төрт дәрежесі қарастырылады, олардың әрқайсысы далалық электр барлау жұмыстарының өндірістік шарттары сипаттамаларынан тұрады. Партияның (отрядтың)немесе дербес профильдердің барлық жұмыс ауқымын бір немесе өзге қиындық дәрежесіне жатқызу келесі негізгі факторлар жиынтығы бойынша жасалады: жергілікті жердің орогидрографиясы, қолданылатын көлік түрі мен қозғалу шарттары.

Күрделіліктің I дәрежесі. Жұмыс жазықтық жер учаскесінде жүргізіледі, жер бедері әлсіз бөлшектелген, дербес төмпешіктері бар, олардың жартас тіктілігі 100 аспайды, соның ішінде:

орман алқапты және далалық аймақтарда, 20 пайызға дейінгі орманды, құрылыс салынған немесе 50 пайызға дейінгі жерді егістіктер және жиналмаған егін алып жатқан;

жартылай шөл сахара және сахара аймақты аумақтарда, 20 пайызға дейінгі жерді құм және бархандар басқан.

жұмыс орындалып болған бақылау бекеттен келесіге аппаратураны (бекетті) және жабдықты көшіру автокөлікпен, екі бекет арақашықтығы 20 пайызға дейін құрайтын айналып өту арқылы жүзеге асырылады.

Күрделіліктің II дәрежесі. Жұмыс жартас тіктілігі 20 0 аспайтын, жеке төмпешіктерде су ағыстары бар және терең емес сай желілері дамыған төбешікті учаскеде орындалады, соның ішінде:

орман алқапты және далалық аймақтарда, 40 пайызға дейін орманды, батпақтанған немесе құрылыс салынған, немесе 70 пайызға дейінгі жерді егістіктер және жиналмаған егін (бақшалар) алып жатқан аумақтарда;

жартылай шөл және сахара аймақтарда, 20 пайызға дейінгі жерді бекітілген құм және бархандар алып жатқан аумақтарда.

жұмыс орындалып болған бақылау бекеттен келесіге аппаратураны және жабдықты көшіру, бақылау бекеттерінің арақашықтығы 70 пайызға дейін құрайтын айналып өту немесе төменгі жылдамдықпен қозғалатын автокөлік арқылы жүзеге асырылады.

Күрделіліктің III дәрежесі. Жұмыс терең сай, су ағыстары бар, жартас тіктілігі 25 0 аспайтын, жеке төмпешікті дамыған желілер қиылысқан учаскеде орындалады, соның ішінде:

орман алқапты және далалық аймақтарда, 40 пайызға дейін орманды, батпақтанған немесе құрылыс салынған, немесе 70 пайызға дейінгі жерді егістіктер және жиналмаған егін (бақшалар) алып жатқан аумақтарда;

жартылай шөл және сахара аймақтарда, 20 пайызға дейінгі жерді бекітілмеген құм және бархандар алып жатқан аумақтарда;

өзеннің жайылма алқаптарында, бұталар өскен қатпаған ескі арналарында, ағындар мен су қоймаларында;

60 пайызға дейінгі мөлшері суармалы жер шаруашылығымен пайдаланылатын немесе қатпаған сортаңдақ жерлер.

жұмыс орындалып болған бақылау бекеттен келесіге аппаратураны (бекетті) және жабдықты көшіру төменгі жылдамдықпен қозғалатын немесе бақылау бекеттерінің арақашықтығы 70 пайыздан жоғары болатын үлкен айналып өту арқылы жүретін шапшаң жүрдек автокөлікпен жүзеге асырылады.

Күрделіліктің IV дәрежесі. Жұмыс келесі жағдайларда орындалады:

таулы аймақты учаскеде, оның шегіндегі кейбір дербес биіктіктердің жартас биіктігі 300 дейін;

толығымен орман басқан, бұталар өскен жергілікті жерлерде;

жартылай шөл және сахара, жерді бекітілмеген құм және бархандар толық алып жатқан аумақтарда;

суармалы егін шаруашылығына толығымен пайдаланылатын аймақтарда.

жұмыс орындалып болған бекеттен келесіге аппаратураны (бекетті) және жабдықты көшіру шынжыр табанды көлікпен не болмаса әуе көлігімен жүзеге асырылады.

429. Күрделіліктің IV дәрежесі жағдайында жұмыс жүргізгенде және генераторлы қондырғыдан (және қабылдағыштан, қажет болған жағдайда) қоректендіру желісіне, жерлендірілмеген ілмешекке (қабылдағыш желісіне) өткізетін сымжелілерді төсеу қажеттілігі туғанда, қиындық дәрежесіне сәйкес, жергілікті жер бойынша екі – төрт өткізгішті келтіру желілерді төсеуге уақыт шығыны, 2 кестеде (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес) көрсетілген уақыт мөлшерлемесі бойынша анықталады.

430. Уақыт мөлшерлемесі нақты бақылаулар жасау және оларды өңдеуден тұратын жұмыс құрамына есептелген.

431. Отряд – ауысымда геологиялық тапсырманы шешуге қажет электр барлау жұмыстарын орындауға кететін уақыт шығындары негізгі және нақтыланған түсіру аудандарының (профильдердің) шаршы шақырым қосынды көлемімен немесе далалық жұмыстарды жүргізу шарттарымен жобалануына

сәйкес, уақыт мөлшерлемесі бойынша нақты бақылаудың жалпы көлемі негізінде анықталады.

432. Таспаға түсіру учаскелерінде батпақтар, көлдер, жартастар, өзендер, үйінділер, құрылыс аумақтары және т.с.с. болған жағдайларда электр барлау жұмыстарының көлемін анықтау кезінде, таспаға түсірудің әр шаршы шақырымындағы (ұзына бойына) бақылау нүктелерінің сан мөлшерін азайтуға (құрастырылған геологиялық тапсырмаларды шешуді қамтамасыз ету жағдайларында) жол беріледі, бірақ осы мөлшерлемелермен көзделген мөлшерден 10 пайыздан аспау керек.

Әр шаршы шақырымда (ұзына бойына) электр барлау түсірілімдерін жүргізу мүмкін болмайтын учаскелер 10 пайыздан асса, осы учаскелер жұмыстардың жалпы көлемінен алып тасталынады.

433. АВ пайдаланылатын желі немесе ілмешек ұзындығы осы жинақта келтірілгендермен сәйкес келмеген жағдайларда, АВ желілерінің (ілмешектерінің) ұзындығы (өлшемі) бойынша анағұрлым жақын мөлшерлемелерді пайдаланған жөн. АВ (ілмешек) көршілес шамалары арасында орташа мәнге ие болатын АВ ұзындығы бар (ілмешек өлшемімен) қоректендіру желісін пайдаланғанда, кіші АВ (ілмешек) үшін арналған мөлшерлемемен пайдаланған жөн.

Мысал: АВ=625м ВЭЗ үшін АВ=500м үшін алдын – ала көзделген мөлшерлемелер қолданылады, АВ=630м ВЭЗ үшін АВ=750 м үшін көзделген мөлшерлемелер қолданылады.

434. В 1км2 (км) нақты бақылаулардың жобалық сан мөлшері осы мөлшерлемелермен алдын – ала көзделген сан мөлшерінен өзгеше болған жағдайларда, жұмыс өндірісінің тиісті жағдайлары үшін, уақыт мөлшерлемелері 1 шаршы шақырым. (қума. ш.) бақылау нүктелерінің жобаланған тығыздығына аталған жағдайлардан басқа, уақыт мөлшерлемелерін сәйкес коэффициенттерге көбейте отырып, пропорционал түзетілуі тиіс.

Мысалы: таратулары АВ=100 ТЭЗ әдісімен жұмыс жасағанда, таспаға түсірудің 10 ш-на отряд – ауысымда жергілікті жер қиындығы 1 дәрежелі, 200*25 м жүйе бойынша уақыт мөлшерлемесін анықтау талап етіледі. , 250*25 м жүйеге жақын мөлшерлеме берілген және таспаға түсірудің 10 ш.ш. 67,5 отряд – ауысымды (1600 нақты бақылаудың) құрайды. Осы мысалда таспаға түсірудің 10 ш ш. 200*25 м жүйе үшін, негізгі бақылау нүктелерінің сан мөлшері келесіні құрайды: (1000:25)*(1000:200)*10=2000 ф.т. Уақыт мөлшерлемелеріне түзету коэффициент 2000 ф.т.:1600 ф.т.=1,25-ке тең. 200*25 м. жүйе үшін уақыт мөлшерлемесі 67,5отр.см.*1,25=84,38 отряд – ауысымға тең болады.

435. Жұмысшылардың немесе инженерлік - техникалық қызметкерлердің толық емес құрамы, жабдықпен немесе көлік амалдарымен қамтамасыз етілмеуі, не болмаса өзге разрядтағы (өзге біліктіліктегі) жұмысшылардың жұмысты

орындауы, соңғылары тарифті – біліктілік торымен алдын – ала көзделген, сонымен қатар еңбекті және өндірісті ұйымдастыру кемшіліктері мөлшерлемелерді өзгертуге негіз бола алмайды.

436. Уақыт мөлшерлемелерін анықтағанда, электр барлау жұмыстарының тәжірибесіне үшін анағұрлым тән, таспаға түсірудің масштабын анықтайтын бақылау бекеттері мен профильдер арасындағы қашықтықтар алынған.

437. Саналған есептік бірліктердің көлеміне алдын – алу және партия (отряд) базасын жұмыс аймағының ішінде орын ауыстыруға сәйкес отряд –ауысым саны қосылады.

Электр барлау партиясының жобалық отрядтар саны отряд – ауысымның қосынды санын жұмыс күндеріне белгіленген далалық жұмыстардың ұзақтығына бөлумен анықталады.

438.Далалық кезеңде электр барлау аппаратурасы мен жабдығын тексеру және алдын – алу қызметін көрсету үшін, жұмыстардың ауысымдылығына қарамай, алдын – алу қызметіне келесі уақыт мөлшерлемелері белгіленеді:

ВЗЭ (электр барлау бекетімен), ЧЗ-ВП, НП, МТЗ, КМТЗ, ГМТЗ, ЗС, МПП, ВП, және МЗ әдістері бойынша жұмыс жасағанда, айына 2 отряд-ауысым (уақыт мөлшерлемелеріне түзету коэффициенті 1,085);

ЕП, ЭП, ТЭЗ (тасымалданатын аппаратурамен) және АЭ-72 аппаратурасымен МЗ әдістері бойынша жұмыс жасағанда – айына 1 отряд – ауысым (уақыт мөлшерлемелеріне түзету коэффициенті 1,04);

439. Жұмыс аймағы ішінде (бір учаскеден екінші учаскеге) партияны (отрядты) қайта шоғырландыруға қажетті уақыт жобада көшіп – қону арақашықтығына қарай есептеледі: бірінші 100 километрге 1 отряд –ауысым салынады, әр келесі 100 километрге 3- кестедегі уақыт мөлшерлемесі қосылады (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес).

440. Осы мөлшерлемелермен келесілер ескерілмеген және төмендегілерге шығындар қосымша негізделеді:

Бақылау және қиысу бақылауларын орындау;

тәжірибелік және тәжірибелік - әдістемелік жұмыстарды өткізу;

метрологиялық қамтамасыз ету;

электр барлау жұмыстарына топографо-геодезиялық қызмет көрсету;

жерлендіру (ЗС әдісінде) қондырғысы үшін ұңғымаларды бұрғылау;

электрлік қасиеттерін анықтау үшін, тау жыныстарының және кендердің үлгілерін алу;

базалық электрбекетін ұстау, далалық электрбекет пен радиомачта салу, оған жанар – жағар май жеткізу.

Параграф 3. Табиғи электрлік өріс әдісі және тұрақты ток әдісі Параграф 3.1. Табиғи электрлік өріс әдісі (ТӨ)

441. ТӨ әдісіне уақыт мөлшерлемесі келесі технология бойынша АЭ–72 түріндегі аппаратурамен келесі технология бойынша жұмыстарды өткізуді көздейді:

бір немесе екі қабылдау желілерімен потенциал тәсілімен;

градиент тәсілімен.

442. Мөлшерлемелермен потенциалдар айырмасын және электродтарды жерлендіру құрылғысының қалыпты өлшеу шарттары ескерілген. Потенциалдар айырмасын өлшеу және электродтарды жерге қосу шарттарының күрделенуі жағдайында (уақыт және баға нормаларының 2-қосымшасына сәйкес, 4 кесте, , 4-бөлім, 2 -тарау) уақыт мөлшерлемелеріне 1- кестеде келтірілген (уақыт және баға нормаларының 1-қосымшасына сәйкес, 4- бөлім, 2 -тарау) түзету коэффициенттері қолданылады. Потенциалдар айырмасын өлшеудің күрделену шарттарына ПС тұрақсыз токтарда ΔU өлшеу жатады, электродтарды жерге қосудың күрделену шарттарына – таулы жыныстардағы, үйінділерде және құрғақ жерлердегі жерге қосу жатады.

443. Жұмыстар құрамы: өрістенбейтін электродтарды жерге қосу құрылғысы; бақылаулар өндірісі; бақылау нәтижелерін жазу және ЕП графигін жасау.

444. Уақыт мөлшерлемелері 4 кестеде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 5 және 6 кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 7 кестеде, көлік мөлшерлемелері – 8 кестеде келтірілген (уақыт және баға мөлшерлемесіне 2- Қосымша).

Параграф 3.2. Заряд әдісі (ЗӘ)

445. Мөлшерлемелер бастапқы электр өрісінің (МЗ ЭП) сипаттамалары өлшеу арқылы, оның ішіне ВПС-63, СВП-74 бекеттерімен, "Диапир", ЭВП-801, АЭ-72 аппаратурасымен оның ұсақ масштабты түрі де (ММЗ ЭП) кіреді; қысқа аралықты әр түрлі өрісті ток импульстарымен зарядтау тәртібінде ВПС-63, СВП-74 бекеттерімен, "Диапир" аппаратурасымен екінші электрлік өріс (МЗ ВП, ММЗ , ВП) сипаттамаларын өлшеумен және ВП-Ф, ЭВП-203 бекеттерімен; "Лазурит" түріндегі аппаратурамен магнит өрісінің (ММЗ МП) сипаттамаларын өлшеу арқылы заряд әдісімен жұмыс жасауға есептелген.

446. Бірінші электр өрісінің сипаттамаларын өлшеумен зарядтау әдісі үшін мөлшерлемелер бір немесе екі қабылдау желілерімен потенциал тәсілімен және потенциалдар градиенттерінің тәсілімен, екінші ретті электр өрісі (ВП заряд) сипатын – градиенттер тәсілімен өлшеумен жұмыс жасауға есептелген.

447. Магнит өрісі сипаттамаларын өлшеумен заряд әдісі үшін мөлшерлемелер өрістің белгілі мәндерімен (фаза белгілері) бір нүктеге қатысты магнит өрісінің үш құрамдас бөлігінің амплитудаларын өлшеуге есептелген.

448. Мөлшерлемелермен потенциалдар айырмасын және қоректендіргіш электродтардың жерге қосылуын қалыпты өлшеу шарттары көзделген. Уақыт мөлшерлемелеріне өлшеудің күрделенген жағдайында және электродтардың жерге қосылу шарттары қиындағанда, 1- кестеде келтірілген (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- Қосымшаға сәйкес) түзету коэффициенттері қолданылады.

449. Жерге қосу шарттары "В" қоректенуші желі соңына (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 қосымша, 9 кесте) жерге қосылған электродтар санымен анықталады.

450. Градиенттер тәсілімен МЗ ВП, ММЗ ВП алаңдық таспаға түсіруде мөлшерлемелермен бір уақытта екі қабылдағыш қондырғыларда (барлық түрдегі бекеттерді пайдаланғанда) бір уақытта өлшеу жұмыстары көзделген.

451. Қорек желілерін құрастыру және тарату негізгі жұмыс түрлерін орындайтын далалық отряд күшімен жүргізіледі. Қорек желісін құрастыруға және таратуға уақыт мөлшерлемелері 28 кесте бойынша (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 қосымшаға сәйкес) және 17- кесте бойынша (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 қосымшаға сәйкес) анықталады.

452. Жұмыстар құрамы:

Учаскедегі дайындау – қорытынды жұмыстар: бақылау профилін (пикетін) айқындау; аппаратураны, жабдықтарды және саймандарды тиеп - түсіру; аппаратураны орнату, тексеру және жұмысқа дайындау; келтіретін және қабылдайтын желілердің сымжелілерін шешу – орау (қорек желілері мен бекет (аппаратура) тұрағы мен бақылау орнынан қиындықтың 4-дәрежесі жағдайында жеткізуші желі сымдарын құрастыру және жоюдан басқа (2 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1 қосымшаға сәйкес, 4 -бөлім, 2- тарау); қабылдау желілерін жерге қосу және тарату.

Өлшеулерді жүргізу: ток өткізу, осциллографиялық жазбаны немесе басапқы электрлік өрісінің (МЗ ЭП, ММЗ ЭП) потенциалдар айырымын немесе екінші ретті электр өрісінің (МЗ ВП, ММЗ ВП) ток күшін және ВП ΔU шақырылған потенциалдар айырымын көзбен есептеулерді жазу; үш құрамдас бөлшекті магнит өрісінің (МЗ МП) амплитудаларын өлшеу; ток күшіне потенциалдар айырмасының қатынасын есептеу, графиктер жасау.

453. Қоректендіру желісін құрастыру және тарату бойынша жұмыстар құрамы: жабдықтарды және саймандарды тиеу және түсіру, берілген ұзындықтағы шалғай жерге қосуға сымжелілерді шешу (орау); жер бетінде " шексіздікте" "В" жерге қосу электродтарын құрастыру – бөлшектеу (28 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 қосымшаға сәйкес), ұңғымада бір заряд

нүктесіне "А" электродын дайындау және қондыру және оны жер бетіне алып шығу (17 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3- қосымшаға сәйкес). Ұңғымада (немесе әр түрлі ұңғымаларда) уақыт мөлшерлемесіне қатысты бір зарядтан артық орнатқан жағдайда (17 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3- қосымшаға сәйкес) мына коэффициенттер қолданылады: 2 зарядты орнатқанда – 1,15; 3 зарядты орнатқанда – 1,20, 4 зарядты орнатқанда – 1,30.

454. Уақыт мөлшерлемелері 9 -17 кестелерде, еңбек шығындары – 18 – 20 кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі мен сан мөлшері – 21 кестеде, көлік мөлшері – 22 кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 – Қосымшаға сәйкес) көрсетілген.

Параграф 3.3. Электропрофилдеу әдісі (ЭП)

455. Мөлшерлемелер келесі аппаратураларда жұмыс жасауға есептелген: АЭ-72 түріндегі және АНЧ түріндегі, қондырғылар сұлбалары бойынша: симметриялық – AMNB, AA’MNB’B және AA’A” MNB”B’B, бір жақты, үш электродты - AMN (B → ∞), AA’MN (B’ B → ∞) және AA’A”MN (B” B’ → ∞), аралас үш электродты – AMN (C → ∞) MNB AA’MN (C’ C → ∞)MNB’B, бір жақты екі өрісті – A’AMN, A”A’AMN, A”’A”A’AMN, екі жақты екі өрісті – A’ AMNBB’ және A”A’AMNB’B”, электр өрісін жанаспай өлшеу әдісі бойынша (БИЭП) ЭРА түріндегі аппаратурамен орташа градиентті (СГ) жерге қосылмаған жұмыс желілерімен орташа градиенттерді орнатумен (жерлендірілген, сыймдылықты немесе индуктивті қоректендіру желісімен) және A’AMN сұлбасы бойынша екі өрісті.

456. Мөлшерлемелермен потенциалдар айырымы және электродтардың жерге қосу құрылғысының қалыпты өлшеу шарттары көзделген. ΔU күрделі өлшеу шарттары жағдайында және қоректендіру электродтарының күрделендірілген шарттарында, уақыт мөлшерлемелеріне 1 кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- қосымшаға сәйкес) келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

457. Потенциалдар айырмасының өлшеу шарттары келесі белгілермен сипатталады:

қалыпты – кедергілердің төмен деңгейінде ΔU өлшеу;

қиын – индустриялық кедергілер болғанда, тұрақсыз полярлық құбылыстарда , өріс қалыптасуының ұзақ процесінде, табиғи жер токтарының қарқынды көріністерінде ΔU өлшеулері орындалады, кедергілердің деңгейі пайдалы белгі деңгейімен өлшенеді; нүктеде кем дегенде үш қайталанатын өлшеулер жүргізіледі.

458. Қоректендіруші электродтарды жерлендіру шарттары:

қалыпты – жерге қосу төмен омды шөгінділерде, АВ/2 таратуда 1-3 электрод қолданылып жүргізіледі;

күрделендірілген – жерге қосу қиыршықтаста немесе 0,5 м дейін қатқан топырақта, АВ/2 таратуда 4 және одан көп электродтар пайдаланумен жүзеге асырылады.

459. АЭ-72 және АНЧ аппаратураларымен орташа градиенттерді (СГ) құра отырып, жұмыстарды орындағанда, жартылай ілмешектерде АВ желі жетегін таратқанда, уақыт мөлшерлемесіне 1,25 коэффициенті қолданылады.

460. Жұмыс құрамы (23, 24, 25 26, 27 кестелеріне, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 қосымшаға сәйкес). Профилде дайындау – қорытынды жұмыстар:

аппаратураларды, жабдықтарды және саймандарды тиеу және түсіру;

аппаратураны жұмысқа тексеру және дайындау;

келтірілетін, қоректендіргіш желілер сымжелілерін шешу (орау) ("шексіздік" желілерін қоспағанда).

Нүктедегі жұмыс:

жерге қосу, қоректендіргіш желілердің жылыстап кету жағдайын тексеру, бір, екі, үш және төрт қоректендіргіш желілерде қондыру схемасына байланысты, кедергіні есептеу және графиктерді құрастыру.

461. "шексіздік" желісін орнату және жою жұмыстарының негізгі түрлерін орындайтын далалық отряд күштерімен жүргізіледі.

462. Жұмыстар құрамы жабдықтар мен саймандарды тиеп - түсіру; "шексіздік " желі сымжелілерін шешу және орау, электродтарды жерге қосуды жүргізу және жою.

463. Уақыт мөлшерлемелері 23-28 кестелерде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 29 – 31 кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 32 кестеде, көлік мөлшерлемелері – 33 кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 Қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 3.4. Тік электрлік зондтау әдісі (ВЭЗ)

464. СГЭ-72 және ЭРСУ-71 бекеттерімен АНЧ түріндегі және АЭ – 72 аппаратурасымен жұмысқа есептелген мөлшерлемелер.

Мөлшерлемелермен потенциалдар айырымы және электродтардың жерге қосу құрылғысының қалыпты өлшеу шарттары көзделген. ΔU күрделі өлшеу шарттары жағдайында және қоректендіру электродтарының күрделендірілген жерге қосу жағдайында, уақыт мөлшерлемелеріне 1- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- қосымшаға сәйкес) көрсетілген түзету коэффициенттері қолданылады.

465. Потенциалдар айырымын өлшеу шарттары келесі белгілермен сипатталады:

қалыпты – кедергілердің төмен деңгейінде ΔU өлшеу (ΔU 0,3 мВ аса);

қиын – кедергілердің жоғары деңгейінде ΔU өлшеу, пайдалы белгі деңгейімен тең өлшенеді (ΔU 0,2 мВ кем).

Көзбен қарау тәсілі: ΔU өлшемдері индустриялық кедергілер , тұрақсыз полярлаулар, өріс қалыптасудың ұзақ процесінде, табиғи жер токтарының қарқынды көріністері болғанда жүргізіледі; соңғы үш таратуда кем дегенде үш қайта өлшем жасау қажет.

Осциллографиялық тіркеу: ΔU жазба өріс қалыптасуының ұзақ процесімен және теллуриялық токтар вариациялармен шартталған жоғары деңгейлі кедергілермен күрделенген;потенциалдар айырымының өлшеу шарттарының сипаттамасы соңғы үш таратудағы жұмыс таспалары бойынша анықталады.

466. Электродтарды жерге қосу шарттарының сипаттамасы:

қалыпты шарттар – жерге қосу төмен омды бос шөгінділерде (жыныс беттерінің кедергісі 100 Омм дейін) 34 кестеде қарастырылған сан мөлшердегі электродтарды қолдана отырып жүргізіледі (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5- Қосымшаға сәйкес);

күрделенген шарттар – жерге қосу 0,5 м дейін тереңдікке қатқан құмдарда, топырақта, қиыршық тастарда 34 кестеде қарастырылған электродтар санын қолдана отырып, жүргізіледі (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 –қосымшаға сәйкес, 4-бөлім, 2-тарау).

Қиын шарттар тек ТЭЗ кезінде АВ=4000 м (АВ/2=2000 м) және одан жоғары таратуларда қарастырылады: жерге қосу (беттік жыныстардың кедергісі 600 Омм жоғары) 0,5 м артық тереңдікте қатқан бос құмдарда (дюндар, бархандар), конглометраттарда, топырақта жүргізіледі; қажет болған жағдайда жерлендіру құралдары үшін ор немесе шурфтарды қазу, 34- кесте бойынша анықталатын жерге қосудың қалыпты шарттарына сәйкес келетін мөлшерде ұзындығы 2 м дейінгі электродтарды қолдану немесе қиын жағдайлар үшін, 34- кестеде қарастырылған мөлшерде ұзындығы 1 м дейінгі электродтарды қолдану (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5- Қосымшаға сәйкес, 4- бөлім , 2- тарау) қарастырылады.

467. ТЭЗ үшін уақыт мөлшерлемелері жұмыстың конвейерлі тәсіліне есептелген, яғни ТЭЗ нүктесін істеп болған соң, бақылау нүктелерінің арақашықтығына тең қоректендіргіш желінің сымдарын орау жүргізіледі. Қоректендіргіш желінің сымдарын толық орау қажет болған жағдайда, (жергілікті жер жағдайы бойынша, бақылау, қиысу және параметрлік ТЭЗ

орындауда) уақыт мөлшерлемелеріне 1,25 коэффициенті қолданылады (кесте 35, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5- қосымша, 4 бөлім, 2- тарау). Соңғылары жұмыстар жобасында ерекше дәлелденеді.

468. ТЭЗ әдісі бойынша жұмыс қоректендіргіш және қабылдау желісінің қалың таратуларында АВ=2000 м дейін орындалады. Осы жағдайларда уақыт мөлшерлемелеріне келесі коэффициенттер қолданылады:

АВ үшін 300 м дейін (негізгі өлшемдердің сан мөлшері 30) - 1,5;

АВ үшін 500 м дейін (негізгі өлшемдердің сан мөлшері 31) - 1,4.

АВ үшін 1000 м дейін (негізгі өлшемдердің сан мөлшері 33) - 1,3.

АВ үшін 2000 м дейін (негізгі өлшемдердің сан мөлшері 35) - 1,2.

469. AMN (B→ ∞) сұлбасы бойынша ТЭЗ әдісімен жұмыстарды орындағанда, "шексіздік" желісін қондыру (таратуға) уақыт мөлшерлемелері 28 -кесте бойынша анықталады 28 (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4- Қосымшаға сәйкес).

470. Жұмыс мазмұны.

ТЭЗ орталығындағы жұмыс: аппаратураны, жабдықты және сайманды тиеп - түсіру; аппаратураны тексеру және жұмысқа дайындау; қабылдау және қоректену желілерін шешу және жерге қосу; желідегі жылыстап кетуді тексеру, нүктеде жұмыстар аяқталғаннан кейін, аппаратураны орын ауыстыруға дайындау ; қабылдау желілерін бөлшектеу; аз қоректендіргіш желі сымдарын орау.

Тарату жұмыстары: қоректендіргіш желі сымдарын тарату(өсіру) немесе жұмысшыларды таратудан таратуға ауыстыру электродтарды жерге қосу; өлшеуді күту; жерлендіруді жою.

Өлшеулер жүргізу: көзбен көру тәсілімен – есептеулерді алу және оларды журналдарға жазу, қажетті қайталау өлшемдерін жүргізу, болжамды кедергілерді есептеу және ТЭЗ жұмыс қисығын тұрғызу, желідегі жылыстап кетуді тексеру; осциллографиялық тәсілде – арналарды жазу және градуирлеу, осциллограммаларды фотоөңдеу, талдау, таспаларды бастапқы өңдеу және құжаттау, болжамды кедергілерді есептеу, ТЭЗ қисықтарын тұрғызу.

471. Уақыт мөлшерлемелері 35 және 36- кестелерде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 37-41 кестелерге, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 42 кестеде, көлік мөлшерлемелері – 43-45 кестелерде келтірілген (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5- Қосымшаға сәйкес).

Параграф 3.5. Шақырылған полярлау әдісі

472. Мөлшерлемелер орташа градиенттер (СГ), градиенттер (Г), электрпрофильдеу (ЭП) және тік электр зондау (ВЭЗ) тәсілдері бойынша, ВП-62, ВПС-63, СВП-74 бекеттері, "Диапир", ЭВП-801 аппаратурасымен; өтпелі сипаттамаларды (ПХ) және шақырылған полярлау туындыларды (ПВП)

бекеттермен және СВП-74, "Диапир", ЭВП-801 түріндегі аппаратуралармен өлшеумен; С-003 түріндегі аппаратурамен ВП (РС-ВП) ерте сатыларын зерттеумен, А'AMN сұлбасы бойынша дипльді қондырғымен электропрофильдеу (ЭП) тәсілі бойынша; СГ, ВЭЗ тәсілдері бойынша және ВП-Ф мен ЭВП-203 бекеттерімен сыртқы және орта градиенттердің (ФСХ ВП СГ және ФЧХ ВП ВГ) қондырғыларымен фазалық – жиілік сипаттамаларды өлшеу арқылы ВП әдісімен жұмыс істеуге есептелген

473. 1 нақты бақылауға 3 мин дейінгі зарядпен электрпрофильдеу (ЭП) тәсілі бойынша жұмысты орындағанда, 2 мин зарядпен 1 нақты бақылауға уақыт мөлшерлемесіне 1,2 коэффициенті қолданылады (50 кесте , уақыт және баға мөлшерлемесіне 6 -Қосымша, 4- бөлім , 2- тарау).

474. 3 мин дейінгі зарядпен ВЭЗ тәсілі бойынша жұмыстарды орындағанда, қоректендіру желісін бір таратуда өлшегенде, уақыт мөлшерлемесіне 1,15 коэффициенті қолданылады (51- кесте, уақыт және баға мөлшерлемесіне 6 – Қосымшаға сәйкес).

475. Мөлшерлемелермен потенциалдар айырымы және қоректендіргіш электродтарды жерге қосудың қалыпты өлшеу шарттары көзделген. DUBП қиын өлшеу шарттары жағдайында және электродтарды жерлендірудің күрделендірілген және қиын жағдайында, уақыт мөлшерлемесіне 1- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- қосымшаға сәйкес, 4 бөлім, 2 тарау) көрсетілген түзету коэффициенттері қолданылады.

476. DUBП потенциалдар айырмасын өлшеу шарттары келесі белгілермен сипатталады:

қалыпты –DUBП өлшеуі кедергінің DUBП шамасынан 10 пайыздан аспайтын , төменгі деңгейінде жүргізіледі ;

қиын – DUBП өлшеуі индустриялық кедергілер болғанда және табиғи жер токтарының қарқынды көріністерінде орындалады; кедергілердің ықпалы DUBП шамасынан 10 пайыздан асады; нүктеде үш және одан көп қайталанатын DUBП өлшемдерін жасау керек.

477. ВП-Ф, ЭВП-03 аппаратурасымен үйлесімді режимде бақылау жасағанда, нақты бақылаулар келесілерден тұрады:

1) өлшеу арнасының калибрленуі;

2) қабылдау желісінде электр дабылының параметрін өлшеу.

Өлшеу төмендегілерден тұрады:

ВП-СГ тәсілі –жұмыс жиелігі бірінде (f = 0,07-9,7 Гц) z ВП 3-5 өлшемнен .

f = 0,07-0,15 Гц және f = 0,3 Гц жиіліктерде жұмыс жасағанда, уақыт мөлшерлемесіне сәйкесінше 2,5 және 1,6 түзету коэффициенттері қолданылады.

ФЧХ ВП СГ тәсілдері – әдістемемен қарастырылған әрбір жиіліктер жиынтығында (ФЧХ ВП СГ – f – 0,3-19 Гц, ФЧХ ВП СГ – f – 0,3-312 Гц) 3-5 өлшемнен.

478. Бекеттердің барлық түрлерімен жұмыс жасағанда, жерге қосу шарттары қоректендіруші желінің ұштарында жерге қосылған электродтар санымен анықталады, олар (46 -кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымша).

479.Орташа гредиенттер тәсілімен алаңдық түсіру кезінде, мөлшерлемемен екі (барлық типті бекеттерді пайдалана отырып)және үш(тек ВП-Ф және ЭВП-203 бекетін пайдалану кезінде) қабылдау қондырғысында е бір уақытта өлшейтін жұмыс қарастырылған.

480. Бір жақты немесе үш электродты және аралас қондырғылармен ВП-ЭП тәсілі, және AMN(B→∞) қондырғыларымен ВП-ВЭЗ тәсілі бойынша бойынша жұмыстарды орындағанда, "шексіздік" желісі қондырғысына уақыт мөлшерлемесі 28- кесте бойынша анықталады (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4- қосымша). ВП-ВЭЗ жұмыстарын конвейерлі емес тәсілмен немесе қоректендіруші және қабылдаушы желілердің тығыздалған таратуларымен орындаған жағдайда, 494 және 495 тт. басшылыққа алған жөн.

481. Орташа градиенттер (СГ), градиенттер (Г) тәсілі бойынша жұмыстарды орындағанда, АВ желісі сымдарын таратып салуда уақыт мөлшерлемесіне 1,25 коэффициенті қолданылады.

482. Жұмыс құрамы :

Профильдегі (нүктеде) жұмыстар: аппаратураны, жабдықты, саймандарды тиеп - түсіру; аппаратураны жұмысқа дайындау; жеткізетін, қабылдайтын және қоректендіретін желілердің сымдарын тарқату және орау ("шексіздік" және IV күрделілік дәрежесі шарттарындағы бекеттен (аппаратурадан) жеткізілетін желілер сымдарынан басқалары); жерге қосу құрылғысы; АВ желісінің кедергісін оммертмен анықтау; жерге қосылғандарды жою.

Өлшеулер жүргізу: DU ПР’ DU ВП (zВПt) және t потенциалдар айырмасының мәндерін көру арқылы санау немесе осциллографиялық жазбасын орындау; болжамды полярлау және кедергілену параметрлерін есептеу және графиктер жасау.

483. Уақыт мөлшерлемесі 47– 59 кестелерде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 60 – 64 кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 66 кестеде, көлік мөлшерлемелері – 65 кестеде келтірілген (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6 -қосымша).

Параграф 3.6. Магнитотеллуриялық әдістер

484. МТЗ, КМТЗ, ГМТЗ әдістерімен жұмыс жасағанда, электр магнит өрісінің бес құрамдас бөліктері өлшенеді – Ex, Ey, Hx, Hy, Hz.

Бақылау кезінде өлшеу қондырғылары пайдаланылады, олар Ех, Еу екі жерге қосылған желіден және Нх, Ну, Hz үш магнитометрлерден тұрады немесе ЦЭС-2 бекет топтамасындағы ИДх, ИДу, ИДz индуктивті бергіштерден тұрады. Қабылдау желілерінің ұзындығы 0,2-1,0 ш. ПВР (ГПС МПО) түріндегі жеңіл сым пайдаланылады. Жерге қосулар полярланбаған электродтардың көмегімен жүзеге асырылады, олар ГРМЦ түріндегі батареялардан, не болмаса 165-У "ЦЭС-2 нұсқаулығы" бойынша жасап шығарылған. МТЗ бақылау нүктесі болып магнитометрлердің және қабылдау желілері жақын электродтарының орналасу орны саналады. Магнитометрлер таяз шұңқырларда немесе арнайы жабдықталған павильондарда орнатылады. Өлшеу қондырғылардың бағыты 0,50 дейін дәлдікпен буссоли көмегімен жасалады.

485. Мөлшерлемелер магнитотеллуриялық зондтау (МТЗ), аралас магнитотеллуриялық зондтау (КМТЗ) және терең магнитотеллуриялық зондтау (ГМТЗ) әдістерімен ЦЭС бекеттерінде жұмыс жасауға есептелген.

486. МТЗ және ГМТЗ әдістерде нақты бақылау деп - жиілік диапазонда бір координатты жердегі бір далалық бекеттің аяқтаған өлшеу кешені аталады, ол жобамен қарастырылған, қолданыстағы техникалық ережелер талаптарына сәйкес орындалған.

487. КМТЗ әдісінде нақты бақылау деп – бір координатты жердегі, бір далалық бекеттің аяқтаған өлшеу кешені мен дәл сол кезде базалық жердегі базалық бекеттің базалық жобамен қарастырылған жиелілік өрісінде, қолданыстағы нұсқау талаптарына сәйкес орындап, бірге аяқтаған өлшеу кешені саналады.

Бір базалық жердегі Екі координатты жердегі екі дала бекеттерімен бір уақытта орындалып, аяқталған өлшеу кешені екі нақты бақылауға теңестіріледі, ал үш, төрт, бес және т.б. дала бекеттерімен – сәйкесінше 3, 4, 5 және т.б. нақты бақылауларға теңестіріледі.

Бір базалық және бір дала бекеттерімен синхронды өлшемдер (КМТЗ) жүргізгенде, уақыт мөлшерлемесіне 1,2 коэффициенті қолданылады, коэффициент әр дала бекеті үшін 0,5-ке артады.

Базалық бекеттерді қайта шоғырландыруға уақыт осы мөлшерлемелермен қарастырылмағанн және жұмыстар жобамен негізделеді.

488. Мөлшерлемелер жұмыс өндірісінің мөлшерленген ұйымдастыру – техникалық шарттарын қарастырады:

Магнитотеллуриялық вариацияларды тіркеу тәртібі; магнитотеллуриялық өріс күрделігі; магнитотеллуриялық өрістердің тіркелетін құрамдас бөлшектерінің саны; күрделілік дәрежесі; бақылау нүктелері арасындағы қашықтық.

489. Мөлшерлемелер магнитотеллуриялық өрісті тіркеудің келесі тәртіптері үшін құрастырылған: МТЗ-В-С-Н (0,1-1000 с), МТЗ-В-С (0,1-10 с), МТЗ-В (0,1-1 с) бірге, МТЗ-С (1-10 с), МТЗ-Н (10-1000 с) бөлек.

490. Мөлшерлемелермен тіркелетін құрамдас бөлшектердің саны ескерілген – бес (Ех, Еу, Нх, Ну, Hz), төрт құрамдас бөлшектерді тіркегенде, уақыт мөлшерлемесіне К=0,9 қолданылады.

491. Мөлшерлемелермен магнитотеллуриялық өріс күрделілігіне тәуелді әр диапазонда тіркелетін магнит таспаларының келесі сан мөлшерлері көзделген:

қалыпты өріс – 2 магнит таспа ;

күрделендірілген өріс – 3 магнит таспа ;

қиын өріс – 4 магнит таспа .

Қалыпты магнитотеллуриялық өріс келесі белгілермен анықталады:

анық көрінетін сызықты емес полярлаумен;

квазисинусоидалды вариациялар дербес цугтары қоспаларының көп болуы;

жоғары жиілікті кедергілердің амплитудасы осы диапазондағы вариациялардың орташа амплитудасының % аспайды;

жел кедергілері және микросейм кедергілері жоқ;

импульсті кедергілер ЦЭС межесінің 10-20 бірлігінен аспайды және аймақта 1-2 есе сирек тіркеледі;

Күрделендірілген магнитотеллуриялық өріс:

сызықты емес немесе эллиптикалық полярлау, осьтер қатынасы 1:10 –нан аспайды;

күрделі үлгі вариациялары, әр түрлі аралықтардың толқындарымен сипатталады;

жоғары жиілікті кедергілердің амплитудасы өлшенетін диапазон вариациясының орташа амплитудасының 20 % жетеді;

жел кедергілері, микросейм кедергілері ЦЭС межесінің 10-20 бірлігінен аспайды;

импульті кедергілер 50 бірлікке жетеді және аймақта 5-7 ретке дейін тіркеледі .

күрделі магнитотеллургиялық өріс:

өрістің квазисызықты полярлануы;

талап етілетін диапазонның көрінетін вариациялары байқалмайды;

кедергілер амплитудасы жоғарыда көрсетілген бағалардан асады;

қатты импульсті кедергілер үнемі тіркеледі.

492. Мөлшерлемелермен ұзындығы 375 м, А-43-046Б түріндегі 1 магнит таспаға жазба (тіркеу) ұзақтығы ескерілген:

МТЗ-Н – 7,8 сағат;

МТЗ-С – 1,67 сағат;

МТЗ-В – 0,4 сағат.

ЦЭС – 2 бекеттерінде терең магнитотеллуриялық зондтауды (ГМТЗ) өткізгенде, уақыт мөлшерлемесіне 1,74 коэффициенті қолданылады.

Мөлшерлемелер МТЗ нүктелердінде өлшемдер жасағанда, үш ауысымдық жұмысты көздейді. Күн тәртібі магнитотеллуриялық өрістің вариациялар қарқындылығының тәуліктік жүрісіне тәуелді белгіленеді. МТ өрісі вариацияларын жазуды әр аумақ үшін анағұрлым жайлы аралықта өткізген жөн. Жұмыстарды жобалағанда тіркелетін аралықтар вариацияларының пайда болуы туралы статистикалық деректерді ескеру керек.

493. Жұмыстар құрамы:

партия (отряд) базаларында дайындау - қорытынды жұмыстар, тапсырма алу; аппаратураны, жабдықтарды, саймандарды, көлікті дайындау, электродтарды дайындау, жабдықтарды және саймандарды тиеп - түсіру, дала материалдарын тапсыру (магнитограммалар, дала журналдары).

Бақылау нүктесінде дайындау - қорытынды жұмыстары: бекеттерді қондыру; жабдықтар мен саймандарды тиеп - түсіру ; екі өрісті сымжелілерді шешу (орау) және MN сымдарын көму; олардың ұштарын жерге қосу; шұңқырларды қазу және көму; магнитометр және индуктивті бергіштерді орнату және шешу; ИД үшін 2 м тереңдікке қолмен бұрғымен ұңғыманы бұрғылау және оны жою; өріс бергіштерін іске қосу үшін, кондукторларды шешу (орау) және қазып орнату; бензоагрегатты орнату және іске қосу, оны бензинменмезгіл-мезгіл толтырып отыру; бақылау нүктесінде аппаратураны тізбекті тексеру, келесі мекенге бекетті көшіруге дайындау. Синхронды МТЗ үшін – толқын жинағышты орнату, базалық бекетпен радио байланыс жасау және синхрондауды тексеру. Өлшем жүргізу (МТ өрісін тіркеу), өріс сипатын бағалау және тіркеудің жұмыс тәрітібін таңдау мақсатында вариацияларды бақылау; АК (автоөтемақы) тест жазбалары және арналарды градуирлеу; МТ өрістің әр жиілікті диапазонда вариацияларын жұмысшы тіркеу; магнит таспаларын ауыстыру; магнитограммаларды құжаттау; жаңғыртуда барлық жазбаларды қарап шығу және олардың сапасын талдау.

494. Аппаратураны және жабдықтарды далалық кезеңде тексеру және алдын – алу жөндеуін жүргізу үшін, жұмыс ауысымына байланысты алдын – алуға келесі уақыт мөлшерлемесі беріледі: үш ауысымды жұмыста 2 отряд – ауысым.

495. Жиілікті сипаттамаларды анықтау бойынша жұмыстарды жүргізу, эталондауды және арналарды сәйкестікке жазу үшін, үш ауысымды жұмыс кезінде айына 3,5 отряд – ауысым көзделеді.

Осы мөлшерлемелермен ескерілмейді және техникалық жобада жобаланатын жұмыстардың ауданы бойынша өткен жылдардағы нақты деректер немесе геоэлектрлік тілік сипаттамасына ие ауданға ұқсату негізінде және жергілікті жердің кеңдігі ескеріліп, магнитотеллуриялық өріс орта кезеңдік

вариациялардың болмау күндері немесе оның квазисызықты полярлау күндері негізделеді.

Е с к е р т п е. Ортакезеңдік вариациялардың болмаған күндері оны жұмыс күні ішінде 2 сағаттан кейін 0,5 – 1 сағат жазбасы бар растаушы магнитограмма болғанда, отряд – ауысымда актіленеді.

Осы мөлшерлемелермен далалық жұмыстарды жүргізудің тиімді кестесін анықтау мақсатында, магнитотеллуриялық өрістің вариацияларын тәулік бойы бақылау үшін, партияға (отрядқа) айына бір жұмыс күні қарастырылады. Бұл күндер жобадағы отряд-ауысымның далалық жұмыстарының ұзақтығы бойынша жинақтық есептемесіне қосылады.

496. Отряд – ауысымдағы МТЗ әдісімен істелетін жұмыста 1 нақты бақылауға берілетін уақыт мөлшерлемесі 67 – 68 кестелерде; еңбек шығындарының мөлшерлемесі – 69-70 кестелерде; аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 71 кестеде; көлік мөлшерлемесі – 72 кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемесі 7- Қосымшаға сәйкес) көрсетілген.

Параграф 3.7. Электромагнитті зондтау және қалыпқа келтіру әдісі.

497. Зондтау әдісі электромагнит өрісіне айналу (ЭС, ЭС-ЗИ, ЗС-МП). Мөлшерлемелер ЦЭС-2, ЦЭС-3, Прогресс-2СЭ түріндегі электр барлау бекеттерін және ЭРС-67 т УКЭ-50 түріндегі генератор қондырғыларды жұмыста пайдалана отырып, ЭС, ЗС-ЗИ және ЭС-МП әдістерімен жұмыс істеуге есептелген.

498. ЭС және ЗС-ЗИ (жақын, аралық және алыс аймақтарда өлшеу) әдістерінде нақты бақылау деп жұмыстар жобасына сәйкес, бір немесе екі (Ex, dBz/dt) өлшеулердің аяқталған кешені аталады, олар электрмагнит өрісін құрайды, бір қоректендіргіш қондырғының өзгермейтін күйінде электрмагниттік ауытқулардың бір қоздырушы көзінен бір координет нүктеде бір электр барлау бекетімен орындалғандар.

Осыған сәйкес, ЗС және ЗС-ЗИ әдістерімен бір отряд – ауысымдағы жұмысқа уақыттың есептік бірлігі қабылданған, оның аралығында электр барлау бекетінің бір бригадасынан және генераторлы топтың бір бригадасынан тұратын электр барлау отряды жеті сағатық жұмыс күніне белгіленген өнім мөлшерлемесін орындайды.

499. Мөлшерлемелер жұмыс өндірісінің келесі қалыптастырылған технологиялық және ұйымдастырушылық – техникалық шарттары ескеріліп есептелген: зондтау түрі және орындау технологиясы, дербес ЗС және ЗС-ЗИ әдістері үшін қоректендіру қондырғысын орнату шарттары, өрістің қалыптасу

белгілерін тіркеу шарттары; түрлі полярлы ток импульстарының ұзақтылығы; күрделілік дәрежелері; бақылау нүктелері арасындағы қашықтық; жұмыстардың жазғы кезеңі.

500. Бақылау нүктелерінің арасындағы қашықтық деп көрші қабылдау қондырғыларының орталықтарының аралық қашықтықтары саналады.

501. Мөлшерлемелермен ЗС әдісімен жұмыс жасағанда, қоректендіру қондырғысының келесі қондыру шарттары ескерілген:

қалыпты шарттар – 30 А-ге дейінгі токтармен жұмыс істеу, диполь ұштарында 70 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу немесе квадрат жағымен 500 м дейінгі (Q) қоректендіру ілмешегін тарқату жолымен, ұзындығы 3 ш дейінгі АВ қоректендіруші диполь ұштарында жерге қосу құрылғысын қондыру, 1-2 сымды (жіпті) (АВ, Q) қоректендіргіш құрылғыны қондыру.

күрделендірілген шарттар – 30 дан 50 А-ге дейінгі токпен жұмыс істеу, диполь ұштарында 150 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу арқылы немесе шнектерді бұрғылаумен (15 м асатын тереңдікке 4 шнектен аса), не болмаса 1 ш аса квадрат жағымен (Q) қоректендіргіш ілмешекті тарқату жолымен, ұзындығы 3-4 шақырымға дейінгі АВ қоректендіруші диполь ұштарында жерге қосу құрылғысын қондыру, 5-6 сымды (жіпті) (АВ, Q) қоректендіргіш қондырғыны құру.

қиын шарттар – 50 А-ден жоғары токпен жұмыс істеу, диполь ұштарында 150 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу арқылы немесе шнектерді бұрғылаумен (15 м асатын тереңдікке 4 шнектен аса), не болмаса 1 ш аса квадрат жағымен (Q) қоректендіргіш ілмешекті тарқату жолымен, ұзындығы 4 шақырым және одан да аса болатын АВ қоректендіруші диполь ұштарында жерге қосу құрылғысын қондыру, 5-6 сымды (жіпті) (АВ, Q) қоректендіргіш қондырғыны құру.

ерекше қиын шарттар – 80 А-ден жоғары токпен жұмыс істеу, ұзындығы (периметрі) 4 ш. асатын 7-10 сымды қоректендіру құрылғысын қондыру.

502. Мөлшерлемелермен ЗС-ЗИ әдістерімен жұмыс жасағанда, қоректендіру қондырғысының келесі орнату шарттары ескерілген

қалыпты шарттар –қоректендіргіш дипольдың ұзындығы 4 ш дейін, қоректендіргіш жері ГПМП сымының 1-2 жібінен құрастырылады, 70 дана болатын ұзындығы 1 м электродтарды қағу арқылы Ав диполінің ұштарын жерге қосу құрылғысы орнатылады, олар ұзындығы 2 м 70 данаға дейінгі сан мөлшерде енгізу амалдары арқылы жүзеге асырылады, жұмыс 30 А-гек дейінгі ток күшімен бір гентоппен жүргізіледі;

күрделендірілген шарттар – қортендіргіш диполь ұзындығы 8-10 ш; қоректендіргіш қондырғы ГПМП сымының 3-4 жібінен құрастырылады, АВ диполінің ұштарын жерге қосу 10 данаға дейінгі, тереңдігі 2,5-3 м болатын

ұңғымаға шнектерді бұрғылау амалдары арқылы орындалады, жұмыс бір 30-50 А токтармен бір ЭРС-67 немесе УГЭ-50 гентоппен жүргізіледі.

қиын шарттар – қоректендіргіш диполь ұзындығы 12 ш-нан асады, қоректендіргіш қондырғы ГПМП сымының 3-4 жібінен құрастырылады АВ диполінің ұштарын жерге қосу 4 данадан аса, тереңдігі 15 м-ден асатын шнектерді бұрғылау амалдары арқылы орындалады, жұмыс 50 А токпен бір ЭРС-67 немесе УГЭ-50 гентоппен жүргізіледі.

503.Мөлшерлемелермен ЗС және ЗС-ЗИ әдістері үшін электр магнитті өрісті құрайтын өрістің магнитті және электрлік қалыптасу белгілерін тіркеуде келесі шарттар ескерілген:

қалыпты шарттар – өлшеулер 24-36 дБ жұмысшы әлсізденулерде өткізіледі, ұзақ периодты теллургиялық кедергі амплитудасы ЦЭС – 2 жұмыс межесінің 1/ 10 аспайды, "белгі – кедергі" қатынасы 5/1 кем емес, дабылды жинақтау саны 30-дан кем емес;

күрделендірілген шарттар – өлшеулер 18-12 дБ жұмысшы әлсізденулерде өткізіледі, ұзақ периодты теллургиялық кедергі амплитудасы ЦЭС – 2 жұмыс межесінің 1/5-н аспайды, "белгі – кедергі" қатынасы 3/1 кем емес, дабылды жинақтау саны 60 кем емес.

қиын шарттар – өлшеулер 6-0 дБ жұмысшы әлсізденулерде өткізіледі, ұзақ периодты теллургиялық кедергі амплитудасы ЦЭС – 2 жұмыс межесінің 1/3-н аспайды, "белгі – кедергі" қатынасы 2:1 кем, дабылды жинақтау саны 120 кем емес.

Еу электр өрісінің және магнит құраушыларының dB/dt және dBz/dt көлденең құраушысын өлшеу де тіркеудің қиын шарттарына жатады.

504. Мөлшерлемелермен зондтау түрлері ескерілген:

Негіздің (көз) жақын аймағында зондтау;

негіздің шалғай аймағында зондтау .

Аралық аймақта жұмыстарды өткізгенде, шалғай аймақтың мөлшерлемелері қолданылады.

505. Мөлшерлемелермен ЭРС-67 немесе УГЭ-50 генераторлы қондырғымен бірге екі ЦЭС бекеттермен бір уақытта профиль бойынша қарама – қарсы әдістеме бойынша ЗС әдісімен жұмыстар ескерілген.

506. Мөлшерлемелермен бір уақытта екі бекетпен бір бекітілген көзден бір профиль бойынша зондау әдістемесі бойынша ЗС-ЗИ әдісімен жұмыстар ескерілген. Бір генераторлы қондырғымен бірігіп көп бекет жұмыс жасағанда, уақыт мөлшерлемесіне 1- кестеде (уақыт мөлшерлемесіне 1-қосымшаға сәйкес) келтірілген коэффициент қолданылады.

Е с к е р т п е. уақыт мөлшерлемесіне бірнеше коэффициентті пайдалануды көздеген технологиялық сұлбалар бойынша жұмыстарды жүргізгенде,

бейқалыпты шарттар үшін, есептеу кезінде бір минималды коэффициент қолданылады.

507. Осы мөлшерлемелермен ескерілетін жұмыстар құрамына келесілер кіреді:

партия (отряд) базасында дайындау - қорытынды жұмыстар; тапсырма алу; аппаратураны, жабдықтарды, саймандарды (соның ішінде электродтарды дайындау) дайындау, көлікті дайындау; аппаратураны, жабдықтарды және саймандарды тиеу, сонымен қатар оларды базаға қайтып оралғанда түсіру; жұмыс күні аяқталысымен, далалық материалдарды тапсыру (журналдар, магнитограммалар және т.с.с.);

ЦЭС-2-де далалық бақылаулар:

жергілікті жерде бақылау бекетін анықтау;

жабдықтар мен саймандарды түсіру;

бекеттерді орнату, бензоэлектрлік агрегатты орнату, іске қосу, оған әлсін-әлсін жанар - жағар май құю, оны бекетке қосу және байланыстырғыш сымжеліні көму, бекетті тексеру және жұмысқа дайындау;

қабылдау ілмешегін және қабылдау желісін тарқату (орау);

ағып кетпеуін тексеру, оларды көміп қою, MN желісінде электродтарды орнату (түсіру);

кондукторларды тарқату (орау), көму, өріс бергіштерін іске қосу - ажырату;

толқын жинақтағышты құрастыру – бөлшектеу, аппаратураны өлшемдер жасауға дайындау;

бекеттерді іске қосу, магнитотеллуриялық өріс кедергілері деңгейін бақылау, гентоппен радиобайланыс, алғашқы сынамалы іске қосуларды жүргізу, арналарды градуирлеу, магнит таспаға жазба жасау, жазылған ақпаратты қарап шығу, қажетті дала құжаттамасын жүргізу, барлық өлшеу қондырғысын, бензоэлектрлік агрегатты, сымжелілерді, кондукторларды бөлшектеу; жергілікті жерде нүктені бекіту, бақылау нүктесінің жоспарлы орналасуын анықтау, жабдықтарды және саймандарды тиеу.

Қабылдау қондырғысын құрастырумен бірге немесе оның алдында АВ қоректендіруші қондырғының, жерге қосу құрылғысының құрастырылуы жүргізіледі.Бекет жұмысымен қатарластырылып, генератор қондырғысының жұмысы жүргізіледі, оның құрамына келесілер кіреді: бақылау нүктесін айқындау, АВ желісін немесе q ілмешегін құралды бөлу, генераторлы топты орнату, жерге қосу, желіні жерге қосу кедергісі мөлшерін тексеру, антенна құрастыру – бөлшектеу, гентопты жылыту, бекеттермен радиобайланыс өткізу, сынама ток испульстарын іске қосу, токтың тік бұрышты импульстарын іске қосу , дала журналында жерге қосу кедергісі мен және ток шамасы тіркеуді жүргізу. Бұдан басқа, қондырғыны бөлшектеу жүргізіледі, оның ішінде жерге қосу,

қоректендіргіш желілерді орау, аппаратура және саймандарды жинау, жергілікті жерде нүктені бекіту, оның жоспар бойынша орналасуын анықтау және көшу; далалық материалдардың сапасын алдын – ала бағалау және далалық жұмыстардың нәтижелері туралы есеп жазу.

508. Қоректендіргіш және қабылдағыш диполь немесе ілмешектерді құрастыру – бөлшектеу. Электродтарды қағумен немесе шнектерді бұрғылаумен жерге қосу, сонымен қатар жерге қосу құрылғысына тұзды ерітінді немесе су құю өзге операцияларға тәуелсіз жүргізіледі және бақылау нүктесінде орындалатын жұмыстардың жалпы циклын тежемеу керек.

509. Көп таралмалы зондтау (генератор жақтауын қайта белгілемей) "ілмешек ілмешекте" қондырғысымен қатар уақыт мөлшерлемелеріне 0,64 түзету коэффициентімен дербес ф.н. ретінде қарастырылады (әр қабылдағыш диполь үшін)

510. Аз уақытта (4*10-3с дейін) бір нүктелі тәртіпте жинақтауды жүргізетін " Импульс" тіркеу аппаратурасын пайдаланғанда, уақыт мөлшерлемелеріне (кесте 74, уақыт және баға мөлщерлемесіне 8-қосымша,) 0,2 отряд – ауысым қосылады.

511. "ЦЭС-3", "Прогресс-2СЭ" сегіз арналы бекеттер және "ЭРС-67", "УГЭ-50 "ЗСМП генераторлы топтармен ЗСМП әдісінің мөлшерлеме түзетін факторлары келесілерден құралады.

512. ЭСМП әдісінде нақты бақылау деп 8 арналы тіркеуде (8 бақылау нүктесі) электромагнит толқындарының бір қозу нүктесінен қалыптасатын аяқталған өлшеу кешені аталады, ол тіркеу арналарының осы қабылдау қойылымы үшін қоректендіргіш қондырғының өзгертілмейтін күйімен орындалған.

513. Уақыт мөлшерлемесі генераторлы және ілмешекті қабылдаушы екі е селік жұмыс топтамасымен электр барлау жұмыстарын орындауға есептелген.

514. Уақыт мөлшерлемесімен потенциалдар айырмасын келесі қалыпты өлшеу шарттары ескерілген:

қалыпты шарттар – 40 дейінгі әр түрлі өрісті импульстарды жазу;

күрделендірілген шарттар – 40- тан 80-ге дейінгі әр түрлі өрісті импульстарды жазу;

қиын шарттар – 80-нен аса әр түрлі өрісті импульстарды жазу.

Импультардың ұзақтылығы тіліктің геоэлектрлік сипаттамаларына тәуелді таңдап алынады және келесілерге бөлінеді:

10 сек дейін;

10 – нан 30 сек дейін;

30 – дан 60 сек дейін;

60 секундтан жоғары.

515. Уақыт мөлшерлемелері 6 шақырымға тең қоректендіргіш қондырғының ұзындығымен (периметрімен) және бір сезімтал бекетте өрістің қалыптасу процесін жазатын 8 арналы бекеттері бар ЗСМП әдісі үшін келтірілген

516. Жұмыс өндірісінің бейқалыпсыз шарттары үшін, уақыт мөлшерлемесіне келесі түзету коэффициенттері қолданылады:

12 жұмыс арналарында – 0,8;

16 жұмыс арналарында – 0,6;

24 жұмыс арналарында – 0,45;

қоректендіру қондырғысының ұзындығы 4 – тен 8 ш.дейін – 0,9 кезінде;

қоректендіру қондырғысының ұзындығы 4 ш. аз – 0,8 кезінде;

қоректендіру қондырғысының ұзындығы 8 – ден 12ш. дейін – 1,1 кезінде;

қоректендіру қондырғысының ұзындығы 12ш аса – 0,9;

2-еселік профильдеуде – 0,95;

4-еселік профильдеуде – 0,9;

6-еселік профильдеуде – 0,86;

8-еселік профильдеуде – 0,81;

10-еселік профильдеуде – 0,77;

12-еселік профильдеуде – 0,74;

517. Алыс және жақын аймақтарда қалыпты жағдайларда ЗС әдісімен жүргізілетін отряд – ауысымдағы нақты бақылауға уақыт мөлшерлемесі 73 – 75 кестелерде келтірілген (уақыт және баға мөлшерлемесіне 8 –Қосымшаға сәйкес, 4- бөлім , 2- тарау).

518. Алыс және жақын аймақтарда қалыпты жағдайларда ЗС-ЗИ әдісімен жүргізілетін нақты бақылауға отряд – ауысымдағы нақты бақылауға уақыт мөлшерлемесі 76-77 кестелерде, ЗСМП – 78- кестеде келтірілген (уақыт және баға мөлшерлемесіне 8- қосымшаға сәйкес, 4 -бөлім, 2- тарау).

519. 73- кестенің уақыт мөлшерлемесі (уақыт және баға мөлшерлемесіне 8-қосымшаға сәйкес, 4 -бөлім , 2- тарау) 0,25, 0,5, 1, 2, 3, 4, 5 ш бақылау нүктелерінің арасындағы қашықтықтар үшін берілген, көшіп – қонулар жұмыстар құрамына кіреді; бақылау қадамы 5 ш-нан артық болғанда, жобадағы отряд – ауысымның көшу есебі санына сәйкес, көшіп – қону шығындары сметалық – қаржылық есеппен анықталады.

520. ЗС және ЗС-ЗИ әдістерімен жұмыс жасағанда, бір отряд – ауысымға адам – күн есебіндегі еңбек шығындарының мөлшерлемесі 79, 81- кестелерде, ЗСМП – 80, 82- кестелерінде (уақыт және баға мөлшерлемесіне 8- қосымшаға сәйкес, 4-бөлім , 2 -тарау) келтірілген.

521. Аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері 85, 86-кестелерде, көлік мөлшерлемелері – 83-84 -кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемесіне 8- қосымшаға сәйкес, 4- бөлім , 2 -тарау) келтіріледі.

522. Жиілікті электр магнитті зондтау әдісі (ЧЗ-ВП) (жиілікті зондтау, шақырылған полярлау) мұнай және газды нақтылап іздеу- электр- барлау жұмыстарына арналған.

Әдіс амплитудалар мен электрлі және магнитті төменгі жиілікті өрістердің көп жиелікті (екі және үш жиілікті) фазалық параметрлерін өлшеуге негізделген, олар жерге қосылған тік сызықты қоректендіруші желілерімен түзілген. Өлшеулер 0,07 (немесе 0,019 Гц) бастап, 1 кГц дейінгі жиіліктер аралығында орындалады. Жер бетінде электромагнитті өрістің бес құрамдас бөліктерін өлшеу мүмкін: Ex, Ey, Hx, Hy, Hz.

Электр өткізгіштікті және геоэлектрлік тіліктің шақырылған полярлануын кешенді зерттеу үшін, Ey электр өрісінің құрамдас бөлшегінің ортогоналін өлшейді.

Өріс бергіштері ретінде 0,1 ден 0,5 ш-ға дейін ұзындығы бар жерге қосылған дипольдер қолданылады, дипольдер металдан жасалған (болат немесе мыс) электродтармен жерге қосылған. Магнитті құрамдас бөлшектерді өлшеу үшін, КСПВ сымжелісінен көпорамды ілмешектер және ЦЭС – 2 бекет топтамасынан индуктивті бергіштер пайдаланылады.

Уақыт мөлшерлемелері ЧЗ – ВП әдісінің екі модификациясын көздейді:

негіз және өріс қабылдағыш арасында тұрақты таратумен профильдеу;

бекітілген өріс көзінен ауданда профильді – аудандық өлшеулер.

Мөлшерлемелер ЭВП-203 (ЭИН-204) бекеттері және ЭРС-67 немесе УГЭ-50 генераторлы қондырғыларды қолдана отырып, ЧЗ – ВП әдісімен жұмысістеуге есептелген .

Мөлшерлемелер жұмыстар өндірісінің келесі қалыпты ұйымдастырушылық – техникалық шарттарын көздейді: қоректендіргіш қондырғылардың орналасу шарттары, потенциалдар айырмасын өлшеу шарттары, күрделілік дәрежесі, ток импульсінің максималды ұзақтығы, бақылау нүктелері арасындағы арақашықтық .

Бақылау нүктелерінің арасындағы қашықтыққа көршілес жатқан қабылдау қондырғылары орталықтары арасындағы қашықтық қабылданған.

Күрделілік дәрежелері бойынша ЧЗ – ВП әдісімен жұмыстарды орындау шарттарының сипаттамалары осы Жинақтың "Жалпы ережелер" 8 т. келтірілген.

Мөлшерлемелермен қоректендіру қондырғысының келесі құрылыс шарттары ескерілген:

қалыпты шарттар – 30 А-ге дейінгі токтармен жұмыс істеу, диполь ұштарында 70 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу немесе1-2 сымды (жіпті) (АВ) қоректендіргіш құрылғыны тарқату жолымен, ұзындығы 3 ш дейінгі АВ қоректендіруші диполь ұштарында жерге қосу құрылғысын қондыру .

күрделендірілген шарттар – 30 дан 50 А-ге дейінгі токпен жұмыс істеу, АВ қоректендіруші диполь ұштарында 150 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу арқылы немесе шнектерді бұрғылаумен (15 м асатын тереңдікке 4 шнекке дейін) ұзындығы 4 шақырымға дейінгі жерге қосу құрылғысын қондыру, 3-4 сымды (жіпті) (АВ) қоректендіргіш қондырғыны құру.

қиын шарттар – 50 А-ден жоғары токпен жұмыс істеу, АВ қоректендіруші диполь ұштарында 150 дана, ұзындығы 1м болатын электродтарды қағу арқылы немесе шнектерді бұрғылаумен (15 м асатын тереңдікке 4 шнектен аса), ұзындығы 4 шақырымнан артық болатын жерге қосу құрылғысын қондыру, 5-6 сымды (жіпті) (АВ) қоректендіргіш қондырғыны құру.

Мөлшерлемелермен жиілікті зондтау дабылдарын өлшеудің келесі шарттары ескерілген:

қалыпты шарттар:

Қайта өлшеулерде және жинақтаудың орташа мәндерінде (4-8 аралық) фазалық параметр шамаларын тарату сандық таблоның 3-5 бірлігінен аспайды (0,03-0,050). Оператор фазалық параметрдің орташа мәнін ±1 табло бірлігі қателігімен дәл анықтай алады.

күрделендірілген шарттар:

Қайта өлшеулерде және жинақтаудың орташа мәндерінде (4-8 аралық) фазалық параметр шамаларын тарату бірнеше бірлік ондығына жетеді, бірақ кедергі тұрақты және жинақтың үлкен мөлшерімен тиімді басылады (32, 64, 128, 256 аралықтар).

қиын шарттар:

Қайта өлшеулерде және жинақтаудың орташа мәндерінде (4-8 аралық) фазалық параметр шамаларын тарату бірнеше бірлік ондығына жетеді, дербес жағдайларда жүзден аса бірліктерге жетеді. Кедергі тұрақты емес және жинақтың ұлғаюы қайталама санаулардың тұрақтылығын радикалды арттыруға әкеп соқпайды.Бұл жағдайда оператор тұрақсыз кедергілердің әрекет ету участкелерінің арасында жеткілікті ұзақ үзілістерді күту әдісін пайдаланады. Кедергілер болмаған уақытта өлшенген фазалық параметрдің кем дегенде 16 мәнін тіркеу, оны дабыл амплитудасын өлшейтін жабдық көмегімен бағалау мүмкін.

ЧЗ – ВП әдісінде нақты бақылау деп дабыл амплитудасы өлшемінің аяқталған кешені және бір координат бекетінде бір өлшеуішпен электр магнит өрісінің топтамаларының бірі үшін бір генераторлы қондырғымен бірге орындалып, таңдап алынған жиіліктер диапазонындағы бір фазалық паратметр аталады. Осыған сәйкес ЧЗ-ВП әдісімен жұмыстарға бір отряд – ауысымға уақыттың есептік бірлігі қабылданған, оның ішінде электр барлау бекетінің (өлшеуішінің) бір бригадасынан және генератор тобының бір бригадасынан тұрады электр

барлау отряды жеті сағаттық жұмыс күніне белгіленген өнім мөлшерін орындайды.

Мөлшерлеме генераторлы қондырғы бір уақытта екі дала бекеттеріне (өлшеуішін) қызмет ететін жағдайда бір отрядқа есептелген.

Профильді – ауданды әдістеме бойынша бекітілген көзден өлшеулер жүргізгенде, уақыт мөлшерлемелеріне 0,80 коэффициенті қолданылады.

Осы мөлшерлемелермен ескерілетін жұмыстар құрамына келесілер кіреді:

партия (отряд) базасында дайындау - қорытынды жұмыстар; тапсырма алу; аппаратураны, жабдықтарды, саймандарды (соның ішінде электродтарды дайындау) дайындау, көлікті дайындау;полярланбаған электродтарды іріктеу, аппаратураны, жабдықтарды және саймандарды тиеу, сонымен қатар оларды базаға қайтып оралғанда түсіру; жұмыс күні аяқталысымен дала материалдарын тапсыру (журналдар, магнитограммалар және т.с.с.);

далалық бақылаулар

Бақылау нүктесінде (бекетінде) дайындау – қорытынды жұмыстар.

1) дала бекеті үшін – бақылау нүктелерін белгілеу; бекеттерді орнату; жабдықтар мен саймандарды тиеп - түсіру; шешу (орау), қажет болған жағдайда MN қабылдау желісін оның ұштарындағы жерге қосу құрылғысымен көму; кондукторларды шешу – орау және аппаратураға өріс бергіштерін қосу; генератор тобымен байланысу үшін, толқын жинақтағышты қондыру; өлшеу нүктесінде келесі бекетке көшу үшін өлшеулер аяқталғаннан кейін аппаратураны дайындау; толқын жинақтағышты бөлшектеу; нүктені бекіту және оның бірқалыпты орналасуын анықтау;

2) генераторлы топ үшін – бақылау нүктесін белгілеу, АВ желісін құралдармен бөлу; генераторлы топты орнату, толқын жинақтағышты қондыру; қоректендіргіш екі өрісті құрастыру – бөлшектеу; өлшеу нүктесінде келесі бекетке көшу үшін өлшеулер аяқталғаннан кейін аппаратураны дайындау; толқын жинақтағышты бөлшектеу; қоректендіргіш дипольді құру-бөлшектеу, нүктені бекіту және оның бірқалыпты орналасуын анықтау; жабдықтарды және саймандарды көлік амалдарына тиеу.

Өлшеулерді жүргізу (электр магнит өрісінің параметрлерін тіркеу):

аппаратураны тексеру, ретке келтіру және жұмысқа дайындау; бекеттің генератор тобымен радиобайланыс жасауы; ГГ токты бір қалыпты әр түрлі жиіліктерде ең жоғарғысынан бастап, біртіндеп қосу, өлшемдерді калибрлеу; амплитуданы және әр жиілікте орташа өлшенетін шамалардың және жинақтаудың әр жиіліктегі фазалық параметр мәнін өлшеу; Ав қоректендіруші желіде ГГток амплитудасы мен фазалық параметрдің өлшеу; генераторлы топты ажыратқан кезде, кедергілерді көзбен бақылау; қайталану өлшемдерінің тарату шамалар операторын бағалау; нүктеде деректерді өңдеу, қисықтарды тұрғызу.

ЭВП-203 және ЭИН-204 бекеттерімен қалыпты жағдайларда ЧЗ – ВП әдісімен жүргізілетін нақты бақылауға отряд – ауысымдағы уақыт мөлшерлемелері 87 – 88 -кестелерде жеке келтірілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 – қосымшаға сәйкес, 4 бөлім, 2 тарау); қалыпты емес жағдайларда уақыт мөлшерлемелері 87-88 кестелерде келтірілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 -қосымшаға сәйкес, 4 бөлім , 2 тарау) мөлшерлемелерді 1-кестедегі (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1 -қосымшаға сәйкес, 4 бөлім , 2 тарау) түзету коэффициенттеріне көбейту жолымен анықталады.

ЧЗ – ВП әдісімен жұмыс жасағанда, бір отряд – ауысымға адам – күн еңбек шығындарының мөлшерлемелері 89 – 90 (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 – қосымшаға сәйкес, 4 бөлім , 2 тарау) кестелерде келтірілген.

Аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 91- кестеде , көлік мөлшерлемелері – 92- кестеде, (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 – қосымшаға сәйкес, 4 бөлім , 2 тарау) келтірілген.

523. Жерге қосылмаған ілмешектің фазалық – жиілікті сипаттамаларын (НП) өлшеумен жүргізілетін төменгі жиілікті индуктивті әдіс.

Мөлшерлемелер ЭВП-203 бекетімен жиілік сипаттамаларын өлшеуге есептелген.

Мөлшерлемелермен ілмешектің бір күйінде профильдер тобын өңдеу алдын ала көзделеді. Профилдер жақтардың біріне параллель ілмешек ішінде орналасады; профильден ілмешек жағына минимал қашықтық 100 м; бақылаулар профильдің барлық ұзындығы бойынша өткізіледі.

Әр нүктеде өлшеу арнасын калибрлеу жүргізіледі және индуктивті бергіште электрлік дабылдың парамтерлерін өлшеу жүргізіледі. Өлшеу әдістемемен қарастырылған жиіліктер дің әрқайсысында жасалатын 3- 5 өлшемнен тұрады, 1,2 – ден 312 Гц-қа дейінгі диапазонды 9 жиілікті таспаға түсіру, 6 жиілікте – 9,7 -ден 312 Гц –қа дейін, 3 жиілікте – 78- ден 312 Гц-қа дейін.

Жұмыстар құрамы: жабдықтар мен саймандарды тиеп - түсіру; аппаратураны жұмысқа дайындау; генераторлы ілмешекті құрастыру – бөлшектеу; генераторлы ілмешектің жылыстап ағуына тексеру; бақылаулар жүргізу; қажетті дала құжаттамасын жүргізу.

Уақыт мөлшерлемелері 93- кестеде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 94, 95- кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 97 -кестеде, көлік мөлшерлемелері – 98- кестеде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 10 -қосымша, 4 бөлім , 2 тарау) келтірілген.

524. Өтпелі процестер әдісі (МПП)

Мөлшерлемелер МПП-3 БАПП-1 аппаратураларын қолдана отырып, өтпелі процестер әдісі бойынша бір ілмешекті түр өзгерісте жұмыс жасауға есептелген; біріктерілген ілмешектердің түр өзгерістерінде "Цикл-2" және "Импульс-Ц"

аппаратураларын пайдаланып; ЗМПП тәсілі бойынша- біріктірілген және соосьті ілмешектер.

Мөлшерлемелермен ілмешектердің сымжелілерін бей конвейерлі немесе конвейерлі орау – шешу тәсілімен бірден төртке дейінгі нақты нүктелерді бір тұрақтан істеп шығу көзделеді.

ЭДС индукциясын келтіріп өлшеу шарттары (өтпелі процес) келесі белгілермен сипатталады: қалыпты – кедергілер деңгейі далалық дабыл амплитудасының 20 пайызынан аспайды, жинақталу сан мөлшері 1-100 ("Цикл-2 " аппаратурасы) 200-ге дейін("Импульс-Ц" аппаратурасы), қайталану өлшемдерінің сан мөлшері - өлшенетін өтпелі сипаттаманың 50 пайызына – 3-ке дейін. Осы шарттардан ауытқыған өлшеулер күрделенген деп есептеледі (" Импульс-Ц" үшін 3 немесе 5 медианада). Уақыт мөлшерлемелерімен өтпелі кезеңнің күрделенген шарттары ескерілмеген жағдайларда, уақыт мөлшерлемелеріне 1,2 коэффициент қолданылады (ЗМПП "Импульс-Ц" аппаратурасымен біріктірілген, МПП, БАПП-І аппаратурасымен біріктірілген модификацияда).

Өлшеудің әр ілмешегінде ЭДС өлшенетін уақытша сипаттаманы алу үшін, қажетті барлық уақытша тежелулерде өндіріледі, олар жұмыстар жобасымен алдын – ала көзделген (өлшенген шама ілмешектің генераторлы – қабылдағыш орталығына жатады).

Жұмыс құрамы:

жабдықтарды, саймандарды тиеп - түсіру;

аппаратураны жұмысқа дайындау;

ілмешек сымдарын орау - шешу;

аппаратураны калибрлеу;

ілмешектердің кемуін тексеру;

бақылау жүргізу, қажетті дала құжаттамасын жүргізу.

Уақыт мөлшерлемелері 99-103- кестелерде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 104-106- кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі мен сан мөлшері – 107- кестеде, көлік мөлшерлемелері – 108- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 11-қосымшаға сәйкес, 4 -бөлім , 2 -тарау) келтірілген.

525 Өтпелі процестер әдісі.

МПП-3 БАПП-1 аппаратураны пайдалана отырып, өтпелі процестер әдісі бойынша мөлшерлемелер бір ілмешекті жұмысына есептелген; онда "Цикл-2" және "Импульс-Ц" аппаратуралары пайдаланылып – біріктірілген ілмешек модификациясында; ЗМПП тәсілі бойынша- біріктірілген және соосьті ілмешектер.

Мөлшерлемелермен ілмешектердің сымжелілерін бей конвейерлі немесе конвейерлі орау – шешу тәсілімен бірден төртке дейінгі нақты нүктелерді бір тұрақтан істеп шығу көзделеді.

ЭДС индукциясын келтіріп өлшеу шарттары (өтпелі процес) келесі белгілермен сипатталады: қалыпты – кедергілер деңгейі далалық дабыл амплитудасының 20 пайызынан аспайды, жинақталу сан мөлшері 1-100 ("Цикл-2 " аппаратурасы) 200-ге дейін("Импульс-Ц" аппаратурасы), қайталану өлшемдерінің сан мөлшері - өлшенетін өтпелі сипаттаманың 50 пайызына – 3-ке дейін. Осы шарттардан ауытқыған өлшеулер күрделенген деп есептеледі (" Импульс-Ц" үшін 3 немесе 5 медианада). Уақыт мөлшерлемелерімен өтпелі кезеңнің күрделенген шарттары ескерілмеген жағдайларда, уақыт мөлшерлемелеріне 1,2 коэффициент қолданылады (ЗМПП "Импульс-Ц" аппаратурасымен біріктірілген, МПП, БАПП-І аппаратурасымен біріктірілген модификацияда).

Өлшеудің әр ілмешегінде ЭДС өлшенетін уақытша сипаттаманы алу үшін, қажетті барлық уақытша тежелулерде өндіріледі, олар жұмыстар жобасымен алдын – ала көзделген (өлшенген шама ілмешектің генераторлы – қабылдағыш орталығына жатады).

Жұмыс құрамы:

жабдықтарды, саймандарды тиеп - түсіру;

аппаратураны жұмысқа дайындау;

ілмешек сымдарын орау - шешу;

аппаратураны калибрлеу;

ілмешектердің кемуін тексеру;

бақылау жүргізу, қажетті дала құжаттамасын жүргізу.

Уақыт мөлшерлемелері 99-103- кестелерде, еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 104-106- кестелерде, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі мен сан мөлшері – 107- кестеде, көлік мөлшерлемелері – 108- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 11-қосымшаға сәйкес, 4 -бөлім , 2 -тарау) келтірілген.

Параграф 3.8. Камералды жұмыстар

526. Электр барлау партиясының (отрядының) камералды жұмыстары орындалған дала жұмыстарының нәтижелері бойынша қорытынды есеп беруді құрастыру мақсатына ие және электр барлау бойынша қолданыстағы техникалық ережелерге толық сәйкестікте өткізілу керек.

527. Электр барлау жұмыстарының геологиялық нәтижелері бойынша есепнама мәтіндік бөлім мен қажетті графикалық және кестелік қосымшалардан тұру керек.

Есепнама мазмұны мен оны суреттейтін картографиялық материалдар әр нақты жағдайда, жұмыстардың техникалық жобасымен анықталады.

528. Камералды жұмыстар құрамына келесілер кіреді:

камералды жұмыстардың күнтізбелік жоспарын құрастыру;

жұмыс аумақтары бойынша қордағы және әдеби геологиялық және геофизикалық материалдарды жинау, зерттеу, қаралған жұмыстарға картотека құру, аңдатпа жазу;

алғашқы далалық құжаттарды жүйеге келтіру, материалдарды толық және ақырғы өңдеу, геологиялық талдау жасау және кешенді интерпретациялау;

яғни геоэлектрлік тіліктерді, құрылымдық карталарды, сұлбаларды және т.с.с. , яғни барлық графикалық қосымшаларды қорытынды есеп жасауға дайындап құрастыру, нақтылау, редакциялау және түзету;

тексерілген аумақтың нәтижелі есептік графиктерін, геоэлектрлік тіліктерді, геолого – геофизикалық карталарды, физика – геологиялық үлгілерді (ФГҮ) және партия (отряд) жұмыстары бойынша қорытынды есеп мәтінін құрастыру, 1 дәрежелі (ПГУ-1) келешегі бар учаскелердің төлқұжаттарын және өткізу актілерін жасау және II дәрежелі (ПГУ-2) келешегі бар учаскелердің каталогтарын құрастыру;

есепнаманы рәсімдеу – мәтінді қайта теру, графикалық материалды сызу, оларды қажетті дана мөлшерінде көбейту, тігу жұмыстары;

белгіленген тәртіпте есепнаманы бекіту және қорғау , оны қағаз бетінде және электронды тасымалдағыштарда геологиялық қорға тапсыру.

529. Камералдық кезең ұзақтығы бақылауда нақты көрсетілген жұмыс түрлерімен (әдістерімен), жұмыс көлемдерімен және дала материалын өңдеу қиындығымен анықталады.

Камералдық кезең ұзақтығы 109-110 кестенің уақыт мөлшерлемелері бойынша (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 12- Қосымшаға сәйкес, 4- бөлім , 2 - тарау), онда дала жұмыстарының әр айында отрядпен орындалатын жұмыс әдісі және нақты бақылау көлемі ескеріледі, және де дала отряд – айлар бойынша берілген, алынған камералды кезең ұзақтығы дала материалын өңдеу күрделілігінің коэффициентіне көбейте отырып, анықталады.

1) Қарапайым электр барлау материалы жұмыс участкесінің қарапайым геоэлектрлік тілігімен, яғни бір түрлі геоэлектрлік тілікпен (көлденең, тік бағытта бірдей), маңызды табиғи және жасанды кедергілердің болмауымен шартталған, өңдеудің қосымша амалдарын талап етпейді. Түрлендіру сапалық немесе қарапайым сандық. Күрделілік коэффициенті – 1,0.

2) Орташа күрделіліктегі электр барлау материалы өңдеу қиындығы бойынша қарапайым және күрделі өңдеу арасында. Интерпретация сандық немесе сапалық

, орташа күрделілікте, бірақ қосымша есептеулермен. Күрделілік коэффициенті – 1,1.

3) Күрделі электр барлау материалы жұмыс участкесінің қолайсыз геоэлектрлік тілігімен шартталған, яғни көп қабатты қиын бөлшектелетін геологиялық тілікпен, ол көлденең де, тік те бағыттарда күрт өзгереді, маңызды табиғи және жасанды кедергілердің болуымен қатар, өңдеудің үлкен көлемді тәсілдерін талап етеді. Күрделілік коэффициенті – 1,2.

530. Сандық және сапалық интерпретацияның жобамен қойылған міндеттерді шешуде алынатын ақпараттың көлемі мен сапасын едәуір ұлғайтуға жағдай жасайтын, дәстүрлі емес, жаңа тәсілдерін қолдануға кететін шығындар, сметалық – қаржылық есептеулермен анықталуы мүмкін.

531. Дала материалдарын камералды өңдеу ұзақтығы және орындалған дала электр барлау зерттеулеріндегі топограф-геодезиялық жұмыстарға кететін сметалық шығындар, осы мөлшерлемелермен көзделмеген және топограф-геодезиялық жұмыстарға арналған мөлшерлемелер бойынша есептелу керек.

532. электр барлау жұмыстары материалдарын камералдық өңдеуге кететін еңбек шығыны 111-122-кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемесіне 12 –Қосымшаға сәйкес, 4- бөлім, 2 -тарау).

3-тарау. Магниттік барлау

1. Жалпы ережелер

533. Келесі магниттік барлау жұмыстарының түрлеріне уақыт мөлшерлемелері төмендегідей есептелген:

Жердегі магнит өлшеуіштермен алдын ала дайындалған бақылау бекеттерінің желісіндегі магниттік барлау, жаяу қозғалу;

Магнитті вариацияны бақылау;

Камералды жұмыстар.

534. Геофизикалық жұмыстарды жүргізуге осы уақыт мөлшерлемелері (әрі қарай – уақыт мөлшерлемелері) Қазақстан Республикасында жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу саласында геологиялық зерттеулерді орындаушылардың уақыт мөлшерлемелерінен және еңбек шығындарынан тұрады. Осы уақыт мөлшерлемелері мен еңбек шығындары республикалық бюджет амалдары есебінен орындалатын, 1:200 000 және 1:50 000 масштабтардағы геологиялық түсіру жұмыстары кешені объектілеріндегі жұмыстың сметалық құнын анықтау үшін пайдаланылатын бірлік және кешенді бағаларды анықтау үшін белгіленген.

535. Уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары Қазақстан Республикасының аумағында 1: 200 000 және 1: 50 000 масштабтарда ГТЖ кезіндегі анағұрлым көп тараған геофизикалық жұмыстар түрлеріне және амалдарына жасалған.

536. Уақыт мөлшерлемелері анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және еңбекті ұйымдастыруды пайдалану негізінде жасалған және тиісті жұмыс түрлерін өткізу үшін қажетті өндірістік процесттер кешенін ескереді. Жұмыстар құрамы уақыт мөлшерлемелері (жасап шығу) кестелерінің алдында келтірілген.

Мөлшерлемелерде негізгі жұмыс түріне шығындарынан басқа, онымен технологиялық байланысқан жұмыстарға кететін шығындар ескерілген, оларды орындау қолданыстағы ережелерге, әдістемелік нұсқауларға және өзге нормативті актілерге сәйкес міндетті болып табылады.

Әр тарау жұмыс шарттарынан, жұмыс құрамынан тұрады, оларда тарауда берілген жұмыстардың алуан түрлілігіне қатысты мәліметтер, жұмыстың физикалық көрсеткішін (1 м ұңғыма, 1, 10 немесе 100 ш.ш аудандық таспаға түсіру немесе профильді таспаға түсірудің тиісті ш мөлшері) орындауға арналған уақыт мөлшерлемелері және жұмыстардың физикалық көрсеткішіне орындаушылардың лауазымдар мен мамандықтар бойынша мөлшерлеме еңбек шығындары көрсетілген.

Геологиялық салада ұйымдастырумен жүрген жұмысшылар мамандықтарының атаулары мен басшы , мамандар және өзге қызметкерлердің лауазымдарының атаулары, оларға берілетін тарифтік разрядтар және санаттар Жұмысшылардың мамандығы мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік – біліктілік анықтамалығымен және геология саласы ұйымдарында қызметпен айналысатын қызметкерлер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес белгіленеді.

Уақыт мөлшерлемелері жұмыс орнына қызмет көрсету, демалыс және жеке қажеттіліктеріне бөлінген уақыттар ескеріліп жасалған.

537. Құжатта келтірілген сандық көрсеткіштердің мәндері (тереңдік, қашықтық және т.б.), олар үшін алдында көрсетілген, қосымша қабылдаған жөн.

538. Мазмұнда атап өтілмеген жұмыс элементтері, бірақ олардың ажырамас бөлігі болып табылатындар, ерекше төлемге жатпайды.

539. Дала жұмыстарын жүргізуге уақыт мөлшерлемелерін есептегенде, алты күндік 40 сағаттық жұмыс аптасы қабылданған. 36 сағаттық алты күндік жұмыс аптасына уақыт мөлшерлемелерін қайта есептеген жағдайда, абсолют биіктігі 2300 метрден асатын таулы аймақтарда жұмыс істегенде, кестелерде келтірілген уақыт мөлшерлемелері 1,11 коэффициентіне көбейтіледі.

Камералды жұмыстарды өткізуге уақыт мөлшерлемелерін есептегенде, 40 сағаттық бес күндік жұмыс аптасы қабылданған.

540. ИТҚ еңбек шығындарында геологиялық партия басшылары ескерілген.

541. Мөлшерлемелермен жұмыс орны шеңберінде ғана орындаушылардың орын ауысуы ескерілген. Бір жұмыс орнынан екінші жұмыс орнына орындаушылардың орын ауыстыруы, жалпы сипаттағы дала жұмыстарын жүргізгенде және жұмысты орындаған соң, орналасқан жерге қайтып келумен байланысты қозғалып отырулар жеке мөлшерленеді.

542. Жұмыстарды орындаудың өзге жадайларында (579 т. көрсетілгеннен өзгеше) шығындар сметалық – қаржылық есеп (әрі қарай – СҚЕ) жолымен есептелу керек.

Жұмыс көлемдері, оларды өткізу жағдайлары, өту дәрежесі, геологиялық құрылым күрделіліктері және өзге факторлар жобаның геологиялық - әдістемелік бөлігінде негізделеді.

2. Еңбекті ұйымдастыру

543. Еңбек мөлшерлемелерінің сандық мәні келесілерді сипаттайтын шарттар үшін белгіленген:

жөнделген еңбек құралдарымен жұмыстарды орындау;

Сан және біліктілік жағынан қалыптасқан ұжымдардың жұмыс мазмұнына, жабдықтарға және машиналарға қызмет көрсету, еңбек және техника қауіпсіздігін қорғау ережелеріне сәйкес жұмыстарды орындауы;

еңбек және өндірісті ұйымдастыру, сонымен қатар технологиямен оларды орындау шарттары және жұмыс түрлері үшін тиімді үлгілерімен.

544. Геофизикалық жұмыстарды орындайтын негізгі өндірістік бірлік геофизикалық немесе каротаж партиясы (отряды).

Жұмыстарды жүргізуге жауапты тұлға партия басшысы болып табылады, оның басшылығымен жұмыстың барлық кешендері (яғни, мөлшерлемелерде оның үлестік қатысуы ескеріледі) орындалады: бағдарламаларды құрастыру; ұйымдастырушылық – дайындау жұмыстары; дала және онымен бірге жүретін жұмыстар: есеп жазу.

Партия басшысының лауазымына анағұрлым біліктілігі мол геофизик – маман тағайындалады.

Негізгі жұмыстардың орындаушылары геофизиктар, гефизик – техниктер, жүргізушілер болып табылады. Әрі қарай әр жұмыс түрі бойынша анағұрлым нақтырақ мөлшерлемелерде орындаушылар құрамы ұсынылған.

545. Осы жинақ мөлшерлемелері анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияларды және жұмыс ұйымдастыруларын пайдаланудан және сәйкес

жұмыс түрлерін өткізу үшін қажетті өндірістік процестер кешенін ескеріп жобаланған.

Мөлшерлемелер ұйымдастырушылық – техникалық қалыпты шарттарда жұмыстарды орындау үшін – таспаға түсіру жұмыстары үшін – жұмыстың мезгілдік сипатына, бір ауысымдылыққа жасалған.

546. Магниттік барлау жұмыстарын орындау үшін, магниттік барлау партиялары ұйымдастырылады, оның құрамында екі немесе бірнеше отрядтар немесе аппаратура, жабдықтар, көлік амаларымен және материалдармен жабдықталған жеке отрядтар ұйымдастырылады және олар ұйымдастырушылық жағынан дербес өндірістік бірліктер болып табылады немесе кешенді экспедиция және партияның құрамына кіреді.

547. Магниттік барлау отряды деп бірінші өндірістік бөлімшелер аталады, олар бір операторомен бір жабдықпен магниттік барлау жұмыстарын орындау үшін ұйымдастырылады.

548. Жұмыстардың табиғи бірлігі ретінде таспаға түсірудің шаршы шақырымы қабылданған, онда белгілі бір мөлшер түзетін факторларда және магнит барлау бойынша қолданыстағы Ережелерге сәйкес, осы мөлшерлемелермен көзделген сан мөлшердегі нақты бақылаулар орындалған.

549. Осындай факторларға келесілер жатады: қиыншылық дәрежесі, бақылау нәтижелерін тіркеу амалдары, профиль бойынша қозғалып отыру амалы, жұмыстар өткізу аралығы (1 кесте, уақыт және баға мөлшерлемесіне 1-қосымшаға сәйкес, 4 бөлім).

550. Физикалық бақылау деп бір операторомен бір магнит өлшеуішпен координатты бекетте орындалатын жұмыстар кешені аталады.

551. Уақыттың есептік бірлігі деп бір отряд – ауысым қабылданған, ол аралықта бір магниттік барлау отряды жеті сағаттық жұмыс күнімен белгіленген физикалық бақылауда жасау мөлшерін орындайды.

552. Уақыт мөлшерлемелері келесі ұйымдастырушылық – технологиялық жағдайлар үшін жобаланған:

далалық магниттік барлау отрядын метрологиялық тексеруден өткен, жөнделген аппаратура және жабдықтар топтамасымен, қажетті жабдықтармен, бұйымдармен және көлік амаларымен, негізгі материалдармен, сонымен қатар тапсырылған жұмыс үшін қажетті құжаттамамен қамтамасыз ету;

сериямен шығарылатын магнит өлшеуіштерін өндіріске енгізілген және игерілген аппаратура мен жабдықтардың өзге түрлерінің тиісті кешендерімен пайдалану;

жұмысшылардың және инженерлі – техникалық қызметкерлердің түрлік құрамымен отрядтың жабдықталуы;

ауа температурасы 300С аспайтын жаз мезгілінде жұмыстарды өткізу, ал қыс мезгілінде – 90С;

жергідікті жерлердің әр түрлі дәрежелерінде таспаға түсіру жұмыстарын орындау (I-IV).

553. Магниттік барлау жұмыстарын ерекше (мөлшерлемеген) жағдайларда орындағанда, уақыт мөлшерлемелеріне 2- кестеде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- Қосымшаға сәйкес) келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

Бірнеше түзету коэффициенттерін бір уақытта пайдалану қажеттілігі туындағанда, соңғылары көбейтіледі және алынған еселіктер тиісті уақыт мөлшерлемелеріне қолданылады.

554. Уақыт мөлшерлемелері күрделіліктің төрт дәрежесін көздейді, олардың әрқайсысы жұмыс өндірісі шарттарының сипаттамасынан тұрады.

Күрделіліктің I дәрежесі.

Жұмыс жазықтық, орман алқапты және далалық аймақтарда, олар шегінде жартас тіктілігі 100 аспайды, 20 пайыздан аспайтыны батпақты, орманды, құрылыс салынған, 50 пайыздан артық емес жерді егістіктер және жиналмаған егін алып жатқан (бақшалар) аумақта жүргізіледі;

Күрделіліктің II дәрежесі.

Жұмыс төбешікті, орман алқапты және далалық аймақтарда, су ағыстары бар, терең емес сай желілері дамыған, бүйірлері құламалы, тіктілігі 20 0 дейінгі жартас, 40 пайызға дейін орманды, батпақтанған немесе құрылыс салынған, 70 пайызға дейінгі жерді егістіктер және жиналмаған егін (бақшалар) алып жатқан аумақтарда, су тоғандарының мұздарында жүргізіледі;

Күрделіліктің III дәрежесі.

Жұмыс терең сайлы, су ағыстары бар, жағалаулар тіктілігі мен жартастылығы бүйірлері құламалы жеке төмпешікті жерде, өзеннің жайылма алқаптарында, бұталар өсіп қатпаған ескі арналарында, ағындар мен су қоймаларында, 70 пайызы егістіктер және жиналмаған егін (бақшалар) алып жатқан жерлерде, аумақтың 60 пайызға дейінгі мөлшерін қатпаған сортаңдақ жерлер, батпақты және орманды учаскелер немесе суармалы жер шаруашылығы мен құрылыстар алған жерде; шөл және сахара, жерді бекітілмеген құм және бархандар толық алып жатқан аумақтарда, су тоғандарының мұздарында жүргізіледі;

Күрделіліктің IV дәрежесі.

Жұмыс таулы аймақты учаскеде, оның шегіндегі кейбір дербес биіктіктердің жартас биіктігі 300 дейін; суармалы егін шаруашылығына толығымен пайдаланылатын, жерді бекітілмеген бархан құм толық алып жатқан аумақтарда; толығымен орман басқан, бұталар өскен жергілікті жерлерде;

555. Отрядта ИТҚ және жұмысшылардың толық емес құрамы, жабдықпен немесе көлік амалдарымен қамтамасыз етілмеуі, өзге санаттағы (өзге лауазымды) ИТҚ не жұмысшылардың Магниттік барлау нұсқаулығы және Тарифтік-біліктілік анықтамалығымен қарастырылған жұмыстарды орындауы, сонымен қатар, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру кемшіліктері мөлшерлемелерді өзгертуге негіз бола алмайды.

жұмысшылардың толық емес құрамы, жабдықтармен немесе көлік амалдарымен қамтамасыз етілмегендігі, Магнит барлау бойынша ережелер және тарифті – біліктілік анықтамамен алдын ала көзделген дәрежелерден тыс (лауазымдар) немесе біліктіліктер ИТҚ немесе жұмысшылармен жұмыстарды орындау, сонымен қатар еңбекті және өндірісті ұйымдастыру жеткіліксіздіктері уақыт мөлшерлемелерін өзгерту үшін негіз бола алмайды.

556. Дала мезгілі кезеңінде жабдықтар мен құрылғыларды аралық тексеру және алдын – ала қызметін көрсету үшін айына екі отряд – ауысым белгіленеді. Осы шығындарды есепке алу үшін, уақыт мөлшерлемелерін алдын – алуды есепке алмай 1,085 коэффициентке көбейтеді.

557. Жұмыстар ауданы ішінде қайта шоғырландыруға уақыт (бір учаскеден екіншісіне) жобада қайта көшу қашықтығына тәуелді анықталады: 100 ш дейінгі қашықтықта бір отряд – ауысым қойылады, әр келесі 100 шақырымға 3- кестеден уақыт мөлшерлемелері қосылады (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1-қосымшаға сәйкес, 4 –бөлім, 3-тарау).

558. Мөлшерлемелер бақылау өндірісін, дала материалдарын өңдеу және дала жұмыстарының нәтижелері туралы есепнама жасауды қарастырады.

559. Мөлшерлемелермен келесілер ескерілмеген және қосымша шығындар келесілерге негізделеді:

тірек желісінің бекеттерін бөлу;

геофизикалық жұмыстардың топографиялық-геодезикалық қамтамасыздандырылуы;

аппаратураның метрологиялық қамтамасыздандырылуы және оларды тексеру полигондарына немесе арнайы ұйымдарға жеткізу;

тау жыныстарының физикалық қасиеттерін анықтау;

базалық радиобекеттер мазмұны, және радиомачта құрылысы, дала радиобекетін құрастыру және оған жанар – жағар май жеткізу;

3. Жерүсті магнитметрмен магниттік барлау Жаяу жүріс

560. Уақыт мөлшерлемелері бақылау бекеттері мен профильдері арасындағы анағұрлым тән қашықтықтар үшін бақылау бекеттерінің алдын – ала

дайындалған желісі бойынша жаяу жүріп отырғанда, жерүсті магнитметрмен жұмыс жасауға есептелген (4,5,6 кестелер, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1-қосымшаға сәйкес).

561. Осы мөлшерлемелермен алдын – ала көзделген жұмыстар құрамы және мазмұнына келесілер кіреді:

Партия (отряд) базасында дайындау – қорытынды жұмыстар: тапсырма алу, аппаратураны, кассеталарды, саймандарды қабылдау; энергия қорек топтамасын тексеру; оператордың өз сағатын МВБ сағаттарымен салыстыру; жәшіктерге аппаратураны жинақтау; көлік амалдарына аппаратураны және саймандарды тиеу және базаға қайтып оралғаннан кейін оларды түсіру; жұмыс уақыты аяқталысымен, отряд басшысына кассеталарды беру, қайта зарядтауға аккумуляторларды тапсыру;

Учаскедегі дайындық жұмыстары: аппаратура, саймандарды түсіру учаскедегі дайындық жұмыстар; жұмысқа магнитметрді дайындау; магнитметрді іске қосу; бақылау бекетінде бақылау жұмыстарын орындау; ағымдағы уақыт таймерін іске қосу; оператордың магниттелмегендігін тексеру;

профильдегі дайындық жұмыстар: бастапқы профиль және пикетті табу; қызметтік ақпаратты теру (күні, бастапқы пикет профилінің нөмірі, таспаға түсіру қадамының, нақты уақыттың);

профилде жұмыс жасау: қозғалыс басталуы туралы оператордың көмекшіге бұйрық беруі; пикеттер арасында қозғалып отыру және өлшеулерді жүргізу (бақылау бекетінде тоқтаумен немесе тоқтаусыз); жергілікті жерде бағдарлау; магнитметр көрсеткіштерін бақылау; профильдің соңына дейін сол тізбекте таспаға түсіруді орындау; келесі профильге өту;

профильде (участкеде) қорытынды жұмыстар: ақпаратты қайта жазу, жазбаны бақылау; магнитметрді сөндіру; жабдықты және саймандарды базаға (лагерьге) тасымалдау үшін, жәшіктерге жинап салу.

562. Уақыт мөлшерлемелерде бақылау қадағалаулар жүргізу шығындары ескерілмеген; олардың сан мөлшері техникалық жобамен, ал уақыт шығындары – осы жинақта келтірілген уақыт мөлшерлемелері бойынша анықталады.

563. еңбек шығындары, аппаратура және магниттік барлау жұмыстарын жүргізуге арналған негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері және далалық магниттік барлау жұмыстарына қажет көлік мөлшерлемелері 7, 8, 9 кестелерде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

564. Материалдарды алғашқы өңдеу далалық жұмыстар процесінде өткізіледі және келесілерден тұрады: дала бақылауларын өңдеу, түзетулер енгізу, МВБ вариограммасын өңдеу және вариацияларға түзетулер енгізу, профильдер мен карталар бойынша бастапқы кестелерді тұрғызу, орташа квадраттық қателіктерді қайта есептеу және алдын алу есепнамасын жазу.

4. Геомагнитті вариацияларды бақылау.

565. Мөлшерлемелер арнайы тағайындалған бекеттердің магнитвариациялық бекеті (МВБ) ретінде немесе авто іске қосу тәртібінде магнит өлшеуіштерді пайдаланумен геомагнитті вариацияларды бақылауға есептелген.

566. Геомагнитті вариацияларды бақылау бойынша жұмыс құрамына және мазмұнына келесілер кіреді:

дайындық – қорытынды жұмыстар: тапсырманы алу; бекеттерді орнату; жұмысқа МВБ дайындау; салыстырылған сағаттар бойынша МВБ іске қосу; бекеттерді режимге енгізу; МВБ жұмысын ретке келтіру және бақылау; вариациялар жазбасының таспасын рәсімдеу және тапсыру;

бақылауларды жүргізу: МВБ жұмыстарын және қорек режимін аралық бақылау; дәлме - дәл уақыт белгілері бойынша МВБ уақытын бақылау; кедергілерді, табиғат жағдайларын, температураны тіркеу; диапазондар айырып – қосуларын белгілеу; алынған материалдар сапасын бағалау.

567. Геомагнитті вариацияларды бақылаумен байланысты еңбек шығындары 10 кестеде келтірілген, аппаратура және негізгі жабдықтардың тізімі және сан мөлшері – 8 кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

5. Камералды жұмыстар

568. Магниттік барлау партиясының (отрядының) камералды жұмыстары геофизикалық жұмыстардың геологиялық нәтижелері туралы қорытынды техникалық есепнамасын құрастыру мақсатында өткізіледі. Олар далалық жұмыстар аяқталғаннан кейін, камералды аралықта, қолданыстағы әдістер бойынша ережелерге толық сәйкестікте орындалады.

569. Ақырғы есепнама геологиялық есепнама құрастыру тәртібі және мазмұны туралы қолданыстағы ережелерге сәйкес, барлық материалдарды камералды өңдеу нәтижелері негізінде жазылады және рәсімделеді; ол мәтіндік бөліктен және қажетті графикалық және кестелік қосымшалардан тұру керек. Ақырғы есепнама және оның көрнекті материалдарының мазмұны әрбір жеке жағдайда жұмыстардың техникалық жобасымен анықталады.

570. Магнитметрмен бақылау нәтижелерін өңдеу екі кезеңге бөлінеді: ағымдағы (дала аралығында) және камералды.

571. Материалдарды ағымдағы өңдеу дала жұмыстары аралығында жасалады және келесілерден тұрады: таспаларды өңдеу және ΔT есептеу, түзетулер енгізу, МВБ вариограммаларын өңдеу және вариациялар үшін түзетулер енгізу, профильдер және карталар бойынша бастапқы графиктерді тұрғызу, орташа квадраттық қателіктерді есептеу.

572. Ақырғы геологиялық есепнама құрастыру бойынша камералды жұмыстар келесілерді құрайды:

камералды жұмыстардың күнтізбелік жоспарын құрастыру;

жұмыс аумақтары бойынша қордағы және әдеби геологиялық және геофизикалық материалдарды жинау, зерттеу және талдау;

тау жыныстарының магниттік қасиеттерін зерттеу бойынша материалдарды жалпылау және талдау;

алғашқы құжаттарды жүйеге келтіру, материалдарды ақырғы рет өңдеу;

аралық және қорытынды карталарды, графиктерді, сұлбаларды, тіліктерді құрастыру және нақтылау, графиктерде және DT изосызықтарда магнит өрісі карталарын тұрғызу;

әр түрлі түрлендірулерді (түр өзгерістерін) және өзге есептеулерді орындау, өзгертілген өріс карталарын құрастыру;

бұрын зерттеу алаңдарында орындалған барлық геологиялық және геофизикалық жұмыстар нәтижелерін есепке алып, геологиялық түрлендірулерді өткізу, аумақтың геологиялық құрылым сұлбаларын құрастыру;

геофизикалық партия, отряд жұмыстары бойынша қорытынды есепнама мәтінін құрастыру;

есепнаманы рәсімдеу – мәтінді теру, графикалық материалды сызу, оларды қажетті дана мөлшерінде көбейту.

белгіленген тәртіппен есепнаманы қорғау және оны қағаз бетінде және электронды тасымалдағыштарда геологиялық қорға тапсыру.

573. Материалдарды өңдеуде жаңа анағұрлым жетілдірілген әдістерді пайдаланғанда, жұмыстардың қосымша құрамы жобамен әрбір нақты жағдайда көзделеді, және шығындар сметалық – қаржылық есептеумен анықталады.

574. Камералды кезең ұзақтығы шаршы километрлермен (координатты нүктелерде), таспаға түсіру масштабымен және дала материалын өңдеу күрделілігімен берілген жұмыс көлемімен анықталады, дала жұмыстарының жыл бойында жүруіне немесе бір далалық кезеңде жүргізілуіне тәуелсіз (11 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2- қосымша).

575. Әр түрлі магнитметр түрлерімен бірнеше отрядтар біріктірілген далалық магниттік барлау партиясы үшін камералдық кезең ұзақтығын әрбір отрядқа белгіленген, материалдарды камералды өңдеудің отряд – айларын қосумен анықтайды.

576. 1000 нТл/ш аса магнит өрісінің үлкен градиентті аумақтарында немесе тереңдік есептерінің көлемі 300 анықтаудан жоғары болғанда орындалатын магниттік барлау жұмыстарының ұзақтылығы үшін, өңдеу күрделілігі үшін, 1,2 түзету коэффициенті белгіленеді.

577. Топографтық – геодезиялық жұмыстардың дала материалдарын камералды өңдеуге еңбек шығындары осы мөлшерлемелермен алдын – ала көзделмеген.

578. Камералды магниттік барлау жұмыстарына (12 кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 -қосымша) еңбек шығындары ЭЕМ мәшинесінің жұмысын есепке алмай, жоғарыда көрсетілген міндетті жұмыс құрамы үшін есептелген.

579. ЭЕМ пайдалана отырып, далалық материалды өңдеудің сметалық құнын тікелей сметалық – қаржылық есеппен анықтайды.

4 Бөлім. Сынау жұмыстары

1. Жалпы ережелер

580. Сынап көру арнайы жұмыстар кешені болып ұсынылады, ол сынап көріліп жатқан объектінің құрамы және (немесе) өзге қасиеттері туралы ақпарат алуға бағытталған. Кез келген аймақтық, іздеу және барлау жұмыстарын жүргізудің ақырғы мақсаты сынап көру болып табылады алайда, сынап көру жұмыстарының сметалық құны, геологиялық барлау жұмыстарының жалпы құнымен салыстырғанда аса үлкен емес.

581. Осы жинақ анағұрлым көп тараған қатты пайдалы қазбаларды сынап көрудің түрлері мен амалдарының уақыт мөлшерлемелерінен тұрады.

582. Қатты пайдалы қазбаларды және тау жыныстарын сынап көруді жүргізу әдістемесі қолданыстағы ережелерде және әдістемелік нұсқауларда баяндалған талаптармен анықталады, ал жұмыс түрлері, амалдары және көлемі геологиялық тапсырмада қойылған тапсырмалар негізінде жобамен дәлеледенеді.

583. Сынап көру жұмыстарын өткізу мақсаттарына тәуелді ірілетілген мөлшерлемелер алты бөлімде топтастырылған:

химиялық сынап көру;

минералогиялық сынап көру;

технологиялық сынап көру;

техникалық сынап көру;

геофизикалық сынап көру;

Сонымен бірге, осы бөлімге жалпы тағайындаулары бар дала жұмыстарына мөлшерлеме материалдары енгізілген:

тау қазбаларының геологиялық құжаттамасы;

тау қазбалары кернінің геологиялық және инженерлі-геологиялық құжаттамасы (зерттеу);

өндірістік топтардың жаяу жүрістері және өтулері және дала жұмыстарын өткізгенде, көлік амалдарын айдау.

584. Сынап көру жұмыстарын жүргізуге осы уақыт мөлшерлемелері (әрі қарай – уақыт мөлшерлемелері) Қазақстан Республикасында жер қойнауларын мемлекеттік геологиялық зерттеу саласында геологиялық зерттеулерді орындайтын орындаушылардың уақыт мөлшерлемелерінен және еңбек шығындарынан тұрады.

585. Осы уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары республикалық бюджет амалдары есебінен орындалатын 1:200000 және 1:50000 масштабтарындағы жұмыстардың сметалық құнын анықтауда пайдаланылатын бірлік және кешенді бағаларды анықтау үшін тағайындалған.

586. Уақыт мөлшерлемелері жаппай мол сипатқа ие жұмыстар үшін жобаланған, ол анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және еңбекті ұйымдастыруды пайдалануды негіз етіп жобаланған, және де сәйкес жұмыс түрлерін өткізу үшін қажетті өндірістік процесстер кешенін ескереді, соңғылары, сәйкес геологиялық барлау және қатар жүретін жұмыстар түрлерін жүргізуге қажетті болып келеді.

587. Жыныс қаттылығынан, заттық құрамға және жыныстардың бұзылуларына физикалық әсер етудің әр алуандылығына тәуелді жұмыстарға уақыт мөлшерлемелерін жобалау негізіне келесілер салынған: бос жыныстардың (112 кесте) қарапайым өкілдерінің топтастырулары бойынша сол немесе өзге дәрежелерге жыныстарды жатқызу, бұрғылау бойынша (113 кесте) тау жыныстарын топтастыру және ұңғымаларды айналма механикалық бұрғылау үшін, бұрғылау бойынша тау жыныстарын топтастыру ("Барлау бұрғылау" бөлімінде келтірілген, 17- кесте, уақыт және бағамөлшерлемелеріне1 – қосымшаға сәйкес, 3 Бөлім), құмдарды жуу бойынша топтастырулары (114, 115 кесте), үгіту бойынша кәдімгі тау жыныстары түрлерін топтастыру (116 кесте, уақыт және баға мөлшерлемелеріне 8 –қосымшаға сәйкес, 5 Бөлім).

588. Уақыт мөлшерлемелері келесі жағдайларда түзетіледі:

сынап көру жұмыстарын өндіргенде, мөлшерлемелерді жобалағанда қабылданған тау техникалық шарттардан ауытқуларымен, уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1- кестеде (1 -Қосымша) келтірілген коэффициенттер қоланылады.

Ашық ауада қыс мезгілінде және жылытылмайтын бөлмелерде жұмыстарды жүргізгенде уақыт мөлшерлемелеріне 2- кестеде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1-қосымша, 5 Бөлім) келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

температуралық аймақтарға жатқызылмаған (аймақтан тыс) жергілікті жерлерде жұмыстарды орындағанда, сонымен бірге жоғары таулы аймақтарда

жұмыстарды орындағанда, ол жерлерде теріс ауа температурасы кез келген жыл мезгілінде болуы мүмкін, уақыт мөлшерлемелеріне 3 кестеде (1 Қосымша, 5 Бөлім) келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

Мөлшерлемелермен қашықтығы 400 м дейін болатын сыналатын қазбалар арасында өтулер ескерілген. Сыналатын қазбалар арасында өтулер кезінде ескерілген мөлшерлерден жоғары қашықтықтар болатын болса, уақыт мөлшерлемелеріне 4 кестеде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 1 -қосымша, 5 Бөлім) келтірілген коэффициенттер қолданылады.

589. Коэффициенттермен ескерілетін бірнеше факторлар бірдей уақытта әсер еткен жағдайда, сәйкес коэффициенттер қосылады.

590. Әр нақты жағдайда коэффициенттерді пайдалану қажеттілігі, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізгенде жобамен дәлелденеді.

2-бөлім. Еңбекті ұйымдастыру

591. Еңбек мөлшерлемелерінің сандық мәні келесі шарттарды сипаттайтын жағдайлар үшін белгіленген:

жөнделген еңбек амалдарымен жұмыстарды орындау;

жұмыс мазмұнына, қызмет көрсететін жабдықтар мен мәшинелерге, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелеріне сәйкес, жұмыстарды сан жағынан және біліктілігі жинақталған ұжымдармен орындау;

жұмыс түрлері үшін және оларды орындау шарттарының тиімді еңбекті ұйымдастыру үлгілері және өндірісі, сонымен қатар технологиясы.

592. Кен өту жұмыстарын орындайтын негізгі өндірістік бірлік геологиялық таспаға түсіру партиясы (отряды) болып табылады, оның құрамы осы жұмысты орындаудағы топ мамандарынан тұрады.

Жұмысты өткізуге жауапты тұлға партия басшысы болып табылады, оның жетекшілігінің арқасында жұмыстың барлық кешені орындалады (яғни, мөлшерлемелерде оның үлестік қатысуы ескеріледі: бағдарламаны құрастыру; ұйымдастырушылық – дайындау жұмыстары; дала және қатар жүретін барлық жұмыстар: бұрғылау, сынап көру және т.б.; есепнама құрастыру және геологиялық карта және оған түсіндірме жазбасының беттерін басып шығаруға дайындау.

Партия басшысының лауазымына анағұрлым біліктілігі жоғары геолог – маман тағайындалады.

Жұмыс көлеміне және сипатына тәуелді таспаға түсіру партиясының құрамында арнайы отрядтар ұйымдастырылған болуы мүмкін: бұрғылау, кен өтуші, сынап көру жұмыстарының және т.б.

Жұмыстарды негізгі орындаушылар: геологтар, техник – геологтар, тау-кен шебері, бұрғылау қондырғысының жүргізушісі, жұмысшылар, жүргізушілер. Әрі

қарай әр жұмыстың түрі бойынша мөлшерлемелерде нақты орындаушылардың құрамы ұсынылған.

593. Мөлшерлемелері жоқ жұмыс түрлері бойынша сметалық құн - сметалық – қаржылық есептеулер (СҚЕ) құрастыру жолымен анықталады.

594. Уақыт мөлшерлемелерін (жасап өтулерді) есептегенде, 5 – күндік және 6 – күндік 40 – сағаттық жұмыс аптасында сәйкесінше келесі мәндер қабылданған: жұмыс кезеңінің ұзақтығы (сағ) – 8 және 7.

595. Әр бөлімде, тек геофизикалық сынап көруді және сынап көруде көмекші жұмыстарды қоспағанда, жұмыстың үш түрі бөлінеді, олар әр түрлі амалдармен жүзеге асырылады:

Қазбалардың бүйір қабырғаларынан немесе забойларынан, массивтен, ұңғымадан, штабелдерден немесе өндірілген тау жыныстарының үйінділерінен сынамалар алу;

Түптамыр жыныстардан алынған сынамаларды өңдеу, оны ұнтақтау, дүрсілдету, араластыру және бастапқы сынамаларды қысқарту және талдау үшін, қажетті салмаққа дейін сынаманы жеткізу кіреді, ал шашылымдардан алынған сынамаларды жуып – шаю және оларды топтап байыту;

Сынамаларды алу және өңдеу, ал кейбір кезде сынаманы алу, өңдеу және зерттеу.

596. 5- бөлімде келтірілген жұмыс құрамы жұмысты тиімді ұйымдастырудан анықталып шыққан, бірақ нақты шарттарға байланысты, мөлшерлемелерді түзетпей, ішінара өзгеруі мүмкін.

597. Жұмыс мазмұнында көрсетілген операциялардан басқа, уақыт мөлшерлерімен келесілер ескерілген:

құралдарды және бұйымдарды алу және тапсыру (тазалау), жұмыс орнын, құралдарды және жұмысқа қажетті өзге заттарды дайындау және жинау;

сынамаларды қабылдау және тіркеу;

сынамаларды және өзге заттарды жұмыс орны шеңберінде орын ауыстыру (қазба аузына немесе ашық жұмыстарда қоймалау орнына);

қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау үшін қажетті, жұмыс орнын қарап шығу үшін қажетті, уақыт және жұмыс орнын қауіпсіз күйге келтіру үшін уақыт;

жабдықтарды тексеру және ретке келтіру;

жерасты жұмыстары кезінде жарықты ретке келтіру;

жұмыс орнында жабдықтар мен механизмдерді алдын ала және ағымдағы жөндеу;

жұмысшыларды өндірістік ережелермен таныстыру, техникалық бақылау және жұмыстың орындалуын қадағалау;

тапсырма алу және жұмыс нәтижелерін тапсыру;

қалдықтарды үйіндіге ауыстыру;

ережелер және әдістемелік материалдар талаптарына сәйкес, геологиялық құжаттамаларды жүргізу.

3. Химиялық сынап көру

598. Осы бөлімде келесі сынамалар үшін мөлшерлемелер келтіріледі: шашыранды сынамалар; нүктелік сынамалар, бұрғылау ұңғымалары керндерінен сынамалар, топтық сынамалар.

Параграф 1. Шашыранды сынамаларды алу

599. Жұмыс шарты:

Сынамаларды соғу қолмен тістіктер, клиндер, күректер, кайлдар көмегімен және мәшинелі – қолды амалмен, соққылау балғаларымен жүзеге асырылады. Жұмыстар ашық және жерасты таулы қазбаларда жүргізіледі. Тік және еңісті тау қазбаларда – ағаш төсеніш (сүрелер). Жерасты қазбаларында тік беттер, ашықтарда – көлденең (сирек тірк) беткеулер сынамаланады. Сынап көрілетін жыныстар дәрежесі I – ден XX дейін. Қуыстың минимал ені 0,20 м.

600. Жұмыс мазмұны:

Сынамалар алынатын жерді қарап шығу және тазалау. Сынамалар алынатын жерлерде забой беткейлерін түзеу. Қуыс контурын белгілеу. Брезентті жаю, тазалау және жинау. Жыныстарды игеру (соғу) және пайдалы қазбаны алу. Қуыс ауданын тазалау және өлшеу. Жыныстардың ірі кесектерін сындыру. Құралдармен жұмыс жасау. Сүрелердің орнын ауыстыру және бекіту. Брезенттегі сынамаларды алу және оларды қапшықтарға салу. Сынамаларды таңбалау. Қашықтығы 400 м болатын сыналатын забойлар арасында қозғалып отыру.

601. Уақыт мөлшерлемелері 5- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 –қосымшаға сәйкес), еңбек шығындары мөлшерлемелері – 7- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 2. Нүктелі сынамаларды алу

602. Жұмыс шарты:

Жыныстарды жобалау (сынамаларды соғу) қолмен тістіктер көмегімен және мәшинелі – қолмен – соққылау балғасы көмегімен жүзеге асырылады. Жұмыстар ашық және жерасты таулы қазбаларда жүргізіледі. Тік және еңісті тау қазбаларда – ағаш төсеніш (сүрелер). Жерасты қазбаларында тік, ашықтарда – көлденең (сирек тірк) беткейлер түзіледі.

Сынамалар алу нүктелері тор бойынша 2 $м^2$ дейін кен денесі ауданында орналасады. Бір нүктеде соғылған жартылай сынама салмағы қарапайым

салмақты сынамалардан 100 гр кем болмауы керек, ал аз салмақты сынамаларда – 15 – 20 гр-нан кем болмауы керек.

603. Жұмыс мазмұны:

Сынамалар алу орнын қарап шығу және тазалау. Сынамалар алынатын жерлерде забой беткейлерін түзеу. Тор бөлу және сынамалар алу нүктелерін белгілеу. Брезентті жаю, тазалау және жинау. Ауа жіберу. Жыныстарды игеру (соққылау). Құралдармен жұмыс жасау. Брезенттегі сынамаларды алу және оларды қапшықтарға салу. Сынамаларды таңбалау. Қашықтығы 400м болатын сыналатын забойлар арасында қозғалып отыру.

604. Уақыт мөлшерлемелері 6 -кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 –қосымшаға сәйкес), еңбек шығындары мөлшерлемелері – 7- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 3. Бұрғылау ұңғымалары кернінен сынамалар алу

605. Жұмыс шарты:

Жұмыстар бөлмеде немесе далада жүргізіледі. Толығымен немесе оның бөлігінің керні алынады (бұрғылау диаметрі 76 мм және одан көп болған жағдайда). Керн бөлігін алу – қолмен, арнайы тістіктермен, мәшинелі - қолмен - керн шаншу көмегімен және мәшине амалымен - тас кескіш білтекте (алмаз шеңберінің диаметрі 300-400 мм, электрқозғалтқыштың қуаты - 3,2кВт) жүзеге асырылады.

606. Жұмыс мазмұны:

Брезент астынан орын тазалау. Брезентті жаю, тазалау және жинау. Кернді белгілеу. Керн бөлігін алғанда: керн тесуші немесе тас кескіш білтек пышақтары арасында плахта кернді орналастыру; плахта қолмен, керн тескішпен немесе білтекте үгітумен кернді тесу. Сынама түпнұсқаларын белгілеу. Сынамалар түпнұсқаларын жәшіктерге орналастыру. Жыныстардың ірі кесектерін бөлшектеу. Құралдармен жұмыс жасау. Сынамаларды қапшықтарға жинау және қорапқа салу. Сынамаларды таңбалау. Керні бар жәшіктерді жұмыс орны шеңберінде орын ауыстыру.

607. Уақыт мөлшерлемелері 8 -кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 -қосымшаға сәйкес), еңбек шығындары мөлшерлемелері – 9 -кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 4. Топтық сынамаларды алу

608. Жұмыс шарты:

Қатарлы сынамалар бөлігін алу қысқарту әдісімен жүзеге асырылады.

609. Жұмыс мазмұны:

Қатар сынамаларын өлшеу. Топтық сынамалардың орташа салмағын анықтау. Топтық сынамаларды құрастыру үшін, қатар сынамалардың бөлігін анықтау. Қатар сынамалар бөлігін алу. Үш - бес қатарлы сынамалар бөліктерін топқа біріктіру. Топтық сынамаларды өлшеу. Топтық сынамаларды қорапқа салу.

610. Топтық сынамаларды алуға уақыт мөлшерлемелері 10- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2-қосымшаға сәйкес), еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 11- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 2-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 5. Сынамаларды өңдеу

611. Осы бөлімде ұнтақтау – ұсақтаудың бір кезеңді және көп кезеңді циклын пайдаланумен бастапқы сынамаларды өңдеуге; бастапқы геохимиялық сынамаларды өңдеуге; зертхана сынамаларды өңдеуге; қатарлы сынамаларды өңдеуге (қысқартуға); жалпы мол сынамаларды өңдеуге мөлшерлемелер келтірілген.

612. Жұмыс шарты (бастапқы сынамаларды өңдегенде):

Сынамаларды қысқартқанда, салмақ есебі келесі өрнек бойынша өндіріледі $Q = Kd2$ кг, мұнда Q – сынама салмағы, d – сынамада анағұрлым ірі бөлшектің өлшемі, мм, К – Жыныста минералды құрамдас бөлшектердің біркелкі емес үлестірілу коэффициенті (12- Кесте, Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес).

К әр түрлі мәндерінде қысқартылған жыныстардың минимал рұқсат етілген салмағы 13 -кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес) көрсетілген. Зертханалық сынама материалы бөлшегінің соңғы өлшемі 1 мм, оның салмағы 1 кг аспайды.

613. Ұнтақтау - ұсақтаудың бір кезеңді циклын пайдаланумен бастапқы сынамаларды өңдеу (бастапқы сынамаларды кешенді өңдеу жүйесі)

Жұмыс шарты: Бастапқы сынамалар бөлшектерінің максимал өлшемі- 70 мм. Сынамалар материалының мәшинелі ұнтақтауы 2 - 5мм дейін, жонғышта мәшинелі ұнтақтау 0,074мм дейін. Зертханалық және сараптама сынамалар салмағы 0,5 кг дейін.

614. Жұмыс мазмұны: Бастапқы сынамаларды өлшеу. Бір уақытты мәшинелі ұнтақтау, араластыру және сынамаларды қысқарту. Сынамаларды мәшинемен ұнтақтау. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу. Әр сынаманы өңдеп болғаннан кейін, ауамен механизмдерді үрлеу және ыдыстарды тазалау.

615. Ұнтақтау - ұсақтаудың бір кезеңді циклын пайдаланумен бастапқы сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері 14- кестеде (Уақыт және баға

мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес), еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 15- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

616. Ұнтақтау - ұсақтаудың көп кезеңді циклын пайдаланумен бастапқы сынамаларды өңдеу.

Жұмыс шарты:

Жұмыс амалы – мәшинелі - қолмен. Бастапқы сынаманың максимал өлшемі 70мм. 1 мм дейін сынамаларды ұнтақтау мәшинелі - қолмен (бетті ұнтақтағыш – 100*150 мм, (80*150 мм), осьті ұнтақтағыш – 200*125 мм). Сынамалардың мәшинелі дүрсілдеуі (дірілді дүрсіл) – 400*800 мм). Сынамаларды араластыру және қысқарту – қолмен. Зертхана сынамасының салмағы– 1 кг дейін.

617. Жұмыс мазмұны:

Сынаманы өлшеу. Сынамаларды өңдеу сұлбасымен таныстыру. Сынамаларды кезеңді ұнтақтау, әр ұнтақтау - ұсақтаудың әр кезеңінен кейін бақылаушы дүрсілдеумен, әрі қарай араластырумен және сынама материалын қысқартумен. Сынамаларды және түпнұсқаларды қапшықтарға салу. Сынамаларды таңбалау. Әр сынаманы өңдегеннен кейін, ауамен механизмдерді үрлеу.

618. Ұнтақтау – ұсақтаудың көп кезеңді циклын пайдаланумен бастапқы сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері 16- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес), еңбек шығындарының мөлшерлемелері – 17- кестеде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес) келтірілген

619. Бастапқы геохимиялық сынамаларды өңдеу. Жұмыс шарты. Бастапқы сынама салмағы 0,3 кг. Бастапқы сынама бөлігінің максимал мөлшері 20 мм дейін. Қолмен 1 мм дейін сынама материалын ұнтақтау (сатыларда), мәшинелі - қолмен (шекті ұнтақтағыш - 100х150 мм, осьті ұнтақтағыш 200х125 мм), араластыру және сынамалар материалдарын қысқарту, қолмен немесе мәшинемен ұнтақтау, араластыру және қысқарту (агрегат АП).

620. Жұмыс мазмұны:

Сынамаларды өңдеу сұлбасымен таныстыру. Сынамаларды өлшеу. Бақылау дүрсілімен сынамаларды ұнтақтау - ұсақтау. Араластыру және сынамалар материалдарын қысқарту. Сынамаларды және түпнұсқаларды қорапқа салу. Сынамаларды таңбалау. Әр сынаманы өңдегеннен кейін, жабдықты тазалау.

621. Геохимиялық сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 18, 19- кестелерде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

622. Зертхана сынамаларын өңдеу

Жұмыс шарттары:

Бастапқы сынама салмағы 1 кг дейін. Бастапқы сынама бөлігінің максимал өлшемі 1 мм дейін. Материалды 0,74 мм ірілігіне дейін немесе мәшинемен 0,045 мм ұнтақтау.

623. Жұмыс құрамы:

Зертхана сынамаларын сараптама сынамаларына дейін ұнтақтау. Сынамаларды дүрсілдетуде бақылау. Сынамаларды таңбалау және қораптау. Жуу, кептіру. Әр сынаманы өңдегеннен кейін, жабдықты тазалау.

624. Зертхана сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары 20-26 -кестелерде (Уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

625. Жалпы мол сынамаларды өңдеу

Жұмыс шарты:

Бастапқы материал ірілігі 150 мм. Ұнтақтау 25 мм дейін және үзінді технологиялық процеспен сынамалар материалын қолмен немесе мәшинелі - қолмен (шекті ұнтақтағыш -100х150 мм, дірілді дүрсіл - 400х800 мм) немесе мәшинелі үзіліссіз технологиялық процеспен (шекті ұнтақтағыш - 160х250 мм, дірілді дүрсіл - 400х800 мм) дүрсілдету. Араластыру және сынамалар материалдарын қысқартуы қолмен. Алынып жатқан сынама салмағы 200 - 250 кг.

626. Жұмыс мазмұны:

Сынамалардың бастапқы материалын дүрсілдету. Тор үстіндегі материалды ұнтақтау. Араластыру және сынама алумен қысқарту. Өлшеу немесе алынған сынамалар көлемін өлшеу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

627. Жалпы мол сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 27, 28- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 – қосымшаға сәйкес) келтірілген.

Параграф 6. Сынамаларды алу және өңдеу

628. Осы бөлімде сынамаларды алуға және өңдеуге мөлшерлемелер келтіріледі: минералды тұздардың; жалбырлы фосфориттердің; бұрғылау ұңғымалары шламының; массивтен және өндірілген тау жыныстарынан жалпы мол сынамалардың ,топтық сынамалардың .

629. Минералды тұздардың сынамаларын алу және өңдеу

Жұмыс шарты:

Ұзындығы 15 см-ден болатын үлгілерге тістіктер, балғалар және зілбалғалар көмегімен оське перпендикуляр етіп кернді тесу жүзеге асырылады. Сынамаларды бұрғылап тесу мәшинелі - қолмен (тесу станоктарында – қозғалтқыш қуаты – 0,55 кВт). Саңылауы 1 мм дейін електерде дүрсілдеу. Қолмен ұнтақтау (сатыларда). Сынамаларды араластыру және қысқарту қолмен. Алынып жатқан сараптама сынамалар мен түпнұсқалар салмағы 100 г дейін.

630. Жұмыс құрамы:

Кернді кептіру. Кернді өлшеу. Зертхана сынамаларын тесу. Кернді жәшіктерге салу, зертхана сынамаларын бақылаушы дүрсілдету. Сынамалардың тор үстіндегі материалдарын ұнтақтау. Сынамаларды өлшеу. Араластыру және сараптама сынамалары мен түпнұсқаларды алумен зертхана сынамаларын қысқарту. Сынамалар түпнұсқаларын перефинирлеу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу. Әр сынаманы өңдегеннен кейін, жабдықты тазалау.

631. Минералды тұздардың сынамаларын алуға және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері мен еңбек шығындары 29, 30- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

632. Жалбырлы фосфориттердің сынамаларын алу және өңдеу

Жұмыс шарты:

Сынамалар топырақ сорғыш көмегімен 348 мм диаметрлі бұрғылау ұңғымаларынан алынады. Сынамалар материалдарын дүрсілдету мәшинелі (дүрсіл 400*800 мм), сынамаларды ұнтақтау– мәшинелі - қолмен (қалтылдақ ұнтақтағыш 200*125 мм). Сынамаларды қысқарту – қолмен (бастапқыларды – 300 г дейін, зертханалық – 100 г дейін , сараптамалық – 50 г дейін. Сынамаларды ұнтақтау – мәшинелі (ұнтақтаушыларда) – 0,074 мм дейін.

633. Жұмыс мазмұны:

Бұрғылау ұңғымалары кернінен сынамалар алу. Сынамаларды жинақтау. Өлшеу, Сынамаларды кептіру. Кептіргеннен кейін сынамаларды өлшеу. Сынамалардың ылғал дүрсілдеуі. Сынамаларды кептіру. Бөлек ұнтақтау, дүрсілдету және зертханалық сынамаларды алумен +0,5 және - 0,5 мм санаттары бойынша сынамалар материалдарын қысқарту. Сараптама сынамаларын алумен зертхана сынамаларын бөлек ұнтақтау.Әр санаттағы сынамалар материалдарын өңдегеннен кейін, сынамаларды қысқарту үшін, жабдық пен оқпанды тазалау. Сынамаларды және түпнұсқаларды пакеттерге салу.

634. Жалбырлы фосфориттердің сынамаларын алуға және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 31, 32- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 –қосымшаға сәйкес, 5 -бөлім) келтірілген.

635. Бұрғылау ұңғымалары шламының сынамаларын алу және өңдеу.

Жұмыс шарты:

Шламның бастапқы сынама салмағы 5 кг дейін. Сынамалар темір ыдыста ауа – құрғақ күйге дейін кептіріледі. Бақылаушы дүрсілдету – 3-5 мм саңылаулары бар електерде. Шламды араластыру және қысқарту – науалы бөлгіште. Сынамаларды 1 мм дейін ұнтақтау – қолмен және мәшинелі - қолмен (ұнтақтаушыларда).

636. Жұмыс мазмұны:

Тұндырғыштан шлам сынамаларын алу және оларды ыдыстарға салу. Сынамаларды кептіру. Бақылаушы дүрсілдету. Кептірілген материалды өлшеу. Сынамаларды араластару және іріктеу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

637. Шлам сынамаларын алуға және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 33,34 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4 – қосымшаға сәйкес ,) келтіріледі.

638. Массивтен жаппай мол сынамаларды алу және өңдеу (қысқарту).

Жұмыс шарты:

Кайл және күрек көмегімен қолмен немесе перфораторлар көмегімен мәшинелі – қолмен сынамалар алу (соққылар энергиясы 64 Дж.). Қолмен сынамалар материалдарын ұнтақтау 25 мм дейін. Сынамаларды араластыру және қысқарту қолмен. Алынатын сынама салмағы 200-250 кг.

639. Жұмыс мазмұны:

Жыныстарды игеру және пайдалы қазбалар қазып алу. Вагоншықтарға немесе қол арбаларға сынамаларды тиеу. Жұмыс орнына сынамаларды жеткізу. Ірі кесектерді ұнтақтау. Араластару, қысқарту және сынамалар алу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

640. Массивтен жалпы мол сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 35,36- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

641. Өндірілген тау жыныстарынан жалпы мол сынамаларды алу және өңдеу (қысқарту).

Жұмыс шарты:

Қолмен сынамалар материалдарын ұнтақтау 25 мм дейін. Сынамаларды араластыру және қысқарту қолмен. Алынып жатқан сынама салмағы 200-250 кг.

642. Жұмыс мазмұны:

Үйінділерден және штабельдерден сынамаларды іріктеп алғанда, игеру үшін жыныстарды қазу. Жұмыс орындарына сынамаларды жеткізу. Ірі кесектерді ұнтақтау. Араластыру, қысқарту және сынамаларды алу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

643. Өндірілген тау массасынан жалпы мол сынамаларды алуға және өңдеуге (қысқартуға) уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 37,38- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 4-қосымшаға сәйкес) келтірілген.

644. Топтық сынамаларды алу және өңдеу.

Жұмыс шарты:

Қатар сынамалардың бөлігін алу тістіктер және зілбалға көмегімен жүзеге асырылады. Сынамаларды ұнтақтау – мәшинелі - қолмен (шекті ұнтақтағыш - 100х150 мм). Сынамаларды араластыру және қысқарту қолмен. Топтық

сынамалар бөлшектерінің максимал өлшемі 5 мм дейін. Топтық сынамалардың бастапқы салмағы 50-70 кг. Өңделген сынама салмағы 10 кг.

645. Жұмыс мазмұны:

Қатардағы сынамаларды өлшеу. Топтық сынамалардың орташа салмағын анықтау. Топтық сынамаларды құрастыру үшін, қатардағы сынамалар бөлігін анықтау. Қатар сынамалар бөлігін іріктеп алу. Топтар бойынша сынамаларды біріктіру. Топтық сынамаларды өлшеу. Топтық сынамаларды өңдеу. Сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

646. Топтық сынамаларды алуға және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 39, 40 -кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 3 – қосымшаға сәйкес) келтірілген.

4-бөлім. Минералогиялық сыннан өткізу

647. Осы бөлімде келесілерге мөлшерлемелер келтіріледі: сынамаларды айырып алу үстелінде, тұндыру мәшинесінде және винттік айырғышта өңдеу (байыту), науада, бұрғы ыдыста және гидровашгерде шлих сынамаларын өңдеу (жуып – шаю), ағым сынамаларын алу және өңдеу.

648. айырып алу үстелінде сынамаларды өңдеу (байыту)

Жұмыс шарты:

Сынамаларды айырып алу 0,5 $м^2$ дейін деки ауданды айырып алу үстелінде жүргізіледі.

649. Жұмыс мазмұны:

Сынамаларды өлшеу. Сынамаларды айырып алу. Өнімді түсіру. Өнімді кептіру, өлшеу және қорапқа салу. Қалдықтарды жинау. Әр сынаманы өңдегеннен кейін, жабдықты тазалау.

650. Айырып алу үстелінде сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 41, 42- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

651. Тұндыру мәшинесінде сынамаларды өңдеу (айырып алу).

Жұмыс шарты:

Сынамаларды айырып алу екі камералы тұну мәшинелерде жүргізіледі (камера ауданы 0,08 м2).

652. Жұмыс мазмұны:

Сынамаларды өлшеу. Сынамаларды айыру. Өнімді түсіру . Кептіру. Айырып алғанды өлшеу. Айырып алынған сынаманы таңбалау және қорапқа салу.

653. Тұндыру мәшинесінде сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 43, 44 -кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 -қосымшаға сәйкес) келтірілген.

654. Винтті айырғышта сынамаларды өңдеу (айырып алу)

Жұмыс шарты:

Сынамаларды айырып алу винттік айырғыштарында жүргізіледі, оның желобының сыртқы диаметрі 250 мм дейін және барлау айырғыштарында желоб диаметрі – 500 мм.

655. Жұмыс мазмұны:

Сынамаларды өлшеу. Айырғыш бункеріне сынамаларды жүктеу. Айырып алғанды түсіру. Айырып алғанды кептіру. Айырып алғанды өлшеу. Айырып алған сынамаларды таңбалау және қорапқа салу.

656. Винттік айырғышта сынамаларды өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 45, 46- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 – қосымшаға сәйкес) келтірілген.

657. Науада шлихті сынамаларды өңдеу (жуып – шаю).

Жұмыс шарты:

Науада қолмен сынамаларды жуып – шаю және шлихті жеткізу. Жуып – шаю орнына сынамаларды келтіру көмекші жұмысшымен орындалады, оның міндеттеріне зумпфтан эфелдерді жүктеу және ондағы суды ауыстыру кіреді. Қыс мезгілінде отынды дайындау және жеткізу үшін, қардан сынамаларды тазалау үшін, сынамаларды еріту, суға қар мен мұзды дайындау, суды жылыту және жұмыс бөлмесін жылыту үшін, қосымша көмекші жұмысшы көзделеді. Көмекші жұмысшылардың жұмыс уақыты шлих сынамаларын өңдеу мөлшерлемелеріне кірмейді.

658. Жұмыс мазмұны:

Сынамаларды жуып – шаюға дайындау. Сынамаларды жуып – шаю. "Сұр" шлихті түсіру (зертхана сынамасын). "сұр" шлихті "қара" түске дейін жеткізу (сараптама сынамасына дейін). Шлихті кептіру. Әр сынаманы өңдеп болғаннан кейін, құралдарды тазалау. Шлихті қорапқа салу және таңбалау (сараптама сынаманы).

659. Шлих сынамаларын өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 47, 48- кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 – қосымшаға сәйкес) келтірілген.

660. Бұрғы ыдыста шлихты сынамаларды өңдеу (жуып – шаю)

Жұмыс шарты:

Бұрғы ыдыста қолмен сынамаларды жуып – шаю (жүктеу бастиегінің өлшемі 700х500 мм, бұрғы ыдысының ұзындығы 2,0 м). Науада сынамаларды қолмен жеткізу.

Жуып – шаю орнына сынамаларды жеткізу көмекші жұмысшымен орындалады, оның міндеттемелеріне зумпфтан эфелдерді жүктеу және ондағы суды ауыстыру кіреді. Қыс мезгілінде отынды дайындау және жеткізу үшін,

қардан сынамаларды тазалау үшін, сынамаларды еріту, суға қар мен мұзды дайындау, суды жылыту және жұмыс бөлмесін жылыту үшін қосымша көмекші жұмысшы көзделеді. Көмекші жұмысшылардың жұмыс уақыты шлих сынамаларын өңдеу мөлшерлемелеріне кірмейді.

661. Жұмыс мазмұны. Сынаманы жууға дайындау. Сынаманы жүктеу және жуу. "Сұры" шлихты шығару. Шлихты астауда "сұрдан" "қараға" дейін доводкалау. Шлихты кептіру. Шлихті қаптау және таңбалау. Әрбір сынаманы өңдегеннен кейін, құрылғылар мен құралдарды тазарту. Эфельді тазарту.

662. Бутарда шлиховты сынаманы өңдеуге кеткен уақыт нормасы және еңбек шығыны 49, 50 -кестелерде көсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5 - қосымшаға сәйкес)

663. Гидровашгерде шлиховты сынамаларды өндеу (жуу).

664. Жұмыс шарты. Гидровашгерде сынама машиналық-қолдық әдіспен жуу жұмыс алаңы 700х3500 мм өлшемімен. Шлихты астауда доводкалау.

Сынаманы жуу орнына әкелуді қосалқы жұмысшылар орындайды, эфель мен зумпфа түсіру және ондағы суды ауыстыру олардың мідеттеріне кіреді. Қыс уақытында жанармай дайындау және әкелу, сынаманы қардан тазарту, сынаманы еріту, қар мен мұзды суға дайындау, жұмыс орнына жылыту жүйелеріне суды жылыту үшін қосымша қосалқы жұмысшы қарастырылады. Шлиховты сынамаларды өңдеу нормасына қосалқы жұмысшылардың жұмыс уақыты кірмейді.

665. Жұмыс мазмұны. Сынаманы жууға дайындау. Сынаманы жуу. Шлихты астауда "сұрдан" "қараға" дейін доводкалау. Шлихты кептіру. Жұмыр тасты түсіріп қайырмаға тасмалдау. Әрбір сынаманы өңдегеннен кейін құрылғылар мен құралдарды тазарту. Шлихті қаптау және таңбалау.

666. Бутарда шлиховты сынаманы өңдеуге кеткен уақыт нормасы және еңбек шығыны 51, 52- кестелерде көсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5- қосымшаға сәйкес)

667. Сынама протолочкасын өңдеу және іріктеу.

668.Жұмыс шартты. Ашық және жер асты өндіру қопару арқылы 1 ауданнан массасы 5 кг және 5,1-10,0 кг сынамалар іріктеледі. Сынаманы 1мм дейін ұнтақтау қолмен немесе машина-қолма (ұсатқыш жақты-100х150 мм, ұсатқыш валковты-200х125 мм). Қолмен және машина-қолмен (вибрациялық тарсыл 400х200 мм). Қолмен сынаманы жуу (астауда). Бастапқы сынама салмағы 5 кг болғанда, іріктелген зертханалық сынама салмағы- 50г; 5,1 кг-10,0-100г дейін.

669. Жұмыс мазмұны. Сынама іріктеу орнын тазарту және тексеру. Сынама іріктеу. Сынама салмағын өлшеу. Елеуішті бақылап отырып, сынаманы ұнтақтау. Зертханалық сынаманы іріктеу. Жасанды шлихты алуымен сынаманы жуу. Әрбір сынамадан кейін құрылғыларды тазарту.

670. Бутарда шлиховты сынаманы өңдеуге кеткен уақыт нормасы және еңбек шығыны 53, 58- кестеде көсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 5-қосымшаға сәйкес)

5-бөлім. Технологиялық сынамалау

Параграф 1. Сынама алу

671. Пайдалы қазбаларды ашық және жерасты таулы қазбаларда технологиялық сынамалауда пайдаланылады: соқа аударған із, қырнама, жалпы, сынаманы секциялық алу; бұрғылау ұңғымаларынан – керннен сынама алу; таулы қазбалар шығару – сынамаларды сарқу немесе ширектеу.

672. Осы бөлімде: массивтен жалпы сынама алу және таулы қазбалар шығарудан жалпы сынама алу нормалары көрсетіледі.

673.Жалпы сынамалар алу

Жұмыстар шарты. Кайл және күректің көмегімен немесе перфораторлар (соққы күші 64 Дж) көмегімен қолдық әдіспен сынама алу. Ірі кесектерді қол әдіспен, кувалданың көмегімен ұсақтау.

674. Жұмыс мазмұны.

Жыныстарды өңдеу және пайдалы қазбаны шығару. Сынамаларды транспорттық құралдарға тиеу. Сынамаларды жұмыс алаңына жеткізу. Ірі кесектерді ұсақтау. Сынама көлемін өлшеу. Сынамаларды қаптау және таңбалау.

675. Бұрғылау- жару жұмыстарын қолданусыз жалпы сынамаларды алуға кететін уақыт нормалары мен еңбек шығындары 59, 60- кестелерде көрсетілген (5 –бөлім, уақыт және бағалар нормаларына 6- қосымшаға сәйкес); Бұрғылау-жару жұмыстарын қолданумен – 61, 62- кестелерде (5-бөлім уақыт және бағалар нормаларына 6- қосымшаға сәйкес), алынған жыныстардан – 63, 64 - кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6 -қосымшаға сәйкес).

676. Секциялық сынамалар (бороздовых) алу

Жұмыстар шарты. Сынамаларды қопару қолдық әдіспен кескіш, клинь, кайл, күрек және машиналық-қолдық әдіспен – кен балғаларымен (соққы күші 29,5 Дж, соққы жиілігі – 25 с-1) жүзеге асырылады. Секцияларды тілу (соқа аударған із) 40*40 см.

677. Жұмыстар мазмұны. Сынама алу орындарында кенжары үстін тегістеу. Соқа аударған із контурын белгілеу (секциялар). Брезентті төсеу, тазалау және жинау. Жыныстарды өңдеу және пайдалы қазбаларды шығару (сынамаларды қопару, соқа аударған ізді тазарту және өлшеу). Жұмыс жабдықтарымен манипуляциялау. Сынамаларды жинау және оларды қаптау. Сынамаларды таңбалау.

678. Секциялық (соқа аударған із) сынамаларды алуға кететін уақыт нормалары мен еңбек шығындары 65, 66- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымшаға сәйкес).

679. Таулы қазбалар шығарудан сынама алу.

Жұмыстар мазмұны. Шығаруларды кайлмен ұру. Сынама сұрыптау. Сұрыпталған сынамалар көлемін өлшеу. Қойтастар мен ірі жұмыр тас көлемдерін өлшеу. Сынамаларды ыдыстарға салу немесе астауға тиеу. Өлшеу ыдыстарын алдыңғы сынама материалдарынан тазарту.

680. Таулы қазбалар шығарудан сынама алуға кететін уақыт нормалары мен еңбек шығындары 67, 68- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6 -қосымшаға сәйкес).

Параграф 2. Сынамаларды өңдеу

681. Осы бөлімде тау-кен сынамаларын белгіленген фракциялардан, бұрғылау ұңғымаларынан борпылдақ сынама алу және өңдеу (жуу) арқылы рудалық талдауға кететін нормалар көрсетілген.

682. Белгіленген фракциялардан сынамаларды сұрыптаумен тау-кен сынамаларын кендік талдау.

Жұмыстар шарты. Тас електе машиналық-қолдық елеу (400х800 мм) елеуіш тесіктері 40мм. Қолдық әдіспен ұсақтау шығатын материалдан 10%-дан аспайтын. Кендік талдау сыртқы (макроскопикалық) сипаттары бойынша жүргізіледі.

683. Жұмыстар мазмұны. Елеуішті орнату. Сынамаларды жеткізу. Шығатын материалды өлшеу. Елеу. Сынамаларды кептіру. Темір тор үстінде қалған материалды рудалық талдау. Ірі кесектерді әрі қарай ұсақтап, елеу. Сынамалар материалдарын қысқарту. Белгіленген фракциялардан сынамаларды талдау. Сұрыпталған сынамаларды өлшеу. Сынамаларды қаптау және таңбалау. Сынаманы әрбір өңдегеннен кейін, құрылғыларды тазалау.

684. Белгіленген фракциялардан сынамаларды сұрыптауда тау жыныстарын кендік талдауға уақыт нормалары мен еңбек шығындары 69, 70- кестелерде көрсетілген (уақыт және бағалар нормаларына 6 -қосымшаға сәйкес).

685. Бұрғылау ұңғымаларының борпылдақ кернінің сынамасын өңдеу (жуу).

Жұмыстар шарты. Бағандық бұрғылауда алынған керндер сынамалары жуылады. Сынамаларды астауда жуу. Қыс мезгілінде жанармайды дайындау және жақындату, сынамаларды қардан тазалау, сынамаларды еріту, су үшін мұз бен қарды дайындау, жұмыс ғимартын және суды жылыту үшін, бригада құрамына қосымша бір қосалқы жұмысшы енгізіледі. Осы жұмыстарды орындау

сынамаларды өңдеу нормаларына кірмейді. Құрамында бағалы металлдары бар сынамаларды жетілдіру "қара" шлихқа дейін жасалады. Ал сирек металдары барлар "сұры" шлихқа дейін.

686.Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды жуу. Сынамаларды жетілдіру. Кептіру және шлихтан алтынды "үрлеу". Концентрат қаптамасы. Шұңқырда суды ауыстыру. 1 м және ұңғыма бойынша алтын құрамын есептеу.

687. Бұрғылау ұңғымаларынан борпылдақ сынама алу және өңдеуге (жуу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 71, 72- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымшаға сәйкес).

Параграф 3. Құрамында алтын бар сынамаларды сынамалау

688. Осы бөлімде құрамында алтын бар сынамаларды сынамалау нормалары көрсетілген: сынамалар алу; РОП-2 құралы, ПОУ-4М, ПОУ-6, МПД-6И, ППГ-15М қондырғыларында таулы қазбалар шығаруларынан сұрыпталып алынған бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу); ПОУ4-2М қондырғысында, таулы қазбалар шығаруларынан және бұрғылау ұңғымаларының шламдарынан сұрыпталып алынған бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу); Астауда және "Проба-2М" қондырғысында, күштік-канаттық бұрғылауда алынған бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу), зертханалық сынамаларды (аяқтау) өңдеу.

689. Сынамаларды сұрыптау

Құрамында алтын бар жыныстар сынамасы шығарындылардан және бұрғылау ұңғымаларынан сұрыпталады.

690. РОП-2 қондырғысында бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу)

Жұмыстар шарты. Сынамаларды жуу және қолдық әдіспен аяқтау. Зертханалық сынамалар көлемі 500 см3.

691. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды жууға әзірлеу. Сынамаларды жуу. Шлихты алып тастау. Шлихты аяқтау (Зертханалық сынама). Концентратты жинақтау. Концентратты кептіру. Концентратты қаптау және таңбалау. Сынаманы әрбір өңдегеннен кейін, құрылғыларды тазалау.

692. Бастапқы сынамаларды өңдеуге (жуу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 73, 74-кестелерде көрсетілген (уақыт және бағалар нормаларына 6-қосымшаға сәйкес).

693. ПОУ-4М қондырғысында бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу).

Жұмыстар шарты. Зертханалық сынамалар көлемі 500см3, аналитикалық сынамалар – 5 $см^3$. Сынама материалдарын жуу машиналық әдіспен. Шлихты аяқтау (Зертханалық сынама) аяқтау сепараторында машиналық әдіспен.

694. Жұмыстар мазмұны. Құрылғыны күйге келтіру. Құрылғыға сынама материалдарын біркелкі беріп тұру. Сынамалар материалын жуу. Ірі жұмыртасты

үйіндіге жинақтау арқылы түсіру. Шлихты түсіру. Шлихты аяқтау (Зертханалық сынама). Концентратты таңбалау. Құрылғы мен сепараторды сынаманы әрбір өңдегеннен кейін тазарту.

695. ПОУ-4М құрылғысында бастапқы сынамаларды өңдеуге (жуу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 75, 76- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымшаға сәйкес).

696. ПОУ-6И құрылғысында бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу).

Жұмыстар шарты. Зертханалық сынамалар көлемі 500см^3, аналитикалық сынамалар – 5 см^3. Сынама материалдарын жуу машиналық әдіспен. Шлихты аяқтау (Зертханалық сынама) аяқтау сепараторында машиналық әдіспен.

697. Жұмыстар мазмұны. Құрылғыны күйге келтіру. Құрылғыға сынама материалдарын біркелкі беріп тұру. Сынамалар материалын жуу. Ірі жұмыртасты үйіндіге жинақтау арқылы түсіру. Шлихты түсіру. Шлихты аяқтау (Зертханалық сынама). Концентратты таңбалау. Құрылғы мен сепараторды сынаманы әрбір өңдегеннен кейін тазарту.

698. ПОУ-6И құрылғысында бастапқы сынамаларды өңдеуге (жуу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 77, 78- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымшаға сәйкес).

699. ППГ-15М құрылғысында бастапқы сынамаларды өңдеу (жуу).

Жұмыстар мазмұны. Құмдарды өңдеу бульдозермен жүзеге асырылады.

700. Жұмыстар мазмұны. Кен алаңда өңдеу және құмдарды құрылғыға тасымалдау. Құрылғыда құм сынамаларын жуу. Шлихтарды түсіру және доводкілеу. Құрылғыны сынаманы әрбір өңдегеннен кейін тазарту.

701. ППГ-15М құрылғысында бастапқы сынамаларды өңдеуге (жуу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 79, 80- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6- қосымшаға сәйкес).

702. Зертханалық сынамаларды өңдеу (жуу)

Жұмыстар шарты. Сынамалар доводкісі – орталықтан тепкіш сепараторда машиналық әдіспен. Зертханалық сынамалар көлемі – 500 см^3. Аналитикалық сынама көлемі – 5 см^3. Алтынды шығару ("үрлеу") қолдық әдіспен.

703. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды доводкіге әзірлеу. Зертханалық сынамаларды доводкілеу (шлихтарды). Концентратты кептіру (аналитикалық сынаманы). Концентраттан алтынды шығару ("үрлеу") қолдық әдіспен. Сынама концентратын қаптау және таңбалау. Құрылғыны әрбір өңдегеннен кейін, сынаманы тазарту.

704. Лабораториялық сынамаларды өңдеуге (доводкілеу) уақыт нормалары мен еңбек шығындары 81, 82- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 6 -қосымшаға сәйкес)

6-бөлім. Техникалық сынамалау

705.Техникалық сынамалауға келесі жұмыстар түрі кіреді: құрылыс материалдарына сынамалау; кендер мен тау жыныстарын физико-техникалық (тау-кен техникалық) анықтауда сынамалау.

Параграф 1. Құрылыс материалдарына сынамалау

706. Осы бөлімде келесі жұмыс түрлеріне мөлшерлемелер көрсетілген: құм мен қиыршықтасты сынамалауда жалпы сынамаларды өңдеу; құм мен қиыршықтасты сынамалауда кезекті өңдеу; құрылыстық мақсаттарда құм сынамасын өңдеу; Кедір-бұдыр керамикаға саз балшықты жыныстар сынамаларын өңдеу; құм, қиыршықтас және үшкіртастың көлемдік салмағын және гранулометрикалық құрамын далалық анықтауда сынамаларды өңдеу; таулы жыныстар тұтастығын сұрыптау және өңдеу; қаптаушы және блоктық тастың шығуын анықтау үшін, тасты құрылыс материалдардың сынамасын сұрыптау және өңдеу; тауарлық тас шығуын анықтауға тасты құрылыс материалдарының сынамасын сұрыптау және өңдеу.

707. Құм мен қиыршықтасты сұрыптауда жалпы сынамаларды өңдеу

Жұмыстар шарты. Жұмыстардың машиналық әдісі. Вибрациялық елегіште (жұмыс алаңы 0,6м^2) сынамаларды қолдық әдіспен қысқарту операциясын орындау арқылы сынамалар материалын елеу. Сынамалардың шығыс көлемі 3-5м^3. Елеу өнімдерінен сұрыпталатын сынамалар массасы 10 кг дейін.

708. Жұмыстар мазмұны. Сынамалар материалын елеу. Елегіш өнімдерін кептіру. Елегіш өнімдері көлемін ірілік санаты бойынша өлшеу. Елеу өнімдерінен сынамалар сұрыптау арқылы қысқарту. Сынамаларды ыдысқа тиеу. Сынамаларды өлшеу. Сынамаларды қаптау және таңбалау.

709. Құм мен қиыршықтасты сұрыптауда жалпы сынамаларды өңдеуге уақыт нормалары мен еңбек шығындары 83, 84- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес).

710. Құм мен қиыршықтасты сынамалауда қатардағы сынамаларды өңдеу.

711. Жұмыстар шарты. Сынамалар материалын елеу және қысқарту қолдық әдіспен. Елеу өнімдерінен сұрыпталатын сынамалардың салмағы 5-10 кг.

712. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды кептіру. Шығатын сынамаларды өлшеу. Сынамалар материалын елеу. Елегіш өнімдері көлемін ірілік санаты бойынша өлшеу. Сынамаларды өлшеу. Сынамаларды қаптау және таңбалау. Құрылғыны сынаманы әрбір өңдегеннен кейін тазарту.

713. Құм мен қиыршықтасты сұрыптауда қатардағы сынамаларды сұрыптауға уақыт нормалары мен еңбек шығындары 85, 86- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

714. Құрылыстық мақсаттарда құмдар сынамаларын өңдеу.

Жұмыстар шарты. Шығару сынамаларының салмағы 40-100 кг. Сынамаларды кептіру табиғи және жасанды. Сынамаларды таңдап ұсақтау 5мм дейін. Сынамалардың лабораториялық салмағы 2-5кг.

715. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды сұрыптауға дайындау. Сынамаларды араластыру және қысқарту. Қажеттілік бойынша – сынамаларды саты бойынша таңдап ұсақтау және сынамаларды қысқарту. Зертханалық сынамаларды сұрыптау. Сынамаларды қаптау және таңбалау.

716. Құрылыстық мақсаттарда құм сынамаларын сұрыптауда уақыт нормалары мен еңбек шығындары 87, 88- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

717. Кедір-бұдыр керамикаға саз балшықты жыныстар сынамаларын өңдеу

Жұмыстар шарты. Шығару сынамаларының салмағы 40-100 кг. Сынамаларды кептіру табиғи және жасанды. Сынамаларды таңдап ұсақтау 5мм дейін. Сынамалардың зертханалық салмағы 3,0-5,0кг.

718. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды сұрыптауға дайындау. Сынамаларды кептіру. Сынамаларды саты бойынша таңдап ұсақтау. Сынамаларды саты бойынша араластыру және сынамаларды қысқарту. Сынамаларды елеу. Зертханалық сынамаларды сұрыптау және өлшеу (темір тор үстіндегі және темір тор астындағы материал). Сынамаларды қаптау және таңбалау. Сынамаларды " қалдықтардан" жинау.

719. Кедір-бұдыр керамикаға саз балшықты жыныстар сынамаларын өңдеуде уақыт мөлшерлемелері мен еңбек шығындары 89, 90- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

720. Құм, қиыршық, үшкіртастың көлемдік салмағын және гранулометрикалық құрамын далалық анықтауда сынамаларды өңдеу

Жұмыстар шарты. Тау-кен жыныстарының классификациясы қолдық әдістегі немесе механикалық елеуіште жүзеге асырылады (400х800м). Елеуіш тесіктерінің негізгі көлемдері:

1) үшкіртас, галька және ірі қиыршықтас үшін – 100 ден 40 мм дейін;

2) орташа және ұсақ қиыршықтас үшін – 40 тан 5 мм дейін;

3) құм үшін – 5 тен 0,15мм дейін.

Әрбір кластағы материалдың ұсақталу фракциямен бітелудің шекті мәні -5 % дейін. Жұмыстардың машиналық-қолдық әдісінде жекеленген операциялар қолдық әдіспен орындалады.

721. Жұмыстар мазмұны. Сынамаларды жеткізу. Сынамаларды өлшеу. Шығатын материалды елеу. Елеу өнімдерін ірілік классы бойынша өлшегіш қораптармен өлшеу. Ірі тасты қатарынан жатқызу. Елеу өнімдерін тасып шығару. Зерттеу нәтижелерін есептеу.

722. Құм, қиыршық тас, үшкіртастың көлемдік салмағын және гранулометрикалық құрамын далалық анықтауда сынамаларды өңдеуде уақыт нормалары мен еңбек шығындары 91, 92- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес).

723. Таулы жыныстар тұтастығын сұрыптау және өңдеу

Жұмыстар мазмұны. Тұтастықты шығару орындарын тазалау. Тұтастық контурын белгілеу. Тұтастықты бұрғылау; алынатын тұтастық периметрі бойынша шпурларды бұрғылау. Тұтастықты өңдеу орнына ауыстыру. Тұтастықты өлшеу. Тұтастықтың жан-жағындағы жыныстарды оның үстін толық тазартқанша және дұрыс геометриялық форма беру үшін уату. Тұтастықты қаптау және таңбалау. Тұтастықты транспортқа тиеу.

724. Таулы жыныстар тұтастығын сұрыптау және өңдеу уақыт нормалары мен еңбек шығындары 93, 94- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

725. Қаптаушы және блоктық тастың шығуын анықтау үшін, тасты құрылыс материалдарының сынамасын сұрыптау және өңдеу

726.Жұмыстар шарты. Сынамалар тәжірбиелі кеніштерден сұрыпталып алынады. Шпурларды бұрғылау перфоратордың көмегімен жүзеге асырылады (соққы күші 64 Дж). Шпурлардың арасындағы қашықтық 10-20 см.

727. Жұмыстар мазмұны. Ойықты қарау және тазарту. Шпурлар сызықтарын білгілеу. Тасты бұрғылау. Клинь, пунчеттер мен кувалда көмегімен үйіндіні қашаулау. Үйіндіні ысырып тастау. Үйіндіні тарату алаңына тиеу және тасып шығару. Ірі тасты блоктар бойынша белгілеу. Шпурлар сызығын белгілеу. Тасты шпурлармен сырттан бұрғылау және блоктарды қағу. Блоктарды кедір-бұдыр тегістеу және енжарлату. Сұрыптаудан кейін қалған тас блоктарды фракциялары бойынша сұрыптау (кесек тас, қиыршық тас және ұсақтар) қатарынан жатқызу. Блоктар мен ірі емес тасты өлшеу және таңбалау. Блоктардың шығу пайызын анықтау.

728. Тасты құрылыс материалдарының сынамасын сұрыптау және өңдеу уақыт нормалары мен еңбек шығындары 95, 96- кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

729. Тауарлық тас шығуын анықтауға тасты құрылыс материалдарының сынамасын сұрыптау және өңдеу

730. Жұмыстар мазмұны. Кеніште немесе жырада лом мен кувалданың көмегімен тасты қолдық әдіспен сындыру; бұрғылау-жару жұмыстарын

пайдалануда – теспені барлау, отпалка және тасты ажырату. Тасты ысырып тастау. Тасты штабель бойынша сұрыптау және жатқызу, ұсақтарды-үйіндіге. Штабельдерді тастың ірілігі және сапасы бойынша тексеру. Штабельдерді өлшеу . Таңбалау. Тауарлық (габаритті немесе іскерлік) тастың шығу пайызын анықтау.

731. Тауарлық тас шығуын анықтауға тасты құрылыс материалдарының сынамасын сұрыптау және өңдеу уақыт нормалары мен еңбек шығындары 97, 98-кестелерде көрсетілген (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)).

Параграф 2. Кен және тау-кен жыныстарының физико- техникалық (тау-кен–техникалық) қасиеттерін анықтау кезінде сынамалау.

732. Осы бөлімде келесі жұмыс түрлеріне мөлшерлемелер келтіріледі: тау-кен жыныстарының үлгілерін іріктеу; сынамаларды алумен бірге тау-кен жыныстарын дүңгірелеу; кен және тау-кен жыныстарының қопсыту коэффициентін және көлемдік салмағын далалық анықтаумен қоса сынамаларды іріктеу және өңдеу; бұрғылау ұңғымаларынан бос жыныстар монолиттерін іріктеу және өңдеу.

733. Тау-кен жыныстарының үлгілерін іріктеу

Жұмыс шарты:

Үлгілерді іріктеу қолмен жүзеге асырылады. Бір немесе анағұрлым тең жазықтықтарда үлгілер көлемі 400 $см^3$ кем болмайды.

734. Жұмыс мазмұны:

Үлгілерді іріктеу орнын қарау және тазалау. Үлгілерді іріктеу арасында орындарды ауыстыру. Бағытталған үлгілерді іріктеу. Үлгілерді өлшеу. Жазықтықты таңбалау және жатқан жердегі бөлшектерін өлшеу. Үлгілерді қораптау және таңбалау.

735. Тау-кен жыныстары үлгілерін іріктеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 99, 100 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

736. Сынамаларды іріктеумен бірге тау-кен жыныстарын дүңгірелеу.

Жұмыс шарты:

Тау-кен жыныстарын електе (400х800 мм) дүңгірелеу машиналық тәсілмен жүзеге асырылады. Сынамаларды араластыру және қысқарту қолмен жүргізіледі.

737. Жұмыс мазмұны:

Електі орнату. Сынамаларды жеткізу. Тау-кен жыныстарын дүңгірелеу. Сынамаларды кептіру. Дүңгірелеу өнімінен шыққан сынамаларды іріктумен қоса

араластыру және қысқарту. Іріктелген сынамалар мен түпнұсқаларды өлшеу. Сынамаларды таңбалау және қораптау. Әр сынаманы өңдегеннен кейін қондырғыны тазалау.

738. Сынамаларды іріктеумен тау жыныстарын дүңгірелеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 101, 102 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

739. Кен және тау-кен жыныстарының қопсыту коэффициенті және көлемдік салмағын далалық анықтаумен қоса сынамаларды іріктеу және өңдеу.

Жұмыс құрамы:

Өндірілген кенді қолмен немесе шпурлармен қосымша бұрғылау арқылы өткізеді. Алаңға жынысты беру. Қазылатын кеңістікті өлшеу. Әуе–құрғақ күйге дейін жынысты араластыру және кептіру. Өлшеу жәшіктерімен жыныстар көлемін өлшеу. Өлшеу. Жыныстар қопсыту коэффициентін анықтау.

740. Көлемдік салмақты далалық анықтаумен қоса сынамаларды іріктеуге және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 103, 104-кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

741. Бұрғылау ұңғымаларынан бос жыныстар кесектерін іріктеу және өңдеу.

Жұмыс құрамы:

Кен жеріне топырақ тасымалдағышты түсіруге дайындық. Кен жеріне топырақ тасымалдағышты түсіру және оны жынысқа тығыздау. Кесекті бөліп жер бетіне көтеру. Топырақ тасымалдағыш стақанын шығару. Кесекті шығару. Кесек бетін өңдеу. Кесекті таңбалау.

742. Бұрғылау ұңғымаларынан бос жыныстар кесектерін іріктеуге және өңдеуге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 105, 106 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 7 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

7-бөлім. Геофизикалық сынамалау

Параграф 1. Рентгенорадиометриялық сынамалау

743. Осы бөлімде келесі жұмыстар түріне уақыт мөлшерлемелері келтіріледі: табиғи күйде рентгенорадиометриялық сынамалау; керн бойынша рентгенорадиометриялық сынамалау.

744. Табиғи күйде рентгенорадиометриялық сынамалау.

Жұмыс құрамы:

Жабдықты жұмысқа дайындау (қыздыру). Жабдықтың жұмыс тәртібін орнату . Кен жерін қауіпсіз күйге келтіру. Сынамалау орнын шаң мен балшықтан тазалау және тегістеу. Сынамалау желісін белгілеу. Аппаратураны эталондау. Сынамалау орнында күйді анықтау. Сынамалау нүктелері бойынша өлшеу.

Нәтижелерді жаңғыртуды бағалау үшін бақылап сынамалау. Аппаратура жұмысының тұрақтылығын тексеру. Бақылау нәтижелерін өңдеу және талдау.

745. Табиғи күйде рентгенорадиометриялық сынамалауды өндіруге уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 107 – 109 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 8 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

746. Керн бойынша рентгенорадиометриялық сынамалау.

Жұмыстар құрамы:

Жабдықты жұмысқа дайындау (қыздыру). Жабдықтың жұмыс тәртібін орнату . Кернді шаң-тозаңнан және балшықтан тазалау және жуу. Аппаратураны эталондау. Сынамалау орнында күйді анықтау. Сынамалау нүктелері бойынша өлшеу. Нәтижелерді жаңғыртуды бағалау үшін бақылап сынамалау. Аппаратура жұмысының тұрақтылығын тексеру. Бақылау нәтижелерін өңдеу және талдау. Керні бар жәшіктердің орнын ауыстыру.

747. Керн бойынша рентгенорадиометриялық сынамалау өндірісіне уақыт мөлшерлемелері және еңбек шығындары 110 – 111 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 8 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

8-бөлім. Жалпы тағайындау бойынша далалық жұмыстар.

Параграф 1. Тау-кен өндірісінің геологиялық құжаттамасы

748. Мөлшерлеме материалдарымен барлау арналардың (траншеялардың), шурфтардың (үрлегіштердің), жерасты көлденең тау-кен өндірісінің геологиялық құжаттамасы қамтылған.

749. Жұмыс құрамы. Дайындау-қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Көлбеу беткейлерді және бағыт азимутын өлшеуді қоса алғанда тау-кен өндірісінің орналасуын байланыстыру (географиялық, геоморфологиялық, биіктікті). Баспалдақты түсіріп - көтеру және оны бекіту - ажырату (арық немесе шурф тереңдігі 1,5 м асатын болса). Құралдарды және құжаттамаға қажетті заттарды түсіріп - көтеру. Геологиялық аралықтарды (пачкаларды) алдын-ала бөлумен тау-кен өндірісін жалпы қарау. Бүйір бұрыштарды, топырақты (түбін) немесе табанын тазалау. Құжаттаманың өзі: қазылған тау-кен жыныстарын қабат бойынша зерттеу және сипаттау; шлифтарды (аншлифтарды) дайындау үшін геологиялық үлгілерді және сынықтарды, микрофауна және микрофлораға арналған үлгілер, түйіршіктердің ірілік құрамы, минерологиялық, химиялық талдауларға, штуфтар сынамаларын іріктеу; үлгілерді және сынамаларды заттаңбала жабыстыру және қораптау; радиометриялық зерттеулер (оларды жүргізген жағдайда); құжаттаманың сынамалары мен барлық өзге бөлшектері және үлгілерді іріктеу бекеттерін көрсете отырып, тау-кен өндірісінің жаймасын суреттеу. Үлгілерді және

сынамаларды тау-кен өндірісінен шығару. Тау-кен өндірісінің орналасқан орнын топо негізде (аэрофотосуретте) бояп салып бекіту. Қабаттар (қаттар) қалыңдығын және жатқан жеріндегі бөлшектерін қайта есептеу. Үлгілер мен сынамаларды қарау және қысқарту. Суреттеген кезде үлгілер мен сынамаларды іріктеу бекеттерін және дала кітапшаларындағы жазбаларын (күнделігінде) түзету. Тиісті журналдарда үлгілерді және сынамаларды тіркеу.

750. Егер тау-кен өндірісін байланыстыру көзбен өлшенген (визуалды), үлгілер мен сынамаларды іріктеу – балға мен кескіш көмегімен, үлгілер мен сынамаларды белгілеу, оларды тіркеу – жапсырма бланктары мен журналдарында жүзеге асырылған жағдайда тау-кен өндірісінің құжаттамасы 1,5 м аралық бойынша жүргізіледі.

751. Жұмыс өндірістік топпен орындалады, топ екі орындаушыдан құралады: II санаттағы геолог және 3 разрядты геологиялық барлау жұмыстарын орындаушы жұмысшыдан, соңғысы радиомтериялық зерттеулер жүргізген жағдайларда 3 разрядты радиометрист кәсібін қатар алып жүреді. Тиісті дайындау-қорытынды операцияларда және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларда үлестік қатысу түрінде геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд бастығы қатыстырылады.

752. Тау-кен өндірісін геологиялық құжаттауға уақыт мөлшерлемелері 117 – 119 кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 -қосымшаға сәйкес)) келтірілген.

753. Тау-кен өндірісінің геологиялық құжаттамаларын жүргізетін (117 т. қараңыз) өндірістік топтағы әрбір орындаушының еңбек шығындары (адам – ауысым-кезекте) саны жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшерлемелеріне тең (117 – 119- кестелер, уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 -қосымшаға сәйкес). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд бастығының еңбек шығындары 100 м құжаттама болғанда жағдайда 0,15 адам – ауысым-кезекке тең.

Параграф 2. Тау жыныстары кернінің геологиялық және инженерлі-геологиялық құжаттамасы (зерттелуі)

754. Тау жыныстары кернінің құжаттамасы бұрғылау ұңғымасы өткен жерде немесе керн қоймасында өткізіледі. (Керн қоймасында тау жыныстар кернінің құжаттамасы дайындық жұмыстарына жатады. Құжаттама кезінде үлгілер мен сынамаларды алу тек Әкімшілік рұқсатымен өткізіледі).

755. Жұмыс құрамы (құжаттама түріне және оны өткізу орнына тәуелсіз). Дайындау – қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар. Геологиялық аралықтарды (пачкаларды) алдын – ала бөлумен тау жыныстары кернін жалпы қарап – шығу. Құжаттаманың өзі: тау

жыныстарды қабатты зерттеу және сипаттау; үлгілерді және сынамаларды алу, заттаңбалау және қораптау; радиометриялық зерттеулер (оларды жүргізген жағдайда); үлгілер мен сынамалар алу бекеттерін көрсетумен кернді суреттеу. Қаттар (қабаттар) жатыстары мен қабаттары элементтерін қайта санау. Үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту. Суреттеуде үлгілер мен сынамаларды алу бекеттерін және жазбаларын дала кітапшаларында (күнделігінде) түзетулер. Қажетті журналдарда үлгілерді және сынамаларды тіркеу.

756. Құжаттаманы жүргізу орнына немесе оның түріне тәуелді 181 т. көрсетілген жұмыс құрамына қосымша келесілер енгізіледі:

ұңғыманы бұрғылау орнында құжаттау жасағанда: географиялық, геоморфологиялық және биіктікті бұрғылау ұңғымасының аузын жалғау; үлгілерді (сынамаларды) парафиндеу; ұңғыма аузының орналасу орнында топонегізде (аэрофотосуретте) тушпен бекіту;

керн қоймасында құжаттау жасағанда: қажетті бұрғылау ұңғымасының тау жыныстарында керні бар жәшіктерді керн қоймасының жоспары бойынша іздеп табу; кернді зерттеу және оны сұрыптау жүргізілетін бөлмеге жәшіктерді тасу; жәшіктерді ашу және жабу; оларды керн қоймасына қайта тасымалдау және оларды сөрелерге қою.

инженерлі – геологиялық құжаттау жасағанда: даланың жылдамдатылған әдістерімен жартасты және жартылай жартасты тау жыныстарының қаттылығын және беріктігін анықтау; микропенетрация кедергісін, ылғалдылық және байланысқан және жартылай байланысқан тау жыныстарын анықтау.

757. Геологиялық құжаттама процесінде геологиялық үлгілер және шлифтар (аншлифтар) дайындау үшін, тау жыныстарының кесектері, микрофауна және микрофлораға үлгілер, түйіршік өлшеуіш, минерологиялық, химиялық талдауларға, штуфтар сынамалары алынады. Инженерлі – геологиялық құжаттама кезінде олардың әр петрографиялық алуан түрлілігінен жаппай мол талдауларға тау жыныстарының үлгілері (сынаманлар) алынады.

758. Тау жыныстары кернделрінің құжаттамасы келесі шарттарда өткізіледі: бұрғылау ұңғымасы аузын байлау – көзбен өлшеу; балға мен тістік көмегімен үлгілер мен сынамалар алу, тау жыныстары кернделрі бар жәшіктерді 30м қашықтыққа дейін ауыстыру; үлгілер мен сынамаларды белгілеу, оларды тіркеу – дайын заттаңба бланктарында және орнатылған үлгісі бар журналда тіркеу; Жартасты және жартылай жартасты тау жыныстарының қаттылығын және беріктігін анықтау – эталонды балға – беріктік өлшеуішпен анықтау, ал байланысқан және жартылай байланысқан тау жыныстарын – микропенетрометр көмегімен анықтау.

759. Тау жыныстары кернінің құжаттамалары бойынша жұмыстар өндірістік топпен орындалады, топ екі орындаушыдан тұрады: 2- санаттағы геологтан (гидрогеологтан) және 3- разрядты геологиялық барлау жұмыстарының жұмысшысынан, соңғысы радиомтериялық зерттеулер жүргізген жағдайларда, 3-разряд радиометрист кәсібін қатар алып жүреді.

760. Керн қоймасында тау жыныстары кернін құжаттағанда, жұмыста 1-разрядты көмекші жұмысшы үлеспен қатысады. Ол керні бар жәшіктерді орын ауыстыруға жалданады.

761. Барлық жағдайларда тиісті дайындық – қорытынды операцияларда, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты жұмыс операцияларда үлестік қатысу түрінде геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд басшылары көзделінеді.

762. Тау жыныстары кернінің құжаттамасына уақыт мөлшерлемелері 120, 121 - кестелерде (уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9 –қосымшаға сәйкес) келтірілген.

763. Тау жыныстары кернінің құжаттамасын жүргізетін өндірістік топтағы әр орындаушының еңбек шығындары (адам - кезеңде) (185 т. қараңыз), осы жұмысты орындаудаға қажетті уақыт мөлшерлемелеріне тең (120, 121- кестелер, уақыт және баға мөлшерлемелеріне 9-қосымшаға сәйкес). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд басшысының еңбек шығыны – 0,14 адам – кезең. Керн қоймасында тау жыныстары кернін құжаттағанда, 1 - разрядты көмекші шығыны -0,40 адам – кезеңді құрайды.

Параграф 3. Өндірістік топтың жаяу жүрістері және көшулері және дала жұмыстарын жүргізгенде транспортты көшіру

764. Дала жұмыстарын жүргізу процесінде "бос жүрістер" (қозғалыстар) деп аталатындарды орындауға тура келеді. Мысалы, жердегі бағдардың басына (профиліне) және ол аяқталғаннан кейін. Осындай жүрістердің созлымалығы көбіне зерттеу аумағының меңгерілгендігіне және жұмыстардың нақты түрлерінің өндірісін ұйымдастыруымен анықталады, сондықтан тұрақты шама ретінде осы жүрістерге уақыт шығындарын алдын – ала көздеу тәжірибе жүзінде мүмкіндік тудырмайды.

765. Аталғандарға сай және "бос жүрістер" технологиялық процеске жатпау себебінен, және де олар өндірісті ұйымдастырумен байланысты болғандықтан, пайдаланылатын көлік амалдарының жүріс түрлерінен, жергілікті жердің өту дәрежесінен, жолдар тобынан және өзге де мөлшерлеме түзететін факторларға тәуелді болуына байланысты, жеке өткізіледі.

766. Бөлім жаяу, "Казанка" түріндегі мотор қайығында немесе "УАЗ" түріндегі жеңіл автокөлікте, сонымен қатар шоғырлану орнына мотор кемесін

және автокөлігін айдауға анықталған құрамның өндірістік тобын қозғауға бірлік сметалық есептеулер есебі үшін мөлшерлеме материалдарын біріктіреді.

767. Жаяу жүргенде және көлік амалдары жүрістерінде өндірістік топтар құрамы өндірістік топтардың (бағдарлы немесе өзге) бірлік құрамымен және пайдаланылатын көлік амалдарының сыйымдылығымен анықталады, біріншілері дала жұмыстарын орындайды.

768. Өндірістік топтарды тасымалдау үшін, 188- тармақта көрсетілген көлік амалдарын пайдалану келесі жағдайларда рұқсат етілген: топта орындаушылардың аз сан мөлшері (жүргізушісіз) автокөлікпен тасымалданғанда төрт адам құраса және моторлы қайықта екі адам болған жағдайда қолданылады.

769. Жұмыс құрамы.

Дайындау – қорытынды операциялар. Жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар (көлік амалының). Тың жерлер бойынша бір адамғы жабдықтарды, құралдарды және салмағы жиырма килограмнан аспайтын салмақта өзге қажетті заттарды арқалаумен орындаушылардың жаяу жүрісінің өзі немесе тасымалданатын жолаушылар салмағын ескеріп, автокөлікпен немесе мотор қайығының жүк көтергіштігімен өлшенетін салмақпен қажетті жүкті су жолымен немесе көлік амалдарымен жолда тасымалдаумен орындаушылардың тасымалдануының өзі. Топографиялық карта немесе компас көмегімен жергілікті жерде бағдарға шалу. Көлік амалдарын айдағанда, жүктерді тасымалдау алдын ала көзделмейді.

770. Өндірістік топтардың өтулері мен тасымалына уақыт мөлшерлемелері 123-125- кестелерде, уақыт және баға мөлшерлемесіне 9-қосымшаға сәйкес келтірілген.

771. Жол топтарының сипаттамасы уақыт және баға мөлшерлемесіне 9-қосымшаға сай, 126- кестеде келтірілген.

772. Өндірістік топтағы жаяу жүруде немесе көлік амалдарында (193, 194 тт. қараңыз) тасымалдауды орындайтын әр орындаушының еңбек шығындары (адам - кезеңдерде), сан жағынан осы жұмыстарды орындаудағы уақыт мөлшерлемелеріне тең (123-125- кестелер). Геологиялық (гидрогеологиялық және т.б.) партия немесе отряд басшысының еңбек шығыны – 0,05 адам – кезеңде .

2-Бөлім. Жерді дистанциялық зондтау ғарыштық әдісін қолдана отырып зерттеу

773. Жұмыс учаскесінде "Казахстан Гарыш Сапары" АҚ спутнигінен қабылданған ғарыштық түсірулерді пайдалана отырып, зерттеу аумағының өңірлік карталарын және бөліктерін құрастыру, тематикалық картограф ETM+ " Landsat-7", MODIS радиометрімен, көп спектрлі ASTER радиометрі және де басқа сканерлік спектрорадиометрмен және әртүрлі көрінетін арналарда және

жылы диапазондарда белгіленген рұқсаты негізінде, жарылған және бүкпе құрылымдардың жоғары бетпен салыстырылуын анықтауда өңірлік және белгіленген кондициялық масштабта геологиялық модельді құрастыру.

Көріністі және жылы диапазондағы ғарыштық түсірілімдер негізінде бүгінгі заманғы геодинамика сызбасын құрастыру, 1:100000 масштабтан 1:5000 масштабқа дейінгі жерасты сулары, мұнай-кен және қатты пайдалы қазбалар үмітті объектілерінің сандық моделін құрастыру.

774. Үмітті объектілерді құрастыруда термо-флюид және геодинамикалық критериялар бойынша қолайлы объектілерді көрсете отырып, сеймологиялық, гравиметрлік, магнитометрлік және бұрғылау жұмыстарының деректерін ескеретін, көлденен кесінді және тік тіліктің толық геологиялық интерпретациясымен жер бетінен 6 ш және одан да жоғары тереңдіктегі суқанықтық көрсеткіші мен жылу шашу тығыздығы көлемдік сандық үлгісінің кешенді интерпретациясы.

Жылу тарату бағыты, жылу алмасу мүмкін механизмі(кондуктивті немесе конвективті)бойынша, құрылымды және гидрогеологиялық қабаттардың қатысымен, форма бойынша оның элементтері классификациясымен жылу шашу өрісінің құрылымын анықтау.

Жер бетімен жарылған және бүкпе құрылымдардың арасын анықтауда – көріністі және жылы диапазондағы ғарыштық түсіру дешифрированиясы негізінде және 1:100000 және 1:5000 масштабтағы рельефтің сандық моделі негізінде бүгінгі заманғы геодинамика сызбасын құрастыру.

Жылу тарату өрісінде дешифрлендіру жүргізу, жарылу бұзылуларында және жылу векторы (жылы және суық зонды) мен флюид ағысына (жоғары және төмен) қатысты үзілулер классификациясы бойынша жарық аймақтарында көлемді карталау жүргізу. Зон-изоляторларының шекарасын анықтау.

Эталонды өрістерге тән құрылымдық-тектоникалық ансамблдерді анықтау және перспективасы бар жаңа іздеу нысаны ретінде осындай құрылымды учаскелерді белгілеу.

3-Бөлім. Қажетті кешенді геологиялық ақпарат алу мақсатында және геологиялық картаны құрастыруда Аэро және (немесе) ғарыштық сейсмологиялық мониторинг

775. Аэрокосмостық сейсмологиялық жер қойнауы мониторингі - жер қойнауын қауіпсіз пайдалануда, Жердің нақты аэрокосмостық дистанциялық зондысын пайдалана отырып жер қойнауының жай-күйіне жүйелі бақылау жүргізуден, техногендік жер сілкінісінің алдын ала болжамына, жер қойнауын кешенді және тиімді пайдалануда есеп пен қадағалау мақсатында пайдалы қазбалардың қарқынды өндірісі кезіндегі территорияларда апаттарға, мемлекеттік жер қойнауы қорын тиімді пайдалануына, олардың өзгерісін

уақытында анықтауда, баға беруде, ескертуде және қолайсыз процесстерді қажеттілігінше жоюда қадағалау жүйесінен тұрады.

776. Аэрокосмостық сейсмологиялық жер қойнауы мониторингі - табиғи ресурстар және қоршаған ортаның жай –күйі мемлекеттік жүйесі мониторингісіні құрамы бөлімі болып табылады. Соның ішінде, жер қойнауы сапасының нормативін қадағалап отырғанда өндірістік мониторингісі (әсер ету мониторигісі).

Аэрокосмостық сейсмологиялық жер қойнауы мониторингі – табиғи және табиғи-техногендік жағдайларда, соның ішінде: тау-кен аумағында, мұнай-газ провинцияларында, жерасты сулары бассейндерінде, су кешендері мен көкжйектерінде, су қысымды қабаттарда, геологиялық процесстер өтіп жатырған геологиялық денелерде, геофизикалық, сейсмологиялық, гравитациялық және басқа да беттерде, жер қойнауын пайдаланушылардың учаскелерінде және жерасты суларын пайдалануда, жер қойнауының ластануында, кен өндірістерінде және су тоғандарында жүргізілінеді.

4-Бөлім. Гидрогеологиялық зерттеулерді (түсіру жұмыстары)және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жүргізуге арналған уақыт мөлшерлемелері

777. Осы мөлшерлемелер (бұдан әрі – уақыт мөлшерлемелері) Қазақстан Республикасында мемлекеттік геологиялық жер қойнауларын зерттеу саласында гидрогеологиялық зерттеу (түсіру жұмыстары) және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жұмыстарын орындайтын орындаушылардың еңбек шығындары мен уақыт мөлшерлерінен тұрады. Осы уақыт мөлшерлері мен еңбек шығындары бірлік және кешенді құндарды анықтауға арналған. Олар республикалық бюджеттің ақша амалдары есебінен орындалатын 1:200000 масштабындағы гидрогеологиялық таспаға түсіру және жер асты суларына мемлекеттік мониторинг жасау объектілерінде жұмыстардың сметалық құнын анықтау үшін пайдаланылады.

778. Мөлшерлегіш көрсеткіштерді жобалаған кезде келесі деректер және материалдар пайдаланылған:

